

Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуын метеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 320 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 14 мамырда № 18664 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 26) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуын метеорологиялық қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері бас қолбасшысының басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы басқару органдарының басшыларына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

2019 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

2019 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрінің

2019 жылғы 8 мамырдағы

№ 320 бұйрығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуын метеорологиялық қамтамасыз ету қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуын метеорологиялық қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының (бұдан әрі - ҚР мемлекеттік авиациясы) ұшуын метеорологиялық қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

Метеорологиялық қамтамасыз ету авиацияны тиімді қолдану және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін метеорологиялық жағдайларды анағұрлым толық пайдалануға бағытталған Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Авиация қызметінің ұшуын жауынгерлік қамтамасыз ету түрлерінің бірі болып табылады. Оны метеорологиялық бөлімше (бұдан әрі – метеобөлімше) жүзеге асырады.

Метеорологиялық жағдайлар әуе кемелерінің (бұдан әрі - ӘК) ұшып шығуына, қонуына және ұшуына, оларды жауынгерлік қолдануға, әуеайлақтардың жай-қүйіне, авиациялық техниканы, ұшуды қамтамасыз ету құралдарын пайдалануға және жеке құрамның жұмысына елеулі әсер етеді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 26.08.2020 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Негізгі ұғымдар:

1) абсолюттік биіктік - теңіздің орташа деңгейінен нүктеге қабылданған нүкте немесе объект деңгейіне дейінгі тігінен арақашықтық;

2) авиациялық бөлім (әскери бөлім, құрылымдық бөлімше) – Қазақстан Республикасының жойғыш, бомбалаушы, шабуылдаушы, көлік, армиялық және

оқу-жаттығу мемлекеттік авиациясы ӘК ұшуын жүргізуді, оларды пайдалануды, жөндеуді және сақтауды жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік мекеме, авиациялық комендатуралар, авиациялық мұлік қоймалары, пилотсыз әуе кемесін (бұдан әрі – ПӘК) пайдаланатын бөлімшелер, сондай-ақ авиациялық персоналды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу орталықтары, ПӘК жауынгерлік даярлау және жауынгерлік қолдану оқу-жаттығу орталықтары кіретін Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҚМ), Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Авиация қызметінің құрылымдық бөлімшелері;

3) авиациялық бөлімнің басшы ұшқыш құрамы - авиациялық эскадрилья командирінен және одан жоғары (жеке авиациялық эскадрильяда буын (жасақ) командирінен және одан жоғары) лауазымды атқаратын ұшқыш құрамы;

4) авиациялық метеорологиялық станция - халықаралық аэронавигацияда пайдалануға жататын бақылауларды жүргізу және метеорологиялық мәліметтерді жасау үшін арналған станция;

5) авиациялық техника - авиациялық техникалық құралдар кешені (ӘК, олардың борттық жабдығы мен агрегаттары, қозғалтқыштары, мемлекеттік авиация ӘК авиациялық қару-жарағы, авиациялық құтқару құралдары, кешенді тренажерлар (ұшу симуляторлары), жиынтықтаушы бүйімдар, техникалық әуе қозғалысын басқару құралдары, қону және байланыс навигациясы, сондай-ақ ұшуды орындау, әуе қозғалысын басқаруды ұйымдастыру және ұшуды жерүсті қамтамасыз ету үшін арналған жалпы және арнайы қолданылатын жерүсті қамтамасыз ету құралдары;

6) алапат дауыл - жойқын қүші бар және ұзақ соғатын жел (желдің жылдамдығы секундына 31 - 50 метрге дейін (бұдан әрі - м/с);

7) арнайы тапсырма - мемлекеттік авиация басқару органдарының басшылары бекітетін Жауынгерлік, ұшу, оқу-жаттығу ұшу, арнайы даярлық курсарында (бұдан әрі - курстар) көзделмеген тапсырмаларды орындауға ұшу;

8) аяу райының жедел болжамдары - жауынгерлік кезекшілікті жүзеге асырмайтын әуеайлақтарда сағат 6-ға дейінгі кезеңге әзірленетін аяу райы болжамдары;

9) аяу райының ерекше қауіпті құбылыстары (бұдан әрі - АЕҚҚ) - өзінің қарқындылығы, туындау уақыты, ұзақтығы және таралу аумағы бойынша авиациялық техникаға, әуеайлақ құрылыштарына және жеке құрамға айтарлықтай залал келтіруі мүмкін немесе келтірген құбылыстар саналады;

10) аяу райы минимумы - ең үлкені бойынша әуеайлақ минимумына, ӘК минимумына, ӘК командирінің минимумына сүйене отырып, ұшу және қону үшін минимумның ең төменгі шекті мәні;

11) аяу райының қауіпті құбылыстары (бұдан әрі - АҚҚ) - ұшу қауіпсіздігіне немесе әуеайлақта авиациялық техникины сақтауға қауіп төндіретін аяу райы құбылыстары немесе метеорологиялық шама мәні;

12) аэронавигациялық ақпарат жинағы - аэронавигация үшін маңызды мәні бар ұзак мерзімді аэронавигациялық ақпаратты қамтитын мемлекет шығарған немесе рұқсат берген жарияланым;

13) аэростат - көтеру күші аэростатикалық немесе бір уақытта аэростатикалық және аэродинамикалық қағидаттарға негізделген ұшатын аппарат (аэростаттар ұшатын, автоматты, байланатын және бос болып бөлінеді);

14) аэроторап - ортақ шекаралары бар және олармен ұшуды орындауды ұйымдастыру келісуді және үйлестіруді талап ететін жақын орналасқан әуеайлақтар (тікұшақ айлақтары) аудандарының бірлестігі;

15) аэроторап ауданы - олардан ұшуды ұйымдастыру және орындау үшін арнайы келісу және үйлестіру қажет болатын екі және одан да көп жақын орналасқан әуеайлақтары бар белгіленген көлемдегі әуе кеңістігінің бөлігі;

16) алып тасталды – ҚР Қорғаныс министрінің 26.08.2020 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
бұйрығымен.

17) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) ауданы - әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) және оған іргелес жергілікті жердің үстіндегі көлденең және тік жазықтықтар шекараларында белгіленген әуе кеңістігі;

18) әуеайлақтың бақылау нұктесі (бұдан әрі - ӘБН) - әуеайлақтың географиялық орналасқан жерін айқындайтын нұкте;

19) ӘК бортынан жеткізілім - орналасқан жері, ұшуды орындау барысы және (немесе) метеорологиялық жағдайлар туралы деректерді хабарлауға қатысты талаптарға сәйкес жасалған ұшудағы ӘК бортынан жеткізілім;

20) әуе кемесі - жер (су) бетінен шағылысқан ауамен өзара әрекеттесуді қоспағанда, оның ауамен өзара әрекеттесуі есебінен атмосферада ұсталатын аппарат;

21) әуеайлақтық климатологиялық кесте - әуеайлақта бір немесе бірнеше метеорологиялық элементті бақылау нәтижелері туралы статистикалық деректерді қамтитын кесте;

22) әуеайлақтық климатологиялық мәлімет - статистикалық деректерге негізделген әуеайлақтағы белгілі метеорологиялық элементтерді бақылау нәтижелерінің қысқаша мазмұны;

23) ӘК командирі - экипажда үлкені болып табылатын және ӘК-нің ұшуды орындауы мен қауіпсіздігі үшін жауап беретін пилот (ұшқыш);

24) әуе қозғалысын басқару орталықтары – "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заны (бұдан әрі – Заң) 15-бабының 29) тармақшасына сәйкес мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган бекітетін Әуе қозғалысын басқару жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлау және үйлестіру, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің сақталуын

бақылау, олар үшін белгіленген жауапкершілік аудандары шегінде ұшу қауіпсіздігін және әуе қозғалысының реттілігін қамтамасыз ету үшін арналған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің (бұдан әрі – ҚР ҚҚ) жедел әуе қозғалысын басқару органдары;

25) әуеайлақтық метеорологиялық орган - ӘК ұшудың метеорологиялық қамтамасыз ету үшін арналған әуеайлақта орналасқан қызмет;

26) әуе трассасы - бақыланатын дәліз түріндегі әуе кеңістігі (немесе оның бір бөлігі);

27) әуеайлақтан тыс ұшу - ұшып көтерілу әуеайлағына қонумен басқаруды басқа ұшуды басқару органына бере отырып, әуеайлақ (аэроторап) ауданы әуе кеңістігінің шекарасынан тыс орындалатын ұшу;

28) әуеайлақ шегі - қону алаңының ең жоғары нүктесінің шегі;

29) бағдарламалық-аппараттық кешендер - метеорологиялық ақпаратты жинау, беру және өндөу үшін арналған жүйелер;

30) белгіленген әуеайлақ - ӘК қонуы ұшу жоспарында немесе ұшуга арналған тапсырмада көзделген әуеайлақ (белгіленген әуеайлақтар аралық және соңғы қону әуеайлақтарына бөлінеді);

31) биіктік картасы - белгілі бір биіктік бетіне немесе атмосфералық қабатқа арналған метеорологиялық карта;

32) болжам (ая райы) - әуе кеңістігінің белгілі бір аймағында немесе бөлігінде белгілі бір сэтте немесе уақыт кезеңінде күтілетін метеорологиялық жағдайлар сипаттамасы;

33) болжамдық карта - әуе кеңістігінің белгілі бір бетіне немесе бөлігіне белгілі бір сэтке немесе уақыт кезеңіне айқындалған белгілі бір метеорологиялық элементтің болжам картасындағы графикалық сурет;

34) бұлттардың төменгі шегінің биіктігі (бұдан әрі - БТШБ) - жер (су) беті мен бұлттардың ең төменгі қабатының төменгі шегінің арасындағы тігінен арақашықтық;

35) бірлесіп орналастыру әуеайлақтары - мемлекеттік, азаматтық және эксперименттік авиацияға жататын ӘК орналасқан азаматтық және мемлекеттік авиация әуеайлақтары;

36) гидрометеорологиялық зілзала құбылыстары - даму қарқындылығы, ұзақтығы, таралу аумағы бойынша немесе басталған сэтінде жеке құрамның өміріне қауіп төндіретін, жауынгерлік міндеттердің бұзылуына әкеп соғатын, сондай-ақ қару-жараққа, әскери техникаға және әскери инфракүрылым объектілеріне елеулі материалдық залал келтіруі мүмкін құбылыстар;

37) дауылды ескеरту - авиация үшін қауіпті аяа райы құбылыстарының басталу (сақталу, күшею) болжамы;

38) дауылды хабарлау - әуеайлақтағы (әуеайлақ ауданындағы), бақылау пунктіндегі (көріну алаңындағы) авиация үшін қауіпті аяа райы құбылыстары туралы хабарлама;

39) жабдықталмаған ұшып қону жалағы (бұдан әрі - ҰҚЖ) - қонуға көзбен шолып беттеуді орындағайтын ӘК үшін арналған;

40) жазық жер - 25 километр (бұдан әрі - км) радиуста жер бедері салыстырмалы түрде 200 метрге (бұдан әрі - м) дейін биік болатын жергілікті жер;

41) жауынгерлік әуе кемесі - жауынгерлік міндепті орындауға арналған ӘК;

42) жауын-шашын - атмосферада судың сұйық немесе қатты күйде болуына байланысты, бұлтардан түсетін немесе аудан жер бетіне тұнатын атмосфералық құбылыс (жаңбыр, қар, сіркіреме, бұршақ);

43) Жердің жасанды метеорологиялық спутнигі (бұдан әрі - ЖЖМС) - метеорологиялық бақылау жүргізетін және осы бақылаулардың нәтижелерін Жерге беретін спутник;

44) жерге қону аймағы - жерге қонатын ұшақтардың ұшып көтерілу-қону жолағына алғашқы жанасу үшін арналған оның табалдырығынан тыс ұшып көтерілу-қону жолағының участкесі;

45) жылжымалы метеорологиялық станция (бұдан әрі - ЖМС) - метеорологиялық (гидрометеорологиялық) өлшеулерді, атмосферадағы желді зондтауды орындау, нақты ауа райы, метеорологиялық және гидрологиялық болжамдар, ауа райы құбылыстарының болжамдары және далалық жағдайларда әскерлердің жедел-тактикалық іс-қимылдарын гидрометеорологиялық қамтамасыз ету мүддесінде жекелеген параметрлер туралы ақпаратты қабылдау, беру, өндеу, көрсету және жеткізу үшін арналған станция;

46) инженерлік-техникалық құрам - арнайы даярлығы бар және авиациялық техникаға қызмет көрсетуге, пайдалануға, сақтауға және жөндеуге байланысты лауазымдарды атқаратын авиация персоналы;

47) инцидент - пайдалану қауіпсіздігіне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін ӘК пайдалануға байланысты авиациялық оқиғадан басқа кез келген оқиға;

48) кезекші метеомаман – арнайы дайындығы бар және әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз етумен, метеорологиялық бөлімшениң техникалық құралдарын пайдаланумен, қызмет көрсетумен және регламенттік жұмыстарды жүргізумен байланысты лауазымды атқаратын және метеобөлімшеде кезекшілікті жүзеге асыратын лауазымды адам, ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету маманы (авиациялық персонал);

49) кенеттен соғатын жел - жел бағытының өзгерістерімен болатын шектелген аумақта қысқа уақыт ішінде жел жылдамдығының күрт күшеюі (30 м/с дейін);

50) климат - оның географиялық орналасуына байланысты осы жергілікті жерге тән атмосфералық жағдайлардың статистикалық режимі;

51) климаттық сипаттама (анықтама) - климаттың жергілікті ерекшеліктерін зерттеуге арналған ақпарат;

52) консультация - метеомаманмен немесе басқа да маманмен ұшуды орындауға байланысты нақты және (немесе) күтілетін метеорологиялық жағдайларды талқылау (талқылау сұрақтарға жауаптарды қамтиды);

53) көріну (көріну қашықтығы) - объектілер көрінетін және танылатын ең үлкен қашықтық;

54) көлденең көріну - объектілер күндіз және жерге көлденең бағыттағы жарық бағдарлары түнде көрінетін және танылатын ең үлкен қашықтық;

55) көзбен шолып ұшу қағидалары - ұшқыштың әуе жағдайын көзбен шолып бақылауы арқылы әуедегі ӘК және басқа да материалдық объектілер арасындағы белгіленген аралықтар сақталатын қағидалар;

56) күрделі метеорологиялық жағдайлар (бұдан әрі - КМЖ) - ұшу аспаптар бойынша (жер немесе табиғи көкжиек көрінбеген кезде) немесе ҚР мемлекеттік авиациясының ұшуды жүргізу қағидаларында айқындалған жағдайларда бұлттардың астында көзбен шолып толық немесе ішінара орындалатын жағдайлар;

57) қара құйын - шамамен тік айналу осі бар наизағай бұлттының астындағы қуатты құйын (желдің жылдамдығы 51 - 100 м/с жетеді);

58) қарапайым метеорологиялық жағдайлар (бұдан әрі - ҚМЖ) - барлық ұшу көзбен шолып орындалуы мүмкін жағдайлар;

59) қауіпсіз биіктік - ӘК-ге жер (су) бетімен немесе ондағы кедергілермен соқтығысдан кепілдік беретін ұшудың ең аз шекті биіктігі;

60) қону - жер, су немесе өзге де үстіңгі қабатпен жанасу сәтіне және тоқтағанға (тігінен қону кезінде жерге қонғаннан кейін қозғалтқыш тоқтағанға) дейін теңелудің басталу (тігінен қону кезінде тежелудің басталу) биіктігінен ӘК-нің баяу қозғалысы;

61) қонуга арналған әуеайлақ минимумы - осы әуеайлақта осы санаттағы ӘК-ге қонуды орындауға рұқсат етілетін ҮҚЖ-дағы көрінудің және бұлттардың төменгі шегі биіктігінің немесе шешім қабылдау биіктігінің ең төменгі шекті мәні;

62) қонуга арналған ӘК минимумы - осы типтегі ӘК-ге қонуды қауіпсіз орындауға мүмкіндік беретін ҮҚЖ-дағы көрінудің және бұлттардың төменгі шегі биіктігінің немесе шешім қабылдау биіктігінің ең төменгі шекті мәні;

63) қонуга арналған ӘК командирінің минимумы - ӘК командиріне осы типтегі ӘК-де қонуды орындауға рұқсат етілетін қонудың көрінүінің және бұлттардың төменгі шегі биіктігінің немесе шешім қабылдау биіктігінің ең төменгі шекті мәні;

64) қосалқы әуеайлақ - егер белгіленген қону әуеайлағына дейін ұшу немесе оған қонуды жүргізу мүмкін болмаған немесе мақсатқа сәйкес болмаған жағдайда ӘК ұшып бара алатын әуеайлақ.

Ұшып көтерілу кезіндегі қосалқы әуеайлақ - егер ұшып көтерілгеннен кейін көп ұзамай бұған қажеттілік туындаста және ұшып шығу әуеайлағын пайдалану мүмкін болмаса, ӘК қона алатын әуеайлақ.

Маршруттағы қосалқы әуеайлақ - егер маршрут бойынша ұшу кезінде қосалқы әуеайлаққа кету қажет болған жағдайда ӘК қона алатын әуеайлақ.

Белгіленген пункттің қосалқы әуеайлағы - егер белгіленген қону әуеайлағына қонуды жүргізу мүмкін болмаған немесе мақсатқа сәйкес болмаған жағдайда ӘК қонуын жүргізе алатын әуеайлақ;

65) қысқа мерзімді ауа райы болжамдары - қолданылу мерзімі олардың қолданылуы басталған сәттен бастап 36 сағатқа дейін болатын ауа райы болжамдары;

66) мемлекеттік авиацияның метеобөлімшесі - тиісті метеорологиялық жағдайдың параметрлерін метеорологиялық бақылау, жинау, өндеу, талдау және қамтамасыз етілетіндерге, басқару органдарына, әскерлерге және жоғары тұрған гидрометеорологиялық қамтамасыз ету бөлімшелеріне жеткізу саласындағы жұмыстар кешенін тікелей орындайтын метеобөлімше (бөлімше, топ, қызмет, орталық);

67) метеорологиялық ақпарат - метеобөлімшеден, ӘК екипаждарынан және әуе қозғалысына қызмет көрсету (ұшуды басқару) органдарынан келіп түсетін нақты және болжамды ауа райы туралы мәліметтер, хабарламалар;

68) метеорологиялық бақылаулар - метеорологиялық және климаттық сипаттамаларды (параметрлерді) бағалау және болжау мақсатында табиғи ортаның жекелеген компоненттерінің жай-күйін аспаптық өлшеу және көзбен шолып бақылау;

69) метеорологиялық бақылауларды жүргізу үшін арналған жабдық (бұдан әрі - метеорологиялық жабдық) - метеорологиялық шамаларды (параметрлерді) алу, жеткізу және тіркеу үшін арналған өлшеу құралдары, техникалық құралдар мен кешендер;

70) метеорологиялық бюллетень - тиісті тақырыпта метеорологиялық ақпаратты қамтитын мәтін;

71) метеорологиялық жабдық - бұл ӘК ұшып шығу және қону қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті метеорологиялық шамаларды өлшеу үшін арналған техникалық құралдар;

72) метеорологиялық жабдықпен жабдықтау нормалары (жабдықтау нормалары) - бейбіт немесе соғыс уақытында басқару органдары мен әскерлерге беруге белгіленген гидрометеорологиялық жабдықтың саны мен номенклатуrasesы;

73) метеорологиялық жағдай - әуе кеңістігінде және жер бетінде мемлекеттік авиацияны қолдануға әсер ететін белгілі бір уақыт кезеңіндегі атмосфераның жай-күйі туралы метеорологиялық деректер (метеорологиялық элементтер, сипаттамалар мен құбылыстар) жиынтығы;

74) метеобөлімшениң кезекші инженер-синоптигі – тиісті білімі бар, ортақ және арнайы пайдаланудағы жерүсті қамтамасыз ету құралдарын (метеорологиялық бөлімшениң техникалық құралдарын) қолдана отырып, метеорологиялық тұрғыдан ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, бөлім командирінің бүйрүғымен тиісті метеорологиялық жағдайларда ұшуды метеорологиялық қамтамасыз етуге жіберілген маман;

75) метеорологиялық көріну - техникалық құралдардың көмегімен немесе көріну бағдарлары бойынша қөзben шолу арқылы метеобөлімшесі анықтайтын көлденең көріну;

76) метеорологиялық қамтамасыз ету - метеорологиялық бақылауларды үйымдастыруға, қоршаган табиғи ортаның жай-күйі туралы ақпаратты жинауға, өндөуге, талдауға және мемлекеттік авиацияның басқару органдарына, құрамаларына, әскери бөлімдеріне (оку бөлімдері мен мекемелеріне, әскери оку орындары мен резервтегі бөлімдеріне) жеткізуге бағытталған іс-шаралар кешені;

77) метеорологиялық мәлімет - белгілі бір уақытқа және жерге қатысты метеорологиялық жағдайларға бақылау нәтижелері туралы хабарлама;

78) мұздану - ЭК әртүрлі бөліктерінде мұздың қатуы (әлсіз - қанаттың алдыңғы жиегіне минутына 0,5 миллиметрғе (бұдан әрі - мм/мин) дейін мұздың қатуы кезінде орташа - 0,5 мм/мин дейін, күшті - 1 мм/мин астам;

79) найзағай - бұлттардың ішінде немесе бұлттар мен жер беті арасында электр разрядтары пайда болатын атмосфералық құбылыс - күннің күркіреуімен болатын жай түсу;

80) нақты аяу райы - уақыттың дәл осы сәтінде метеорологиялық элементтер мен құбылыстар мәнінің жиынтығы;

81) нұсқаулық - нақты және/немесе күтілетін метеорологиялық жағдайлар бойынша ауызша консультация;

82) октант - аспан күмбезінің сегізінші бөлігі;

83) орография - жер бедерінің әртүрлі элементтерінің (жоталар, биіктіктер, қазан шұңқырлар және тағы сол сияқтылар) сипаттамасы және шығу тегіне қарамастан, оларды сыртқы белгілері бойынша жіктеу;

84) салыстырмалы биіктік - көрсетілген бастапқы деңгейден нұкте үшін қабылданған нұктеге немесе объектіге дейінгі тігінен арақашықтық;

85) стандартты изobarалық үстіңгі бет - атмосфералық жағдайларды графикалық көрсету және талдау үшін дүниежүзілік ауқымда пайдаланылатын изobarлық үстіңгі бет;

86) старттық уақыт - ЭК экипажына ұшуды орындауға рұқсат етілетін уақыт кезеңі;

87) таудағы әуеайлақ - әуеайлақтың бақылау нұктесінен 25 км радиуста жер бедері ойлы-қырлы және 500 м және одан артық салыстырмалы түрдегі биіктіктері бар жергілікті жерде орналасқан әуеайлақ, сондай-ақ теңіз деңгейінен 1000 м және одан астам биіктікте орналасқан әуеайлак;

88) таулы жер - 25 км радиуста жер бедері ойлы-қырлы және 500 м және одан артық салыстырмалы түрдегі биіктіктері бар жергілікті жер, сондай-ақ теңіз деңгейінен 2000 м және одан астам асатын жергілікті жер; әуеайлақтағы қысым - ҰҚЖ-ның жұмыс шегі деңгейіндегі атмосфералық қысым;

89) тропикалық циклон - жер бетіндегі желдің айқын көрінген конвективті және дамыған циклондық айналымы бар тропикалық немесе субтропикалық аймақ

мұхитында пайда болатын синоптикалық ауқымдағы фронтальды емес циклонды белгілеуге арналған жалпы термин;

90) тігінен көріну - жер бетінен объектілер тігінен төмен көрінетін деңгейге дейінгі ең үлкен қашықтық;

91) турбуленттік - аяа бөлшектері құрделі траекториялар бойынша белгіленбекен ретсіз қозғалыс жасайтын аяа қозғалысы. Атмосферада турбуленттік қозғалыс, әдетте, жалпы (орта) аяа ағынында әртүрлі жылдамдықпен қозғалатын әртүрлі ауқымдағы құйынның болуымен сипатталады. Аяа қозғалысының құйынды сипаты турбулентті аймақта жел жылдамдығының құбылмалы түрдеу ауытқуының, оның ішінде ӘК ұшуына айтарлықтай әсер ететін желдің тігінен ауытқуының болуын негіздейді;

92) ұзақ мерзімді аяа райы болжамдары - қолданылу мерзімі оларды қолдану басталған сәттен бастап 36 сағаттан астамды құрайтын аяа райы болжамдары;

93) ҰҚЖ - ӘК қонуы және ұшып көтерілуі үшін дайындалған құрлықтағы әуеайлақтың белгілі бір тікбұрышты участекі;

94) ұшқыш құрамы - дәрігерлік-ұшу комиссияның қорытындысы бойынша ұшу жұмысына жарамды және ӘК экипажының құрамында ұшуда міндеттерді орындайтын ұшқыштар, штурмандар, әскери ұшқыштар оқу орындарының курсанттары (тындаушылары) және тиісті әскери-есептік мамандықтары бар басқа да лауазымды адамдар;

95) ұшу аланы - бір немесе бірнеше ұшу жолақтары, басқару жолдары, перрондар және арнайы мақсаттағы аландар орналасқан әуеайлақтың бөлігі;

96) ұшу ауысымы - ұшу орындалатын ұшудың жоспарлы кестесінде айқындалған уақыт кезеңі;

97) ұшу ауысымының жетекшісі - ұшуды ұйымдастыру, жүргізу және бақылау үшін ұшу ауысымына тағайындалатын авиациялық бөлімнің басшы ұшқыш құрамы қатарынан лауазымды адам;

98) ұшу ауысымының ұзақтығы - бірінші ұшу басталған сәттен бастап және ұшудың жоспарлы кестесіне сәйкес соңғы ӘК қонуды аяқтаған сәтке дейін есептелетін уақыт;

99) ұшуға басшылық жасау - ӘК экипаждарының ұшу тапсырмаларын толық, уақтылы және орындау қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ұшуға тартылатын ұшуға басшылық жасау тобының және басқару пункттері есептоптарының іс-қимылдары;

100) ұшуды басқару тобы (бұдан әрі - ҰБТ) - авиациялық бөлім командирі (мемлекеттік авиацияны басқару органының, Әскери-әуе күштері қолбасшысы басқармасының басшысы) өзінің жауапкершілігі аймақтарында ұшуға басшылық жасау (басқару, бақылау) үшін ұшуды жүргізу кезеңіне, авиациялық бөлімнің (мемлекеттік авиацияны басқару органының, Әскери-әуе күштері қолбасшысы басқармасының) лауазымды адамдарынан тағайындастырын адамдар тобы;

101) ұшудың жоспарлы кестесі - командирдің ұшуды жүргізуге арналған шешімі және оларға қатысатын әкипаждарға тапсырмалар графикалық және мәтіндік түрде жазылған (көрсетілген) белгіленген үлгідегі құжат;

102) ұшу-қону жолағындағы көріну (бұдан әрі - ҰҚЖ) - ҰҚЖ-ның осытік сыйығында орналасқан ӘК пилоты оның төсемінің таңбалануын немесе жарық бағдарларын көре алатын шектегі ең үлкен қашықтық. ҰҚЖ-дағы көріну үшін тұнде жарық бағдарларының көрінуі қабылданады;

103) ұшып келу - басқа әуеайлақта (алаңда) қонумен орындалатын ұшу;

104) ұшудағы көріну - ұшудағы ӘК кабинасынан көріну;

105) ұшып көтерілу - ӘК қозғалған сәттен бастап (тігінен ұшып көтерілу кезінде жер бетінен бөлінген сәттен бастап) жер (су) бетінен немесе жасанды төсемнен бөлінгенге және 10 м биіктік (тігінен ұшып көтерілу кезінде жер беті экранының әсер ету биіктігін) алғанға дейінгі ұшақтың үдемелі қозғалысы;

106) ұшып көтерілу үшін арналған әуеайлақ минимумы - ҰҚЖ-да көрінудің және қажет болған жағдайда осы әуеайлақта осы санаттағы ӘК-де ұшып көтерілуді орындауға рұқсат етілетін бұлттардың төменгі шегі биіктігінің ең төменгі шекті мәні;

107) ұшып көтерілу үшін ӘК минимумы - осы типтегі ӘК-де ұшуды қауіпсіз жүргізуге мүмкіндік беретін ҰҚЖ-дағы көрінудің және бұлттардың төменгі шегі биіктігінің ең төменгі шекті мәні;

108) ұшудың метеорологиялық жағдайлары - ұшу тапсырмасын орындауға әсер ететін ұшу ауданында немесе маршрутында бақыланатын метеорологиялық шамалар мен құбылыстардың жиынтығы. Күрделілік дәрежесіне байланысты метеорологиялық жағдайлар қарапайым және күрделі болып бөлінеді;

109) ұшу үшін маңызды болатын бұлт - кез келген биіктікте түйдекті-жаңбырлы бұлттың немесе мұнара тәрізді түйдек бұлттың көп болуына байланысты төменгі шегі 1500 м (5000 фут) биіктікten төмен немесе сектордағы ең үлкен ең төменгі биіктікten төмен бұлт;

110) ұшып шығу үшін ӘК командирінің минимумы - ҰҚЖ-дағы көрінудің және қажет болған кезде ӘК командиріне осы типтегі ӘК-де ұшып шығуды орындауға рұқсат етілетін бұлттардың төменгі шегі биіктігінің ең төменгі шекті мәні;

111) ұшу эшелоны - қысымының белгіленген 1013,2 гектопаскаль (бұдан әрі - гПа) шамасына жатқызылған және басқа да осындай беттерден белгіленген қысым интервалдарының шамасына алыс тұрған тұрақты атмосфералық қысымның беткі жағы

Стандартты атмосфераға сәйкес градуирленген барометрлік биіктік өлшегіш:

QNH орнату кезінде абсолютті биіктікті көрсетеді;

QFE-ге орнату кезінде QFE тірек нүктесінен салыстырмалы биіктікті көрсететін болады;

1013,2 гПа қысымына орнату кезінде ұшу эшелондарын көрсету үшін пайдаланылады.

"Салыстырмалы биіктік" және "абсолюттік биіктік" терминдері геометриялық салыстырмалы және абсолюттік биіктіктерді емес, аспаптық дегенді білдіреді;

112) шайқалу - атмосфераның турбуленттілігі жағдайларында ұшу кезінде туындаитын ӘК-нің ретсіз қозғалуы:

қалыпты шайқалу - ӘК жағдайының және (немесе) абсолюттік биіктігінің қалыпты, бірақ бұрынғыдан сенімді басқаруды қамтамасыз ететін өзгеруі, мұндағы ӘК ауырлық күші ортасында, ал ұшып көтерілу және қону кезінде бірқалыпты шайқалу $\pm 0,3/0,4g$ болған кезде акселерометр көрсеткіші $0,5/1,0g$;

қатты шайқалу - ӘК жағдайының және (немесе) абсолюттік биіктігінің күрт өзгеруі, мұнда қысқа кезең ішінде ӘК ая ажылдамдығының сипатты өзгеруімен, ӘК ауырлық күші ортасында, ал ұшып көтерілу және қону кезінде артық жүктеменің $\pm 0,4g$ астам артуымен акселерометр көрсеткіші $1.0 g$ асатын акселерометр көрсеткіштерімен басқаруға бағынбайды;

113) шамамен алынған болжай - бастапқы метеорологиялық ақпарат болмаған кезде аэросиноптикалық материалдар бойынша жасалған болжам;

114) шешім қабылдау биіктігі - қонуға дәл беттеу үшін белгіленген биіктік, онда, егер осы биіктікке жеткенге дейін ӘК командирі қонуға беттеуді жалғастыру үшін бағдарлармен қажетті көзбен шолу байланысын белгілемесе немесе кеңістіктері ӘК жағдайы немесе оның қозғалыс параметрлері қону қауіпсіздігін қамтамасыз етпесе, екінші айналымға кету маневрі басталуға тиіс;

115) AIRMET ақпараты - төмен биіктіктерде ұшу қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін және тиісті ұшу ақпараты ауданында төмен биіктіктерде ұшу үшін жасалған болжамға енгізілмеген ұшу маршруты бойынша белгілі бір ая райы құбылыстарының нақты немесе күтілетін туындауы туралы метеорологиялық қадағалау органы шығаратын ақпарат;

116) ATIS радиохабар тарату (ATIS қысқартылған ағылшын тіліндегі аббревиатура) - әуеайлақ ауданында ӘК әкипаждарын қажетті метеорологиялық және ұшу ақпаратымен жедел қамтамасыз ету үшін арналған тұрақты радиохабар тарату;

117) OPMET ақпараты - ӘК ұшын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын бақылаулар мен болжамдар деректері;

118) QFE әуеайлағындағы қысым - ҰҚЖ шегі деңгейіндегі сынап бағаны миллиметріндегі (бұдан әрі - сын.бағаны мм) немесе гПа атмосфералық қысым;

119) QNH қысымы - стандартты атмосфера үшін орташа теңіз деңгейіне келтірілген гПа-дағы атмосфералық қысым;

120) SIGMET метеорологиялық ақпараты - метеорологиялық қадағалау органы шығаратын ӘК ұшу қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін ұшу маршруты бойынша ая

райының белгілі бір құбылыстарының және атмосферадағы басқа да құбылыстардың нақты немесе қүтілетін туындауы туралы ақпарат;

121) VOLMET (D-VOLMET) деректерді беру желісі. Әуеайлақ бойынша ағымдағы тұрақты метеорологиялық мәліметтерді (METAR) және әуеайлақ бойынша арнайы метеорологиялық мәліметтерді (SPECI), әуеайлақ бойынша болжамдарды (TAF), SIGMET ақпаратын, борттан арнайы жеткізілімдерді және ол бар болған кезде деректерді беру желісі бойынша AIRMET хабарламаларын ұсыну;

122) VOLMET метеорологиялық ақпараты - ұшудағы ӘК үшін;

123) VOLMET радиохабар тарату. Тиісті жағдайларда үздіксіз және қайталанатын сейлейтін радиохабарлар арқылы METAR, SPECI ағымдағы мәліметтерін, TAF болжамдарын және SIGMET ақпаратын ұсыну.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 26.08.2020 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

3. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету тәртібі:

1) ҚР мемлекеттік авиациясының ұшуды метеорологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды;

2) Метеобөлімшелерде метеорологиялық ақпаратты және құжаттаманы жүргізу тәртібін ұйымдастыруды;

3) Метеорологиялық бақылауларды және мәліметтерді жүргізууді;

4) әуе кемесінің бортынан бақылауды және жеткізілімдерді жүргізууді және беруді;

5) авиациялық ауа райы болжамдарын жүргізууді;

6) дауылды ескертулерді және ауа райының қауіпті, аса қауіпті құбылыстары туралы хабарлауды жүргізууді;

7) метеорологиялық бөлімшеінің техникалық қуралдарын пайдалану тәртібін;

8) авиациялық климатологиялық сипаттаманы жасауды және ұсынуды қамтиды.

2-тарау. Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуды метеорологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру

1-параграф. Метеорологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру тәртібі

4. Мемлекеттік авиацияны метеорологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды ҚР мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органы жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері Әскери-әуе күштері командалық пунктінің метеорологиялық қызметі (бұдан әрі – КП метеоқызметі) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері Әскери-әуе

күштері (бұдан әрі – ҚР ҚК ӘҚК ӘӘК) командалық пунктінің бастығына бағынады және мемлекеттік авиация ӘК ұшуын ұйымдастыруды және бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. КП метеоқызметі мемлекеттік авиация органдары, ӘҚБ орталықтары, метеобөлімшелер және ұшуды жүзеге асырумен немесе қамтамасыз етумен байланысты басқа да органдардың басшылары үшін ұшуды қауіпсіз, тұрақты және тиімді орындауға жәрдемдесу үшін қажетті метеорологиялық ақпаратты ұсынады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Метеобөлімше мемлекеттік авиацияның ұшуын метеорологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыру үшін арналған ҚР ҚК бірлестіктері, құрамалары мен әскери бөлімдері құрамына кіретін өзара іс-қимылдағы штаттық метеобөлімшелердің жиынтығынан тұрады.

8. КП метеоқызметте және әскери бөлімдердің метеобөлімшелерінде метеорологиялық ақпараттарды жинау және беру үшін штаттық техникалық құралдармен қатар ҚР ҚК байланыс әскерлерінің сымды және радиоарналарын қолданады. Бұл ретте байланыс арналары туралы деректерді жасыру қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Накты әуеайлақта мемлекеттік авиацияның ұшуын метеорологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын метеобөлімше бөлімнің штаб бастығы (осы бағытқа жетекшілік ететін адам) бекітken кезекші есептоптың әуеайлақта ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі үлгі нұсқаулығына сәйкес әзірленген лауазымдық нұсқаулықтарды басшылықта алады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 26.08.2020 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Әуеайлақта мемлекеттік авиацияның ұшуын метеорологиялық қамтамасыз етуді бөлімнің штаб бастығы (осы бағытқа жетекшілік ететін адам) ұйымдастырады. Метеобөлімшенің жұмысын әскери бөлімдер шешетін міндеттерді ескере отырып, тиісті метеобөлімшелердің бастықтары жүзеге асырады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 26.08.2020 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. ҚР мемлекеттік авиациясының ұшу қауіпсіздігін метеорологиялық қамтамасыз етуді ұшуды дайындаудың және жүргізудің барлық кезеңдерінде штаттық метеобөлімшелер жүзеге асырады.

Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету:

1) ауа райын көзбен шолып бақылауды және метеорологиялық элементтердің мәнін техникалық қурандардың көмегімен өлшеуді жүргізу;

2) белгіленген көлемде аэросиноптикалық ақпаратты жинауды, беруді, өндөуді, картографиялауды және талдауды;

3) ауа райының авиациялық болжамын, авиациялық-климаттық анықтамаларды және орналасу мен ұшу аудандарының сипаттамасын әзірлеуді;

4) дауылды хабарлауды жүзеге асыруды және ұйымдастыруды және АҚҚ туралы ескертуді;

5) қолбасшылықты, штабты, ұшуға басшылық жасау тобын, командалық пункт есептөттарын (бұдан әрі - КП), ӘҚБ орталықтарын және ұшқыш құрамын жоспарлау, ұшуда шешім қабылдау және оларды жүргізу үшін қажетті метеорологиялық ақпараттың барлық түрімен қамтамасыз етуді;

6) радиолокациялық ауа райын барлауды (бұдан әрі - РАБ), әуеде ауа райын барлауды, (бұдан әрі - ӘАБ) және ауа райын толық барлауды (бұдан әрі - АТБ) ұйымдастыру, ұшуды табысты орындау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін метеорологиялық жағдайды пайдалануды және есепке алу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуді;

7) КП есептобын және ӘҚБ орталықтарын радиозонттардың, аэростаттардың орын ауыстыруының болжамды уақыты және траекториясы туралы деректермен қамтамасыз етуді;

8) радиациялық және химиялық жағдайды бағалау үшін деректерді дайындауды;

9) ұшқыш құрамымен және ұшуға басшылық жасау тобының адамдарымен авиациялық метеорология бойынша сабактар өткізу; қамтиды.

12. Ұшуды қамтамасыз ету кезінде метеобөлімше ұсынатын барлық қажетті метеорологиялық ақпарат ұшу уақыты мен биіктігіне, маршруттың географиялық ұзындығына қатысты ұшу талаптарына сәйкес келеді, белгілі бір сәтке немесе уақыт кезеңіне жатады және әуеайлақта және белгіленген қону әуеайлағына дейін ұшуды қамтамасыз ету үшін жеткілікті болып табылады. Онда белгіленген қону әуеайлағы мен қосалқы әуеайлақ арасындағы маршрут участесіндегі күтілетін метеорологиялық жағдайлар туралы деректер бар.

13. Ұшуды қамтамасыз ету үшін ұсынылатын метеорологиялық ақпарат соңғы деректерден тұрады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) ауа райы болжамы;
- 2) нақты ауа райы;
- 3) метеорологиялық құбылыстар;
- 4) қосалқы әуеайлақтардағы метеорологиялық жағдайлар;
- 5) биіктікегі жел және температура;
- 6) ұшы эшелондарының геопотенциалды абсолюттік биіктігі;
- 7) ұшы эшелоны бірліктеріндегі тропопауза биіктігі және тропопауза температурасы

;

8) ең жоғары желдің бағыты мен жылдамдығы және оның ұшы эшелоны бірліктеріндегі биіктігі;

9) түйдек-жаңбырлы бұлттар, мұздану және турбуленттік.

Бірлесіп орналастыру әуеайлақтарында:

ӘК ұшып шығуы және қонуы кезінде бірлесіп орналастыру әуеайлақтары үшін METAR TAF хабарламалары;

ұшы үшін болжамдар;

барлық маршрутқа қатысты тропикалық циклондар туралы консультациялық метеорологиялық ақпарат;

төмен биіктіктерде ұшы үшін болжамдар, төменгі шегінің биіктігі кемінде 300 м ауқымды кеңістікегі тұтас бұлттану;

ұшып шығу әуеайлағы бойынша ескертулер (жергілікті әуеайлақ үшін);

АӘБ және АТБ жеткізілімдері;

АРБ ақпараты метеорологиялық радиолокатордың деректері (бұдан әрі - МРЛ);

МЖЖС алынған суреттер.

14. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз етуді ұсынуды ұйымдастыратын КП метеоқызметі басқа мемлекеттердің өкілетті метеорологиялық органдарымен олардан қажетті метеорологиялық ақпаратты және (немесе) ауа райы болжамын алуға бағытталған шараларды үйлестіреді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Ұшып шығатын ӘК экипаждарын метеорологиялық қамтамасыз ету кезінде күтілетін метеорологиялық жағдай болжамы авиация жұмысының тәуліктік жоспарлары негізінде, ал қосымша өтінімдер бойынша жоспарда көрсетілмеген жекелеген ұшып шығу уақытына дейін кешіктірмей 1 сағат бұрын баяндалады.

Өтінім мынадай мәліметтерді:

- 1) жоспарланған ұшы уақытын;
- 2) белгіленген әуеайлаққа келудің жоспарланған уақытын;

- 3) ұшу марруты мен аралық әуеайлаққа келудің жоспарланған уақытын және одан ұшып шығу уақытын;
- 4) қосалқы әуеайлақтарды;
- 5) ұшу эшелоны мен биіктігін;
- 6) ұшу типін (аспаптар бойынша ұшу қағидалары бойынша, көзбен шолып ұшу қағидалары бойынша) қамтиды.

2-параграф. Метеорологиялық бөлімшелермен ұшын қамтамасыз ету тәртібі

16. Мемлекеттік авиацияны метеорологиялық қамтамасыз етуге тікелей қатысатын метеобөлімшелерге:

- 1) КП метеоқызыметі;
- 2) метеорологиялық бөлім;
- 3) метеорологиялық қызымет;
- 4) метеорологиялық бөлімше;
- 5) метеорологиялық топ жатады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. КП метеоқызыметі мынадай функцияларды орындайды:

- 1) жедел-болжамдық, әдістемелік және ақпараттық жұмысты және ҚР және басқа да мемлекеттер мемлекеттік авиациясының метеобөлімшелерімен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;
- 2) штабтар қолбасшылығын, КП және ӘҚБ орталықтары есептоптарын орналасу және ұшу аудандары бойынша метеорологиялық ақпараттың барлық түрімен қамтамасыз ету;
- 3) метеорологиялық жағдайды талдауда, бағалауда және болжауда әскери бөлімдердің метеобөлімшелеріне көмек көрсету.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Ұшуды дайындау мен жүргізудің барлық кезеңінде КП метеоқызыметі:

- 1) басқа метеорологиялық органдардан алынатын әуеайлақтар мен ұшу маршруттары (аудандары) бойынша ауа райы мәліметтерін, болжамды және ескертулерді ұсынады;
- 2) ҚР КК ӘҚК әуеайлақтарында ауа райы болжамын және дауылды ескертуді әзірлейді;
- 3) мемлекеттік авиацияның ұшу жоспарларын зерделейді;
- 4) әскери бөлімдердің метеобөлімшелеріне аэросиноптикалық консультацияларды, ауа райы болжамын, дауыл туралы хабардар етуді және ескертуді, нақты ауа райы

туралы деректі, АӘБ және АРБ нәтижесін және ұшуды және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті басқа да мәліметтерді ұсынады;

5) жоспарлы ұшу тапсырмаларын (оның ішінде АӘБ) орындау үшін көзделген әуеайлақтардағы ауа райының нақты және күтілетін жай-күйінің шарттарға және ұшқыш құрамының даярлық деңгейіне сәйкестігін бақылайды;

6) АӘБ маршрутын тандауды жүзеге асырады;

7) әуеайлақтарда, оның ішінде радиолокациялық станция (бұдан әрі – РЛС) көмегімен уақтылы және сапалы метеорологиялық бақылауды жүзеге асырады;

8) КП метеоқызметінен алғынған ауа райы болжамын, дауыл туралы хабардар етуді және ескертуді әуеайлақтардағы қолбасшылыққа және ұшу жетекшісіне (бұдан әрі – ҰЖ) уақтылы баяндауды бақылайды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Метеобөлімше:

1) метеорологиялық және аэрологиялық мәліметтер, ауа райы карталарын;

2) әуеайлақтардағы нақты және күтілетін метеорологиялық жағдай туралы мәліметтерді;

3) АҚҚ туралы хабарламалар мен ескертулерді;

4) спутниктік метеорологиялық ақпаратты;

5) АӘБ және АРБ деректерін қабылдауды жүзеге асырады.

20. Метеобөлімше ол үшін белгіленген жұмыс көлеміне сәйкес:

1) синоптикалық карталарды;

2) аэрологиялық карталарды;

3) ауа райының айналмалы карталарын;

4) ауа райының микроайналмалы карталарын (әуеайлақтардың нақты ауа райы карталарын);

5) болжамды карталарды;

6) аэрологиялық диаграммаларды;

7) ұшу маршруты мен аудандары бойынша ауа райының вертикалды айырмашылықтарын;

8) АӘБ және АРБ деректерін;

9) ЖЖМС суреттерін;

10) орташа жел туралы деректерді;

11) орташа желдің есептік карталарын;

12) АҚҚ туралы есептеу карталарын;

13) ток желілерін карталарын (максималды жел картасын) жасайды (қабылдайды), ондейді және талдайды.

21. КП метеоқызметі орналасу және ұшу аудандарының авиациялық-климаттық ерекшелігін зерттеу және жинақтау бойынша жұмыс жүргізеді. Метеобөлімшелерде авиациялық-климаттық сипаттамалар әуеайлақ ауданы үшін әзірленеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Метеорологиялық бөлімшелер мамандарының орналасу және ұшу аудандарының физикалық-географиялық ерекшеліктерін, жылдың әртүрлі маусымындағы және әртүрлі синоптикалық жағдайдағы ұшу-метеорологиялық жағдайларын зерделеу мақсатында орналасу ауданы метеобөлімшесінің мамандары айналып ұшуды кезең-кезімен ұйымдастырады.

23. Метеобөлімшелер жергілікті жер ерекшеліктерін ескере отырып, тексеру, нақтылау және тәжірибеге ауа райын болжаудың, ұшуды метеорологиялық қамтамасыз етудің жаңа әдістерін (тәсілдерін) енгізу жөніндегі жұмысты жүзеге асырады.

24. Әскери бөлімнің метеорологиялық қызметі әуеайлақ ауданында ұшуды жүргізуге байланысты мынадай функцияларды орындауды:

- 1) ӘК ұшын метеорологиялық қамтамасыз ету сапасы;
- 2) метеорологиялық элементтерді және ауа райы құбылысын бақылау сапасы және осы мәліметтерді диспетчерлік пункттерге, ҰЖТ адамдарына, КП метеоқызметіне уақтылы беру;
- 3) ӘК әкипаждарына берілетін метеорологиялық құжаттама мен ақпаратты ресімдеудің дұрыстығы;
- 4) жедел және есепке алу құжаттамасын нақты жүргізу;
- 5) байланыс тораптарына метеорологиялық жеделхаттарды ресімдеу дұрыстығы және уақтылы беру;
- 6) метеорологиялық аспаптардың, қондырғылардың ақаусыз техникалық жай-күйі;
- 7) жергілікті метеорологиялық жағдайлардың болжамдарын жасайды және алады;
- 8) олар үшін болжамдар құрайтын әуеайлақтар ауданындағы метеорологиялық жағдайларға түрақты бақылау жүргізеді;
- 9) ұшқыш құрамына консультациялар жүргізеді және оларға ұшуды жүргізу кезінде ұшу құжаттамасын ұсынады;
- 10) қосымша және басқа метеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз етеді;
- 11) қолда бар метеорологиялық ақпаратты көрсетеді;
- 12) басқа метеорологиялық қызметтермен және бөлімшелермен метеорологиялық ақпаратпен алмасады;
- 13) ауа райының болжамдарын және әуеайлақ, ұшу маршруттары мен аудандары бойынша және оның жауапкершілік аймағына кіретін әуеайлақтар бойынша ескертулерді жасайды;
- 14) ұшуды орындауға әсер ететін метеорологиялық жағдайларды бақылайды;

15) акталмаған болжамдар бойынша талдау жүргізеді;

16) метеорологиялық аспаптар мен жабдықтарды пайдалануды жүзеге асырады.

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

25. Метеобөлімшелер:

1) метеорологиялық, аэрологиялық бақылаулар нәтижелерін;

2) АӘБ және АРБ деректерін;

3) метеорологиялық жағдай болжамдарын, аэросиноптикалық кеңестерді;

4) дауылды құлақтандыруды және ескертуді;

5) алып тасталды – КР Қорғаныс министрінің 26.08.2020 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Метеобөлімше өз функцияларын орындау кезінде барлық қажетті метеорологиялық ақпаратты, биіктіктең желдің, ауа температурасы мен ылғалдығының болжамын, ең қатты желдің бағытын, жылдамдығы мен биіктігін, тропопаузаның биіктігі мен температурасын, сондай-ақ КП метеоқызыметінен алынатын АҚҚ болжамын, сондай-ақ жергілікті интернет желісінен метеорологиялық ақпараттың баламалы көзін пайдаланады.

Олардың негізінде ӘК-нің ұшып шығуына, ұшуына және қонуына шешімдер қабылданатын метеорологиялық қызмет, бөлімше ұсынған деректер әуеайлақтағы нақты және болжамды ауа райы туралы ресми деректер болып табылады.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Қорғаныс министрінің 26.08.2020 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

26. Мемлекеттік авиацияның метеобөлімшелері:

1) қолбасшылықты, ҰЖ-ны, КП және ӘҚБ орталықтары есептоптарын, әскери бөлімдердің ұшқыш құрамын ұшуды жоспарлау, ұйымдастыру, орындау және оларға басшылық жасау үшін, сондай-ақ жедел және жауынгерлік даярлық жоспарлары бойынша іс-шараларды өткізу үшін қажетті метеорологиялық ақпараттың барлық түрлерімен;

2) метеобөлімшенің жұмысын ұйымдастырумен және ӘК ұшу қауіпсіздігі мүддесінде метеорологиялық қамтамасыз етуді тікелей жүзеге асыруды;

3) метеорологиялық жағдайды болжаудың анағұрлым сенімді және жетілдірілген әдістерін, метеорологиялық қамтамасыз етудің нысандары мен тәсілдерін әзірлеуді және метеобөлімшенің жұмыс тәжірибесіне енгізуіді;

4) метеорологиялық ақпаратты жинау, талдау, тарату және көрсету жүйесін жетілдіруді;

- 5) әскерлерді АҚҚ туындау уақыты мен қарқындылық дәрежесі туралы уақтылы ескертуді;
- 6) метеорологиялық қызметтің техникалық құралдарын пайдалануды бақылауды, оларды ақаусыз жай-күйде ұстауды;
- 7) МҚТҚ жаңа түрлерін әзірлеуге және жасауға қатысады, сондай-ақ оларды метеорологиялық бөлімшелердің жұмыс тәжірибесіне енгізуді;
- 8) әуеайлақ ауданы бойынша авиациялық климаттық ақпаратты жинауды және әуеайлақтың климаттық кестелері мен климаттық сипаттамаларын жасауды;
- 9) орналасу және ұшу аудандарының авиациялық-климаттық, жергілікті ерекшеліктерін және олардың міндеттерді орындауға әсерін зерделеуді және қорытуды;
- 10) әскери бөлімдердің қолбасшылығымен және ұшқыш құрамымен, сондай-ақ КП және ӘҚБ орталықтарының есептоптарымен авиациялық метеорология бойынша сабактар өткізуді;
- 11) көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңге дайындық кезінде бекітілген жоспарларға сәйкес сабактар мен техникалық оқуды;
- 12) барлық дәрежедегі метеорологиялық мамандарды даярлау деңгейін ұдайы жетілдіруді және арттыруды;
- 13) жеке құрамның жоғары кәсіби моральдық-психологиялық қасиеттерін және ұшу қауіпсіздігін метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды нақты орындау үшін жеке жауапкершілік сезімін тәрбиелеуді;
- 14) метеорологиялық бөлімшелер жеке құрамының бойында арнайы және техникалық даярлықтың жоғары деңгейін, сондай-ақ ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындауға ұдайы әзірлікте ұстауды;
- 15) метеорологиялық жағдайды талдауда, болжауда және орналасу және ұшу аудандарының авиациялық-климаттық ерекшеліктерін терең зерделеуде озық ғылыми жетістіктерді қолдануды;
- 16) қарулануда тұрған авиациялық техниканың, ПӘК тактикалық-техникалық деректерді және әскери бөлімдердің жедел (жауынгерлік) және ұшу даярлығының міндеттерін білуді;
- 17) ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету нысандары мен тәсілдерін ұдайы жетілдіруді;
- 18) метеобөлімше жұмысында техникалық құралдарды тиімді пайдалануды;
- 19) метеобөлімше жұмысында практикасына озық тәжірибелі зерделеуді, қорытуды және енгізуді;
- 20) метеобөлімше жеке құрамының арнайы білімі мен дағдыларын жүйелі түрде жетілдіруді;
- 21) мемлекеттік авиацияның метеобөлімшелерімен және азаматтық авиацияның метеорологиялық органымен КП кезекші есептоптарымен, ӘҚБ орталықтарымен ұдайы өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Қорғаныс министрінің 26.08.2020 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

27. Ұшуды қамтамасыз етуге жауапты метеорологиялық мамандар (бұдан әрі - метеомамандар) үш жылда бір реттен сиретпей мамандандырылған курсарда біліктілігін арттырудан өтуге тиіс. Бірлесіп орналастыру әуеайлақтарында метеомамандар азаматтық авиация метеорологиялық органдының келісімі бойынша жылына бір реттен сиретпей аэросиноптикалық материалды өндөу және талдау бойынша практикалық тағылымдамадан өтеді.

28. Метеобөлімше белгіленген жұмыстар қөлемін орындаиды. Метеобөлімшени арнайы даярлау жөніндегі жұмыс қөлемін жыл сайын оның санын, орындалатын міндеттердің сипатын, орналасу ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік авиацияның басқару органы метеобөлімшесінің бастығы айқындаиды және оны мемлекеттік авиацияның басқару органы штабының бастығы бекітеді.

29. Қарауында мемлекеттік авиация бөлімшелері бар мемлекеттік авиация басқару органдарының метеобөлімшелері бастықтары осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жауынгерлік кезекшілікті, ұшуды метеорологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

30. Мемлекеттік авиацияның екі және одан да көп әскери бөлімдері бір әуеайлақта бірлесіп орналасқан кезде олардың метеобөлімшелері әуеайлақтың аға авиациялық бастығының бүйрығын шығара отырып, бір метеобөлімшеге жедел бірігеді. Командирі әуеайлақтың аға авиациялық бастығы болып табылатын бөлімнің метеобөлімше бастығы біріктірілген метеобөлімшениң бастығы болып тағайындалады.

Метеорологиялық ақпаратты жинау, талдау және онымен алмасу әскери бөлімдердің ұшудың қамтамасыз ету үшін қажетті қөлемде орындалуға тиіс. Біріктірілген метеобөлімшениң кезекші инженер-синоптигі қолбасшылыққа және әскери бөлімдерді қамтамасыз ететін ұшқыш құрамына аяқ райының нақты және күтілетін жай-күйі туралы баяндайды.

Командалық-диспетчерлік пунктте (бұдан әрі - КДП) ұшуды тікелей метеорологиялық қамтамасыз ету үшін ұшуды жүргізетін әскери бөлімнен инженер-синоптик (метеобөлімше бастығы) бөлінеді.

Жауынгерлік кезекшілік атқаратын ұшқыш құрамына метеорологиялық жағдайды баяндауды жауынгерлік кезекшілік атқаратын бөлімнің метеорологиялық бөлімшесінің кезекші инженер-синоптигі жүзеге асырады.

31. Бір әуеайлақта (бір әуежайда) орналасқан кезде мемлекеттік авиацияның және республикалық мемлекеттік кәсіпорынның (бұдан әрі - "Қазаэронавигация" РМК) метеобөлімшесі бірыңғай метеорологиялық, аэрологиялық және радиолокациялық бақылауларды жүргізу, нақты аяқ райы, АӘБ және АРБ туралы деректерді жинау және өзара алмасу, дауылды хабарлау және ескерту, аэросиноптикалық материалдар және

атмосфералық процестердің даму сипаты және ауа райы болжамдары туралы кеңестер, техникалық құралдарды пайдалану және жөндеу, метеорологиялық ақпарат алу үшін байланыс құралдарын бірлесіп пайдалану мәселелері бойынша жедел өзара іс-қимыл ұйымдастырылады.

ӘК ұшудың тікелей метеорологиялық қамтамасыз етуді олардың ведомстволық тиесілігі бойынша метеобөлімше арқылы жүзеге асырады.

Көрсетілген ведомстволардың метеобөлімшесін бір-біріне тікелей жақын орналастыру керек. Өзге жағдайларда олардың арасында тікелей сөйлеу арналары орнатылуға тиіс.

32. Мемлекеттік авиация басқару органы метеоқызмет метеомамандары, бастықтары кезекшілікті атқару, нарядтар және метеорологиялық қамтамасыз етуге байланысты емес жұмыстарды орындау үшін жол берілмейді.

3-параграф. Метеомамандарды ұшуды қамтамасыз етуге жіберу тәртібі

33. Метеомамандарды ұшуды метеорологиялық қамтамасыз етуге жіберу олар арнайы даярлық курсында айқындалған метеорологиялық тұрғыдан ұшу қауіпсіздігін регламенттейтін құжаттардың талаптарын білу бойынша сынақтар тапсырғаннан кейін олар осы қамтамасыз етуді жүзеге асыра алғын метеорологиялық жағдайларды көрсете отырып, әскери бөлім командирінің бұйрығымен ресімделеді.

34. Метеомамандар жаңа қызмет орнына келгеннен кейін метеобөлімшениң бастығы ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету және олардың қауіпсіздігі бойынша қызметтік міндеттерді сапалы орындау үшін қажетті дағдыларды толық көлемде білуі және практикалық менгеруді жоспарлайды және ұйымдастырады.

35. Метеомамандарды қатарға қосу жоспарында жоспардың әрбір тармағын зерделеу және практикалық тұрғыдан менгеру үшін қажетті мәселелерді және орындау үшін бөлінген уақытты көрсету қажет. Қатарға қосу кезеңінің жалпы ұзақтығы бір айдан үш айға дейін.

36. Келген метеомамандарға әскери бөлімнің қарулануында тұрған ӘК мен жауынгерлік техниканың негізгі сипаттамаларын зерделеу ұйымдастырылады:

- 1) бұлттардың төменгі шегі биіктігінің және көріну қашықтығының ең аз мәні, ұшып көтерілу мен қонуға рұқсат етілетін желдің ілеспе, бүйірдегі және қарсы құрамдастарының ең жоғары мәні;
- 2) ұшудың крейсерлік және ең жоғары жылдамдығы;
- 3) ең жоғары қашықтық, радиусы және ұшу ұзақтығы;
- 4) биіктік алу және азайту кезінде практикалық төбенің тік жылдамдығы;
- 5) мұз қатуға қарсы құрылғылар, атмосфералық электрден құрылғылар;
- 6) ӘК ауа райы минумдары;

7) әрбір нақты жаттығуды орындау мүмкін болмағанда қандай метеорологиялық жағдайлар немесе жекелеген метеорологиялық параметрлер жаттығуды орындауды

қынданатады және метеорологиялық жағдайларға байланысты жауынгерлік қолдану тиімділігі қалай өзгереді.

37. Метеомаманды қатарға қосудың құрамдас бөліктерінің бірі:
- 1) орналасу және ұшу ауданының ерекшеліктерін зерделеу;
 - 2) ауданның физикалық-географиялық ерекшеліктері (жер бедері, топырақ гидрографиясы, өсімдік жамылғысы);
 - 3) жергілікті жағдайлардың ауа райының, әсіресе АҚҚ қалыптасуына әсері;
 - 4) осы ауданда метеорологиялық құбылыстардың анағұрлым шынайылышын беретін авиацияға арналған АҚҚ болжамдарының әдістерін зерделеу;
 - 5) ауданының метеорологиялық жерусті бақылау деректерімен жабдықталуы;
 - 6) радиолокациялық деректері бар температуралық-желді зондтауды зерделеу.

38. Барлық дайындық кешені орындалғаннан кейін метеобөлімше бастығы қатарға қосылатын метеомаманға метеорологиялық түрғыдан ұшу қауіпсіздігін регламенттейтін басшылық құжаттардың талаптарын білу бойынша сынақ қабылдайды. Олар алған практикалық дағыларды бағалайды және қызметтік міндеттерді орындауға, метеорологиялық жағдайларда метеомаманды ұшуды дербес метеорологиялық қамтамасыз етуге жіберу керек дайындығын айқындайды. Сынақ бойынша қорытындыларды метеобөлімше бастығы ұшуды метеорологиялық қамтамасыз етуге метеомаманды жіберу бүйріғын ресімдеу үшін бөлім командиріне баяндайды.

4-параграф. Маршруттық ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету ерекшеліктері

39. Барлық кезеңде маршруттық ұшуды метеорологиялық қамтамасыз етуді авиацияның ұшу жұмыс жоспарларына сәйкес КП метеоқызметі және әскери бөлімдердің метеобөлімшелері жүзеге асырады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

40. Үлкен биіктіктерде және стратосфераада ұшуды қамтамасыз ету кезінде метеомамандар:

ағыс ағынының биіктігі мен бағытын, оның осі аймағында желдің жылдамдығын; тропопаузаның биіктігін және оның төменгі шекарасындағы температураны; ауа температурасының стандартты мәндерден (10 С және одан жоғары) он ауытқуын;

ӘК шайқалуын тудыратын атмосфераның турбуленттілігі күтілетін аймақтарды (қабаттарды) талдайды және айқындайды.

41. КП метеоқызметі мамандары маршруттық ұшуды қамтамасыз ету кезінде осы Қағидаларда көзделген жұмыстан басқа:

- 1) маршруттық ұшу жоспарларын, ӘК қайту шептерін және қосалқы әуеайлақтарға ӘК-ні қондыруға шешім қабылдау шептерін зерделейді;

2) ұшу маршруттары, ұшып шығу, қону әуеайлақтары және қосалқы әуеайлақтар бойынша қажетті метеорологиялық ақпаратты жинауды және талдауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік авиация басқару органының қолбасшылығына, КП және ӘҚБ орталықтарының лауазымды адамдарына объективті баяндама жасаумен ұшу маршруттары мен қону әуеайлақтары бойынша аяу райы болжамын әзірлейді және жұмыс журналына баяндау үақытын жазады;

4) мемлекеттік авиация басқару органының қолбасшылығына АӘБ және АРБ жургізу туралы ұсыныстарды баяндайды;

5) метеобөлімшелерге (ұшып шығу әуеайлақтарына) нақты метеорологиялық жағдай туралы деректерді, ұшу маршруттары бойынша аяу райы болжамын береді, оларға метеорологиялық ақпаратты жинауда көмек көрсетеді;

6) ұшуды қамтамасыз етуге қатысатын метеобөлімшелермен метеорологиялық ақпаратпен өзара алмасуды үйымдастырады және жүзеге асырады;

7) КП және ӘҚБ орталықтарының есептөптарын олардың жауапкершілік аймақтары арқылы ұшып өтетін ӘК экипаждарына беру үшін маршруттағы және қосалқы әуеайлактардағы аяқ райы туралы деректермен қамтамасыз етеді;

8) нақты (күтілетін) аялайтынды осы ұшуды орындау үшін белгіленген метеорологиялық жағдайға сәйкестігін бақылайды.

Ескеरту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

42. Нақты немесе күтілетін ауа райы маршрут бойынша осы ұшуды орындау үшін белгіленген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда, метеорологиялық орталықтың аға офицері (аудиомастер - аға инженер-синоптик) КП және ӘҚБ орталықтарының лауазымды адамдарына ұшу уақытының өзгеруі туралы, ал әуедегі ӘК ұшін ұшу маршрутының өзгеруі, ұшып шығу әуеайлағына оралу немесе қосалқы әуеайлаққа қону туралы ұсынады.

43. Осы Қағидаларда көзделген жұмыстардан басқа, маршруттық ұшудың қамтамасыз ету кезінде метеобөлімшениң мамандары:

1) маршруттың үшү жоспарларын және оларды орындау үшін қажетті метеорологиялық жағдайларды, ӘК қайту шептерін және қосалқы әуеайлақтарға ӘК қонуына шешім қабылдау шептерін зерделейді;

2) ұшу маршруты бойынша қажетті қосымша метеорологиялық ақпаратты жинауды жүзеге асырады;

3) қону әуеайлақтары мен қосалқы әуеайлақтар бойынша сағат сайын нақты ауа райы мен ауа райы болжамын сұратады. Нақты ауа райы ұшып шығудан 2 сағат бұрын басталатын және қонудың есептік мерзімінен кейін 1 сағаттан кейін аяқталатын кезеңге, қосалқы әуеайлақтар бойынша ауа райы болжамы - ұшудың барлық кезеңіне, ал қону

әуеайлақтары бойынша ұзактығы 2 сағат (қонудың есептік уақытына дейін 1 сағат және одан кейін 1 сағат) кезеңге сұралады;

4) метеорологиялық жағдайды талдайды, ұшу маршруттары бойынша ауа райы болжамын әзірлейді және оларды КП метеоқызыметімен келіседі;

5) ұшу маршруттары бойынша, қосалқы әуеайлақтарда және қону әуеайлақтарында метеорологиялық жағдайды әскери бөлім командиріне және ұшуға қатысатын ұшқыш құрамына баяндайды;

6) ауа райы бюллетендерін жасайды және ӘК жеке экипаждары топтарының үлкендері мен командирлеріне ұшуға дейін кемінде 1 сағат ерте және кемінде 30 минут бұрын тапсырады.

Ескерту. 43-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Ұшу кезеңінде ауа райының жай-күйін және оның маршруттардағы өзгеруін талдайды. Метеорологиялық жағдайдың барлық нақты немесе күтілетін өзгерістері туралы бөлім қолбасшылығына және КП метеоқызыметіне баяндайды.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. КП метеоқызыметімен келісілген ұшып шығу әуеайлағының кезекші инженер-синоптигі (кіші метеомаманы) әзірлеген маршруттық ұшуға ауа райы болжамы АВ – 12 нысанындағы ауа райы бюллетеніне жазылады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Күрделі метеорологиялық жағдайларда ұшу кезінде, ауа райының белгіленген минимумында маршруттар бойынша және қону пункттерінде ауа райының болжамдарын оларды кейіннен әскери бөлімдердің метеобөлімшелеріне жеткізумен метеорологиялық орталықтың аға офицері (аудысым бастығы - аға инженер-синоптик) әзірлейді.,

47. Метеобөлімше жоқ пунктке ұшып шығу кезінде және қабылданған шараларға қарамастан қону әуеайлағының (пунктінің) ауа райы болжамы алынбаған жағдайда, осы әуеайлақ (пункт) үшін ауа райы болжамын шеткі ұшып шығу әуеайлағы метеобөлімшесінің кезекші инженер-синоптигі әзірлейді және метеорологиялық орталықтың аға офицерімен (аудысым бастығы - аға инженер-синоптик) келісіледі.

5-параграф. Оқу-жаттықтыру ұшуын метеорологиялық қамтамасыз ету тәртібі

48. Оқу-жаттықтыру ұшуын метеорологиялық қамтамасыз етуді әскери бөлім штабының бастығы (осы бағытқа жетекшілік ететін адам) ұйымдастырады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 26.08.2020 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Бөлім штабының бастығы (осы бағытқа жетекшілік ететін адам):
- 1) метеобөлімшеге ұдайы басшылық жасауды жүзеге асырады;
 - 2) метеобөлімшеге ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету бойынша міндеттерді қояды, олардың орындалуын бақылайды және оның жұмысын бағалайды;
 - 3) метеобөлімшени олардың тәулік бойы жұмыс істеуін ұйымдастыру үшін үй-жайлармен қамтамасыз етеді;
 - 4) метеорологиялық қызметтің техникалық құралдарын орналастыру және орнату үшін орындар бөледі;
 - 5) метеорологиялық ақпаратты жедел жинау және тарату үшін байланыс арналары мен құралдарын анықтайды;
 - 6) метеорологиялық қашықтықтан өлшеу аспаптарын қосу үшін қажетті желілерді бөлуді жоспарлайды;
 - 7) метеобөлімшени техникалық құралдары мен байланыс құралдарының жұмысын негізгі және резервтегі электрмен қоректендірумен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
 - 8) қолда бар электрондық есептеу техникасы құралдарын және автоматтандырылған басқару жүйелерін метеорологиялық қамтамасыз ету үшін пайдалануды жоспарлайды;
 - 9) метеобөлімшени қайта орналастыру және далалық жағдайларда олардың жұмысын ұйымдастыру үшін көлік құралдарын бөледі;
 - 10) метеорологиялық және аэрологиялық бакылауларды жүргізуге арналған ЖМС, МРЛ, спутниктік ақпаратты автономды қабылдау пункттерін және басқа да техникалық құралдарды ұйымдастырады.

Ескерту. 49-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 26.08.2020 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Ұшуды ұйымдастыру және жүргізу кезінде басқару органдарының басшы үшқыш құрамы және мемлекеттік авиация әскери бөлімдерінің басшы үшқыш құрамы:
- 1) аэросиноптикалық материалдар мен АӘБ мен АРБ деректері бойынша метеорологиялық жағдайды талдайды және жан-жақты бағалайды;
 - 2) орналасу әуеайлақтарында және аэротораптың басқа әуеайлақтарында, қосалқы әуеайлақтарда, полигондарда және ұшу бағыттарында нақты және күтілетін ауа райын ескереді;
 - 3) АӘБ мен АРБ ұйымдастырады және жүргізеді;
 - 4) ауа райының өзгеруін және оның әкипаждардың даярлық деңгейіне және орындалатын ұшу тапсырмаларына сәйкестігін бақылайды;
 - 5) АО болдырмауға бағытталған іс-шараларды жоспарлайды және орындайды;

6) АҚҚ туындау қаупі кезінде ұшудағы ӘК метеорологиялық жағдайлары қолайлы қосалқы әуеайлақтарға жібереді.

51. Басқару органдарының байланыс және радиотехникалық қамтамасыз ету (бұдан әрі - РТК) бастықтары, әскери бөлімдердің байланыс және РТК бастықтары:

1) метеобөлімшелерді сымды байланыс желілерінің қажетті санымен қамтамасыз етеді;

2) жергілікті, (жаһандық) интернет желісіне шығумен деректерді қабылдауға және беруге арналған желімен;

3) автоматтандырылған метеорологиялық деректерді қабылдау жүйелерін (кешендерін) қосумен.

52. Оқу-жаттығу ұшуын метеорологиялық қамтамасыз етуді авиацияның жұмыс жоспарына сәйкес КП метеоқызметі және әскери бөлімнің метеобөлімшесі жүзеге асырады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Метеобөлімше бастығы (кезекші инженер-синоптик) ұшуға алдын ала дайындық кезеңінде:

1) ұшуға қойылған міндеттерді, ұшу аудандарын (маршруттарын), ұзактығы мен бейінін, қосалқы әуеайлақтарды, ұшуға жоспарланған экипаждардың минимумдарын, сондай-ақ ұшу орындалуы мүмкін ауа райы жағдайларын зерделейді;

2) ауа райы бұзылған жағдайда маршруттардан ӘК қайтару шептерін және қосалқы әуеайлақтарда ӘК қонуы үшін шешім қабылдау шептерін зерделейді;

3) қажет болған кезде метеобөлімшеге қосымша жұмыс көлемін белгілейді және ұшуды дайындау және өткізу кезеңінде жеке құрамға міндеттер қояды;

4) метеорологиялық жағдайды талдайды және ұшу кезеңіндегі ауа райы болжамын әзірлейді;

5) КП метеоқызметінде атмосфералық процестің күтілетін дамуы туралы консультация алады;

6) белгіленген мерзімде бөлім командиріне және ұшқыш құрамына КП метеоқызметімен келісілген ұшу кезеңіне арналған ауа райы болжамын және қауіпсіздік шараларын баяндайды;

7) әуеайлақ (полигон) ауданына АҚҚ-мен ауа райы жағдайының нашарлауы ауысуы күтілетін жағдайларда ҰБ бөлімнің командиріне қауіпті бағытта тосқауылдау АӘБ жүргізуді жоспарлауды ұсыну керек, мұндай барлауды жүргізу мүмкін болмаған кезде АҚҚ күту ауданына радиобайланыс құралдарымен ЖМС жіберуді ұсыну қажет;

8) бөлім командирі үшін ол ұшуға дайын емес метеожағдайға абайсызда түсү кезеңдегі іс-қимылдар туралы ұшқыш құрамына бақылау сұрақтарын дайындаиды.

Ескерту. 53-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Метеобөлімше бастығы (кезекші инженер-синоптик) ауа райы барлаушысының ұшына дейін ұшу алдындағы дайындық кезеңінде:

1) әуеайлақ ауданында, қосалқы әуеайлақта және ұшу маршруттары бойынша метеорологиялық жағдайды талдайды;

2) АҚҚ болжаса үшін қажетті есептерді жүзеге асырады;

3) 1 сағаттан кешіктірмей АӘБ кезеңіне және ұшу кезеңіне ауа райы болжамын және ұшу қауіпсіздігі шаралары бойынша ұсыныстар әзірлейді, оларды ауысым бастығы – КП метеоқызыметінің аға инженер-синоптигімен келіседі;

4) ҰЖТ, радиотехникалық бөлімшелер адамдарынан және метеорологиялық локатор есептобынан алынған АРБ деректерін талдайды. АРБ ауа райының нақты жағдайына қарамастан жүргізіледі және АҚҚ аймақтарын және олардың даму мен орнын ауыстыру үрдісін айқындау үшін 1 сағат және 20 – 25 минут бұрын орындалады;

5) 20-25 минут ішінде олар өлшенетін әуеайлақтың барлық нұктесінде БТШБ және көлденең көрінуді нақтылайды;

6) КП метеоқызыметіне ауа райының нақты жай-күйі туралы, бұлттың төменгі және жоғарғы шегінің биіктігін және көрінуді өлшеу нәтижесін, АРБ деректерін баяндайды, барлау кезеңіндегі ауа райы болжамын, сондай-ақ нақты ауа райының АӘБ ұшуды орындау үшін қажетті жағдайға сәйкестігін келіседі;

7) бөлімнің командиріне, ҰЖ және ауа райын барлаушы ұшақтың экипажына АӘБ және ұшу кезеңінде күтілетін метеорологиялық жағдайды, әуеайлақ ауданында, ауа райының барлау және ұшу маршруты бойынша қосалқы әуеайлақтарда АРБ деректерін, бұлттың төменгі шегінің биіктігін және көлденең көрінуді өлшеуді, сондай-ақ ауа райының нақты жағдайын, олардың күтілетін өзгеруін және ұшу қауіпсіздігі шараларын ескере отырып, АӘБ ұшу бағыты мен бейінін таңдау жөніндегі ұсыныстарды баяндайды;

8) ауа райын барлау кезінде ауа райын барлаушы ұшақ экипажына ҰЖ ауа райы бюллетенін жазып береді және тапсырады;

9) ауа райын барлаушы экипаждың АӘБ деректерін беру мерзімін (шебін), тәсілдері мен тәртібін нақтылайды.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Егер баяндау кезінде метеобөлімшениң бастығы (кезекші инженер-синоптик) метеорологиялық жағдай туралы барлық қажетті деректі білмесе, онда ол бұл туралы ұшуды және ҰЖ-ны ұйымдастыратын командирге баяндайды және оларды алу шараларын қабылдайды.

АӘБ кезінде инженер-синоптик:

1) КДП, старттық командалық пунктте (бұдан әрі – СКП) бола отырып, ауа райын барлаушы экипаждың хабарламасын талдайды және оны КП метеоқызметіне береді;

2) өзінің және қосалқы әуеайлақтардағы ауа райы туралы деректерді жинайды және талдайды;

3) ҰЖ ауа райын барлау бейіні мен маршрутын өзгерту жөніндегі ұсыныстарды баяндайды;

4) құрделі метеорологиялық жағдайда ұшу кезінде және ауа райы минимумы кезінде бұлттың төменгі шегінің биіктігін және аспаптар орнатылған әуеайлақтың барлық нүктесінде көрінуді өлшеуді талдайды және олар ауа райының барлаушы экипажынан алынған деректерден күрт айырмашылық болған жағдайда ол туралы ҰЖ және КП метеоқызметі баяндайды;

5) ауа райын барлаушы ұшақ қонғаннан кейін:

ауа райын барлаушы экипаждың командирге және ҰЖ-ға ауа райын барлау нәтижесін баяндауы кезінде қатысады, ауа райын барлау нәтижесін, басқа келіп түскен метеорологиялық ақпаратты ескере отырып, ұшу кезеңіндегі ауа райын нақтылайды және оны метеорологиялық орталықтың аға офицерімен (аудысым бастығы – аға инженер-синоптикпен) келіседі;

қолбасшылықта және ұшқыш құрамына ұшу алдындағы нұсқауда ұшу кезеңінде, әуеайлақ ауданы, ұшу маршруттары (полигондары) және қосалқы әуеайлақтар бойынша нақты және күтілетін метеорологиялық жағдайды баяндайды;

ауа райы бюллетенін ресімдейді және оларды ҰЖ, жеке экипаж командирлеріне және маршруттың ұшу кезінде топтардың жетекшілеріне тапсырады;

ауа райы бюллетеніне жазылған ауа райы болжамын КП метеоқызметіне баяндайды

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

56. Метеобөлімше бастығының (кезекші инженер-синоптик) ұшу алдындағы нұсқаулардағы баяндауы қысқа және мынадай жүйелілікпен болады:

1) ауа райын тудыратын аэросиноптикалық жағдай;

2) АӘБ және АРБ деректерін ескере отырып, жердегі және ұшу биіктіктеріндегі (маршруттарда, полигондарда), өзінің және қосалқы әуеайлақтардағы (қону әуеайлақтарында) ауа райының нақты жай-қүйі туралы деректер, бұлттардың төменгі шегінің биіктігін аспаптың өлшеу және көлденең көріну туралы деректер;

3) ұшу кезеңінде күтілетін ұшу ауданында (маршруттарда, полигондарда), өзінің және қосалқы әуеайлақтарында (қону әуеайлақтарында), ал ауа райы тұрақсыз болған кезде, одан басқа болжамда көзделген метеорологиялық жағдайлардың барынша ықтимал аудысымдары;

- 4) ауа райының нашарлауы мүмкін аудандар (бағыттар);
 - 5) метеорологиялық жағдайлар бойынша ұшу қауіпсіздігі шаралары бойынша ұсыныстар;
 - 6) баяндауда көрсетілуге тиіс:
 - бұлттылықтың көлемі мен нысаны, олардың төменгі және жоғарғы шегінің биіктігі және қабаттылығы;
 - жерден көлденең көріну;
 - қону мен ұшудағы көріну (ауа райын барлаушы экипаждың деректері бойынша);
 - ауа райы құбылыстары;
 - жердегі және ұшу биіктіктеріндегі желдің бағыты мен жылдамдығы;
 - ҰҚЖ деңгейіндегі атмосфералық қысым және жер бетіндегі ауа температурасы;
 - ұшу маршруты (ауданы) және қону пункті бойынша метеорологиялық жағдай;
 - 7) ауа райы бюллетені ұшу басталғанға дейін ерте 1 сағат бұрын және кешіктірмей 30 минут бұрын тапсырылады:
 - әуеайлақтық және маршруттық ұшу кезіндегі ҰБ;
 - маршрут бойынша ұшу кезінде ӘК жалғыз экипаждарының командирлеріне және ӘК топтарының жетекшілеріне;
 - ауа райын барлаушы ӘК экипажының командиріне - АӘБ орындау кезінде;
 - Авиациялық техника (ӘК жекелеген экипаждары) дереу ұшып шыққан кезде ҰБ немесе ұшақтарды қабылдау және жіберу кезекшісіне (бұдан әрі - ҰҚЖК).
57. Ауа райы бюллетені екі данада ресімделеді. Бірінші дана осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қол қойғызып тапсырылады, екіншісі - метеобөлімшеде сакталады, бюллетенінді нөмірлеу ай сайын 25-і күнінен кейін жаңартылады.
58. Метеобөлімше бастығы (кезекші инженер-синоптик) ұшу кезеңінде ұшу ауданындағы метеорологиялық жағдайды мұқият талдайды, ұшу тапсырмаларын орындау үшін метеорологиялық жағдайдың сәйкестігін қадағалайды.
- Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**
59. Ұшу кезеңінде метеобөлімше бастығы (кезекші инженер-синоптик):
- 1) КДП (СКП) бола отырып, ұшуды тікелей метеорологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
 - 2) ұшу алдында техникалық құралдар мен метеорологиялық аспаптардың жұмысын тексереді, қону әуеайлақтарындағы, қосалқы әуеайлақтардағы, ұшу ауданындағы және маршруттарындағы нақты ауа райы туралы деректерді үздіксіз жинауды жүзеге асырады, олардың жай-күйі мен өзгеруін талдайды;
 - 3) КДП (СКП), жақын жетекті радиомаркерлік (бұдан әрі – ЖЖРМ) пунктте және алыс жетекті радиомаркерлік (бұдан әрі – АЖРМ) пунктте жердегі өлшемдердің деректері бойынша, экипаждардың жеткізілімдері бойынша, бұлттың төменгі шегі

білктігінің және ұшақтардың әкипажы белгілеген аспаптың және көрінудің мәні арасында күрт айырмашылық болған жағдайда, ұшақтарды өз әуеайлағына қондырудың метеорологиялық жағдайын жүйелі түрде нақтылайды – ҰЖ және КП метеоқызыметіне баяндайды;

4) сағат сайын, ал күрделі метеорологиялық жағдайда, ауа райы минимумы және тұрақсыз метеорологиялық жағдай кезінде ұшу кезінде – 30 минуттан кейін (ал қажет болған кезде 15 минуттан кейін) ҰЖ қосалқы әуеайлақтардағы және ұшу ауданы бойынша нақты ауа райы туралы деректерді баяндайды. Талдаудан кейін метеорологиялық ахуалдағы ықтимал өзгерістер туралы, сондай-ақ АТБ бойынша ұсыныстарды баяндайды;

5) КП метеоқызыметінен және басқа ведомстволардың метеорологиялық органдарынан түсken дауыл туралы хабардар ету мен ескертуді алған кезде ҰЖ дереке баяндайды;

6) ҰЖ АӘБ және АРБ туралы деректі жинақтайды және баяндайды.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Ұшу кезінде бюллетенъ тапсырылған сәтке әуеайлақтағы нақты ауа райы туралы, ал қосалқы әуеайлақтар бойынша берілген мерзімі 1 сағаттан аспайтын деректер жазылады. ӘК-нің ұшуды кезінде бюллетенъге ұшу, қону және қосалқы әуеайлақтардағы нақты ауа райы туралы берілген мерзімі 1 сағат 30 минуттан аспайтын, ал халықаралық ұшу кезінде - 2 сағаттан аспайтын деректер жазылады.

Ауа райы бюллетенінің мәліметтерінде:

1) бұлттардың мөлшері мен нысаны, олардың қабаттылығы, әр қабаттың төменгі және жоғарғы шегінің биіктігі;

2) ауа райы құбылыстары;

3) жердің көлденең көріну;

4) конуда және ұшуда көріну (АӘБ деректері болған кезде);

5) жердегі желдің бағыты мен жылдамдығы;

6) жердегі ауа температуrasesы;

7) ұшып шығу әуеайлағының ҰҚЖ деңгейіндегі атмосфералық қысым, ал төмен және шекті төмен биіктіктерде ұшу кезінде, одан басқа, теңіз деңгейіне келтірілген ең аз ұшу маршрутындағы атмосфералық қысым және барийлік тенденция;

8) соңғы мерзім ішінде атмосфераны зондау деректері бойынша ұшу биіктіктеріндегі желдің бағыты мен жылдамдығы;

9) таудың, шоқының, асулардың және жасанды құрылыштардың бұлттармен, тұманмен, шөгінділермен және басқа да ауа райы құбылыстарымен жабылу дәрежесі;

10) тропопауза биіктігі;

11) ағыс ағынының биіктігі, оның осіндегі желдің бағыты мен жылдамдығы;

12) ауа температурасының стандартты мәндерден ауытқуы (үлкен биіктіктерде және стратосферада ұшу кезінде).

61. Ұшудың басталу мерзімін 1 сағаттан астам уақытқа ауыстырған кезде метеобөлімше бастығы (кезекші инженер-синоптик) бөлім командиріне (ұшу ауысымының аға қызметкеріне) және ҰБ-ға ауа райын барлауды қайта жүргізу жөніндегі ұсыныстарды баяндайды, ауа райы болжамын нақтылайды, жаңа ауа райы бюллетенін жасайды және ҰБ мен ӘК еkipажының командиріне (топ жетекшісіне) тапсырады. Жаңа әзірленген ауа райы болжамының мазмұны метеорологиялық орталықтың аға офицерімен (ауысым бастығы - аға инженер - синоптикпен) келісіледі.

62. Ауа райы минимумы жағдайында ұшу кезінде ҰБ бұлттардың төменгі шегінің биіктігін және олар өлшенетін әуеайлақтың барлық нүктелерінде көлденен көрінуді аспаптық өлшеу нәтижелері 30 минуттан кейін (ал қажет болған жағдайда 15 минуттан кейін), сондай-ақ бұлттардың төменгі шегінің биіктігінің және жақын жердегі сағатқа көрінудің нақтыланған болжамы баяндалады.

63. Бөлім командиріне, ҰБ-ға және басқа да лауазымды адамдарға барлық баяндаулардың қысқаша мазмұнын метеобөлімше бастығы (кезекші инженер-синоптик) баяндама уақытын көрсете отырып, бастапқы журналға тіркейді.

64. Авиациялық оқиға (бұдан әрі - АО) және инцидент болған жағдайда метеобөлімше бастығы (кезекші инженер-синоптик) ұшу ауданы бойынша, әуеайлақта және АО орнында нақты метеорологиялық жағдайларды старттық журналда белгілейді және мемлекеттік авиацияның АО-ны және инциденттерді тексеру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес іс-қимыл жасауға міндетті.

65. Атмосфералық процесті талдау ауа райы элементтері мен құбылысының кейінгі барысы ұшу кезеңінде көзделген болжамнан өзгеше болатынын көрсеткен жағдайда метеобөлімше бастығы (кезекші инженер-синоптик) ауа райының нақтыланған болжамын әзірлейді, оны КП метеоқызметімен келіседі, ҰЖ-ға жаңа ауа райы бюллетенін жазып береді және тапсырады.

Егер ауа райы бюллетеніне жазылған болжамды нақтылау үшін негіз болмаса, онда әрбір 3 сағат сайын метеобөлімше бастығы (кезекші инженер-синоптик) ҰБ-ға келесі 3 сағатқа ауа райының болжамын растау туралы баяндайды және бастапқы журналға тиісті жазба жасайды.

Ескерту. 65-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Өз әуеайлағында, қону әуеайлақтарында, полигондарда (қону алаңдарында), әуеайлақ ауданында шекті мәндердің кестесіне сәйкес АҚҚ бар аймаққа дейінгі шекті арақашықтықтар туындаған және метеорологиялық элементтердің критикалық мәндеріне жеткен кезде метео бөлімшесі бастығы (кезекші инженер-синоптик) дауылды ескертуді жазады және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес әрекет етеді.

67. Ұшу аяқталғаннан кейін ҰБ ұшуға ауа райы болжамын және ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету сапасын бағалайды. Қамтамасыз ету сапасы бес балдық жүйе бойынша бағаланады.

Ұшуға ауа райы болжамын және ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету сапасын бағалауды ҰЖ бастапқы журналға жазады. Алынған баға мен белгіленген кемшіліктер туралы метеобөлімше бастығы (кезекші инженер-синоптик) КП метеоқызметіне баяндайды.

Ескерту. 67-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Ауа райы минимумы жағдайында ұшуды метеобөлімше бастығы немесе бөлім командирінің рұқсатымен штаттық құштер мен құралдарды пайдалана отырып, анағұрлым тәжірибелі инженер-синоптикер қамтамасыз етеді.

69. Ауа райын бақылау және бұлттардың төменгі шегінің биіктігі мен ауа райының бұзылуы күтілетін бағытта көріну туралы ақпаратты алу үшін және ұшуға уақтылы шешім қабылдауды қамтамасыз ететін қашықтыққа ЖМС-ты жіберу және өрістету мүмкін. Ауа райы туралы деректерді беруге арналған байланыс құралдарын ұшуды ұйымдастыратын командир анықтайды. ЖМС орындары синоптиктік процестің түріне және ауа массасының жылжу жылдамдығына байланысты таңдалады. Орындар схемасын бөлім командирі бекітеді және маршрут бойынша қозғалыс және өрістету үшін қажетті қозғалыс маршруттары мен уақытты қамтиды.

6-параграф. Десанттау кезінде метеорологиялық қамтамасыз ету тәртібі

70. Десанттауды қамтамасыз ету кезінде метеобөлімше:

1) десанттауды жүргізу кезеңіне ауа райы болжамын әзірлейді және бөлім қолбасшылығына және ұшқыштар құрамына баяндайды;

2) тікелей десанттау алдында, бірақ ол басталғанға дейін 30 минуттан кешіктірмей жерден десантты (жүкті) әр 100 м сайын түсіру биіктігіне дейін нақты жел туралы, сондай-ақ десанттау қабатындағы және 0 - 100 м қабатындағы орташа жел туралы деректерді дайындейды және десанттау жетекшісіне баяндайды. Егер бұлттардың болуынан десанттау қабатындағы нақты желді айқындау мүмкін болмаса, онда осы қабаттағы орташа желді айқындау үшін қосымша ауа райын барлаушы экипаждан алынған деректер пайдаланылады;

3) жел жылдамдығы мен бағытының және төменгі биіктіктің, ал қажет болған кезде бұлттардың жоғарғы шегінің өзгеруіне ерекше назар аудара отырып, десанттау ауданындағы ауа райына ұздіксіз бақылауды ұйымдастырады;

4) ауа райының барлық өзгерістері туралы десанттау жетекшісіне баяндайды;

5) парашютпен секіруді жүргізу кезеңінде желдің бағыты мен жылдамдығын өлшеу үшін қажетті аспаптары мен құрал-саймандары бар метеомаманды (әуеайлақтан тыс секіру кезінде) жібереді;

6) десанттау жетекшісіне дауылды ескерту бланкісін береді (АВ-4);

7) парашютпен секіруді орындау кезеңінде жердегі желдің жылдамдығы 6 м/с жоғары және парашютпен суға секіруді орындау кезеңінде 12 м/с жоғары;

8) парашюттік-десанттық қызмет мамандары мен спортшы-парашютшілер парашютпен секіруді орындаған кезде жердегі желдің жылдамдығы парашюттік жүйенің тактикалық-техникалық деректерінде көзделгеннен аспайды;

9) жылдамдығы 16 м/с жоғары болған кезде 1000 м дейінгі қабаттағы орташа жел.

7-параграф. Оку-жаттығу полигонында метеорологиялық қамтамасыз ету тәртібі

71. Оку-жаттығу полигонында үшуды метеорологиялық қамтамасыз етуді полигонда ҰЖ-ға бағынатын метеобөлімшеден бөлінген инженер-синоптик жүзеге асырады.

Полигонда инженер-синоптик:

1) метеорологиялық жағдайды, бұлттардың төменгі шегінің биіктігін көзben шолып қадағалауды жүргізеді, сондай-ақ аспаптар бойынша желдің бағыты мен жылдамдығын айқындау кезінде өлшеуді орындайды;

2) полигон ауданындағы метеорологиялық жағдайлар туралы ӘК экипаждарының баяндамаларын жинақтайты, полигон ауданындағы метеорологиялық жағдайдың жай-күйін және өзгеруін талдайды;

3) полигондағы ҰЖ-ға, КП метеоқызметіне және метеобөлімшеге нақты метеорологиялық жағдай туралы деректі, полигон ауданындағы АТБ туралы болжамды өзгерістер мен ұсыныстарды баяндайды;

4) метеорологиялық қадағалау нәтижелерін, олардың мазмұнын және баяндау уақытын старттық журналда тіркейді.

Ескерту. 71-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Жедел топ құрамында инженер-синоптик болмаған кезде оның әуеайлақта (полигонда) метеорологиялық ақпаратты жинау және беру жөніндегі міндеттері полигондағы ұшу жетекшісіне жүктеледі.

8-параграф. Ұшуды іздеу-құтқаруды қамтамасыз етуге қатыстырылған экипаждарды метеорологиялық қамтамасыз ету

73. Іздеу-құтқару жұмысын орындау үшін ұшып шығатын ӘК экипажына қажетті метеорологиялық ақпаратты КП метеоқызметі, метеоқызмет ҰЖ-ның немесе

іздеу-құтқару жұмысына басшылық жасайтын басқа да лауазымды адамның сұрау салуы бойынша қысқа мерзімде ұсынады.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

74. КП метеоқызметі, метеорологиялық қызмет ұшуды іздеу-құтқаруды қамтамасыз етуге тартылған іздеу-құтқару қызметінің бастығын белгіленген нысандағы метеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз етеді. Кезекші ауысым барлық іздеу-құтқару операциясы ішінде іздеу-құтқару қызметінің бастығымен байланысты ұстайды.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

75. Іздеу мен құтқарудың үйлестіру орталығы қамтамасыз етілетін ақпарат ӘК-ның соңғы орналасқан орнындағы метеорологиялық жағдайлар туралы мәліметтерді, мыналарды:

- 1) ұшу маршруты бойынша ауа райының ерекше құбылыстарын;
- 2) бұлттардың саны мен түрін (атап айтқанда, түйдек-жаңбырлы) және бұлттардың төменгі және жоғары шегінің биіктігін;
- 3) көрінуді және көрінудің нашарлауын тудыратын құбылыстарды;
- 4) жерусті желін және биіктікегі желді;
- 5) жер бетінің жай-күйін, атап айтқанда қар жамылғысының немесе судың бар болуын;
- 6) теңіз деңгейіндегі қысымды көрсете отырып, осы ӘК-ның белгіленген маршруты бойынша метеорологиялық жағдайлар туралы мәліметтерді қамтиды.

76. Метеорологиялық қызметтен сұрау салынған ақпарат болмаған кезде соңғысы тиісті ақпарат алу үшін басқа метеорологиялық органдарға жүгінеді.

77. Іздеу және құтқару үйлестіру орталығының сұрау салуы бойынша метеорологиялық қызмет ӘК ұшар алдында экипажға берілген ұшу құжаттамасы туралы, оның ішінде ұшуда болған ӘК бортына берілген болжамға барлық түзетулер туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді алу үшін шаралар қабылдайды.

78. Іздеу-құтқару жұмысын, операция жүргізуге ықпал ету мақсатында КП метеоқызметі, метеорологиялық қызмет сұрау салу бойынша:

- 1) іздеу аймағындағы ағымдағы және болжамды метеорологиялық жағдай туралы толық ақпаратты;
- 2) ұшу маршруттары бойынша, оның ішінде іздеу жүргізілетін әуеайлақтан алыстаған кезде және оған қайтып келген кезде іздеуші ӘК орындастын ұшу маршруттары бойынша ағымдағы және болжамды метеорологиялық жағдай туралы ақпаратты;
- 3) авариялық жағдайға байланысты қажетті кез келген басқа ақпаратты ұсынады.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Іздеу және құтқару үйлестіру орталығының сұрау салуы бойынша КП метеоқызметі осы әуеайлақтың жауапкершілік ауданына кіретін акваторияда іздеу-құтқару операцияларын орындайтын сұсті кемелерін қажетті метеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз етеді (немесе қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайды).

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-параграф. Авиациялық оқиғалар мен инциденттер болған жағдайда метеобөлімшеден талап етілетін іс-қимылдар

80. Бөлім командирінен, ұшу ауысымының жетекшісінен, ҰЖ-дан және тиісті ӘҚБ орталықтарынан әуеайлақта (әуеайлақ ауданында) болған АО немесе инцидент туралы нұсқау алған кезде әскери бөлімнің метеорологиялық қызметі нақты ауа райын метеорологиялық бақылаудың толық кешенін жүргізеді, олардың нәтижелері метеорологиялық ақпаратты көрсету құралдарында көрсетіледі және телефон арқылы беріледі және бақылауды жүргізген адамның тегі көрсетіле отырып, ауа райы қүнделігінде тіркеледі.

81. АО-ға немесе инцидентке байланысты КП метеоқызметі, метеорологиялық қызметтің сұрау салуы бойынша:

1) консультациядан өту кезінде ұшқыш құрамының мүшелеріне берілген немесе оларға ұшу құжаттамасы ретінде көрсетілген ұшу құжаттамасы жиынтығының көшірмесін;

2) ӘҚБ орталығының сұрау салуы бойынша бастапқы хабарлау үшін оқиға болған сэтте метеорологиялық жағдайды сипаттайтын ақпаратты ұсынады.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. КП метеоқызметі, метеоқызмет АО-ны немесе инцидентті тергең-тексеру жөніндегі комиссия талап ететін барлық метеорологиялық құжаттың, мәліметтің және басқа да құжаттаманың (баспа нысанда немесе компьютерлік файл түрінде) күнтізбелік 30 күн ішінде сенімді сақталуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Метеобөлімшелерде метеорологиялық ақпаратты ұйымдастыру және құжаттаманы жүргізу тәртібі

1-параграф. Консультация беру және метеорологиялық ақпаратты көрсету

83. ӘК әкипаждарын, бөлімнің ұшқыштар құрамын ұшу алдындағы метеорологиялық даярлау алдағы ұшудың метеорологиялық жағдайларын дербес зерделеуді, сондай-ақ метеобөлімшелерде ұшу маршруты (ауданы) бойынша және қосалқы әуеайлақтарда нақты және күтілетін метеожағдайлар туралы барлық қажетті ақпаратты алуды қамтиды.

84. Олардың мақсаты ұшу құжаттамасында қамтылған ақпаратты түсіндіру және толықтыру үшін алдағы ұшу маршруты бойынша, болжамды қону әуеайлағында, қосалқы әуеайлақтарда және басқа да тиісті әуеайлақтарда ағымдағы және күтілетін метеожағдайлар туралы ең соңғы қолда бар ақпаратты ұсыну болып табылады.

85. Ұшу құжаттамасына енгізілген әуеайлақ бойынша болжамнан айтарлықтай ерекшеленетін әуеайлақ ауданындағы метеорологиялық жағдайлардың эволюциясы туралы баяндау кезінде консультация беру кезінде ұшқыштар құрамының назары осы алшақтыққа аударылады.

86. Метеобөлімше ұшатын әкипаждардың командирлеріне, бөлімнің ұшқыштар құрамына немесе ұшуды жүргізуге байланысты басқа да авиациялық мамандарға консультация беруді қамтамасыз етеді және жүргізеді. Консультация беру кезінде:

1) бірінші қону әуеайлағына дейін немесе мүмкіндігінше маршруттағы соңғы әуеайлаққа дейін ұшу маршруты (ауданы) бойынша синоптикалық жағдайдың сипаттамалары;

2) биіктікегі жел, биіктікегі ауа температурасы, тропопауза биіктігі туралы ағымдағы және болжамды деректер, ең жоғары жел туралы ақпарат;

3) ұшу маршруты бойынша ауа райының нақты және күтілетін құбылыстары және ағымды ағыстар туралы ақпарат;

4) ұшып көтерілу, қону және қосалқы әуеайлақтардағы ауа райының нақты және күтілетін жай-күйі;

5) МЖЖС-ның суреттері немесе мозаика және (немесе) нефанализдер;

6) МРЛ-ның көмегімен алынған ақпарат;

7) бөлім ұшқыштар құрамының талабы бойынша басқа да қолда бар метеорологиялық деректер хабарланады.

87. Метеомамандар төмен биіктікте ұшуды қамтамасыз ету үшін, оның ішінде көзбен шолып ұшу қағидалары бойынша консультация берген кезде таулы аудандарда 3050 м (FL100) (3050 м) эшелоннан төмен немесе 4550 м (FL10) ұшу эшелонынан төмен биіктіктер бойынша метеорологиялық ақпарат пайдаланылады. 5000 м аз кең

кеңістікте көрінудің тәмендеуін және ұшуды орындауға ықпал ететін бұлттардың нақты немесе күтілетін пайда болуын туындаратын АЕҚ-ның нақты немесе күтілетін пайда болуы көрсетіледі.

88. Ұшудың түріне және ұзақтығына байланысты метеорологиялық ақпаратты метеобөлімше бастығы (кезекші инженер-синоптик) ұшу құжаттамасы нысанында ауызша нысанда басшылық жасайтын ұшқыштар құрамына және бөлімнің ұшқыштар құрамына ұсынады.

89. Ақпараттық-болжамды ақпарат (жерүсті талдау карталары, шеңберлі карталар, барийлік және салыстырмалы топография карталары) ұшуға міндеттер қою, оку-жаттығу ұшудын алдындағы нұсқаулар жүргізілетін метеорологиялық үй-жайларда орнатылатын арнайы сөрелерде, стенділерде және ұшқыштар құрамын даярлау сыныбында орналастырылады.

90. Басқа метеорологиялық органдардан алынған метеорологиялық ақпарат ұшу құжаттамасына өзгеріссіз енгізіледі.

91. Ашық теңізде құрылыштарға ұшуды орындағайтын тікүшақтардың ұшудын жүзеге асыру үшін арналған метеорологиялық ақпаратқа 3050 м теңіз деңгейінен және ұшу әшелонына дейінгі қабаттар бойынша деректерді енгізу қажет. Жер бетіндегі күтілетін көрінуді, санын, типін (мұндай мәліметтер бар болған жағдайларда), 3050 м ұшу әшелонынан тәмен бұлттардың негізі мен үстіңгі жағын, теңіздің жай-күйін, теңіз бетінің температурасын, теңіз деңгейіндегі орташа қысымды, турбуленттілік пен мұзданудың нақты және күтілетін пайда болуын ерекше көрсету қажет.

2-параграф. Ұшу метеорологиялық құжаттамасы

92. КП метеоқызметінде және метеобөлімшелерде белгіленген жұмыс ауқымын орындау процесінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес ұшу (ақпараттық-болжамды), жұмыс, есепке алу, пайдалану және техникалық құжаттама жүргізіледі. Барлық құжат бір түсті сиямен анық және ұқыпты толтырылады. Құжаттамада жергілікті уақыт көрсетіледі.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

93. Ұшу құжаттамасын дайындау кезінде метеомамандар мұндай болжамдар уақыт, абсолюттік биіктік және географиялық аудан бойынша болжамды ұшу траекториясын қамтитын болжамдарды пайдаланады.

94. Ұшу құжаттамасында салыстырмалы биіктік мынадай болып көрсетіледі.

95. Биіктіктеңінде желдің салыстырмалы биіктігі және турбуленттілігі немесе бұлттардың тәменгі және жоғарғы шеттерінің биіктігі сияқты ұшу маршруты бойынша

метеорологиялық жағдайлар туралы барлық мәліметтер эшелондар түрінде көрсетіледі. Бұл мәліметтер қысым, абсолюттік биіктік шамаларында да немесе жер деңгейінен биіктік түрінде шағын биіктікте ұшу үшін көрсетілуі мүмкін.

96. Әуеайлақ ауданындағы метеорологиялық жағдайлар туралы барлық мәліметтер әуеайлақтан жоғары биіктік түрінде көрсетіледі.

97. Егер ұшуға дейін ұшу әкипажының мүшелері карталар түрінде биіктікегі жел және ауа температурасы туралы ақпаратпен қамтамасыз етілсе, соңғылары ұшудың стандартты эшелондары үшін болжамдық карталар болып табылады. Қысқа ұшулар кезінде стандартты изобарийлік беттердің болжамдық карталары орнына көрсетілген деңгейлері стандартты изобарийлік деңгейлерге сәйкес келетін ағымдағы карталар ұсынылады.

98. Барлық жағдайларда ауа райының болжамдарына қатысты ұшу метеорологиялық құжаттамасы ұшып көтерілу әуеайлағы және белгіленген қону әуеайлағы бойынша болжамдарды қамтиды. Ұшу метеорологиялық құжаттамасына бір немесе бірнеше қосалқы әуеайлақ бойынша болжамдар енгізіледі.

99. Ұшу метеорологиялық құжаттамасын біріздендіруді және стандарттауды қамтамасыз ету үшін және стандартты нысандарға болжам жасаушының метеорологиялық мазмұны осы Қағидалардың талаптарына сәйкес ресімделеді.

3-параграф. Ұшу (ақпараттық-болжамдық) метеорологиялық құжаттамасы

100. Ұшу (ақпараттық-болжамдық) құжаттамаға метеобөлімшелерде әзірленетін және қабылданатын карталардың барлық түрлері жатады:

- 1) синоптикалық карталар (жерусті және биіктік);
- 2) болжамдық карталар;
- 3) аэрологиялық диаграммалар;
- 4) орташа желдің тік карталары;
- 5) АЕҚ-ның есептік карталары;
- 6) жасанды Жер спутнигінің суреттері;
- 7) МРЛ карталары мен схемалары;
- 8) маусымдар бойынша орнитологиялық жағдайдың карта-схемалары;
- 9) авиациялық-климаттық сипаттамалар мен анықтамалар;
- 10) ауа райының метеоэлементтері мен құбылыстарын болжауға арналған графиктер мен кестелер.

101. Әуеайлақтар бойынша ауа райы болжамдары және ұшу құжаттамасына енгізілетін метеорологиялық ақпарат шартты атаулары мен белгілеулері бар ашық мәтін түрінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 1-кестеде келтірілген.

102. Метеобөлімше оны жеткізген сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде ұшқыштар құрамына баспа нысанда немесе компьютерлік файлдар түрінде ұсынылған ақпараттың сақталуын ұйымдастырады. Бұл ақпарат АО-ға, инциденттерге

тергеп-тексерулер немесе техникалық тергеп-тексерулер жүргізу үшін сұрау салу бойынша ұсынылады және олар аяқталғанға дейін сақталады.

4-параграф. Жұмыс және есепке алу метеорологиялық құжаттамасы

103. Жұмыс құжаттамасына мыналар жатады:

1) жұмыстар тізбесі - метеобөлімшениң ақпараттық-болжау жұмыстарының барлық түрлерін қамтиды;

2) осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бөлім штабының бастығы (осы бағытқа жетекшілік ететін адам) бекітетін әуеайлақта ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі үлгі нұсқаулық;

3) метеобөлімшениң кезекші есептобына дауылды хабарлау және ескерту жөніндегі схема мен нұсқаулық;

4) көлденең көрінуді көзбен шолып айқындауға арналған бағдарлар схемасы;

5) (AB-4) нысанындағы дауылды ескерту - осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оларды толтыру жөніндегі нұсқауларға сәйкес ресімделеді;

6) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауылды ескерту аяарайының болжамдарын талдау журналы (AB-21);

7) Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары ішкі қызмет жарғысының 30-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кезекшілікті қабылдау және тапсыру кітабы;

8) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (AB-13) жылы жартышылдық АЕҚ болжамының журналы;

9) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуеайлақта, полигонда және десанттау алаңында табиғи жарықтандыру жағдайларының кестесі;

10) (AB-6) нысанындағы аяарайы күнделіктері осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес оларды толтыру жөніндегі нұсқауларға сәйкес жүргізіледі;

11) (AB-12) нысанындағы аяарайы бүллетені оларды толтыру жөніндегі талаптарға сәйкес ресімделеді және тапсырылады, одан басқа осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес аяарайы бүллетенінің мазмұны мен оны ресімдеу тәртібі ескеріледі;

12) (AB-10) нысанындағы старттық журнал осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес оны толтыру жөніндегі талаптарға сәйкес жүргізіледі. АӘБ жүргізу уақыты, ұшудың басталуы мен аяқталуы жоспарланбай, нақты қойылады;

13) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес (AB-17) нысанындағы аяарайы барлау журналы ұшақтардың әкипаждарынан және бөлімнің радиотехникалық құралдарынан, сондай-ақ көрші әуеайлақтардан метеобөлімшеге келіп түсетін АӘБ және АРБ деректерін жазу үшін арналған;

14) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (AB-11) кезекші синоптиктиң жұмыс журналы, оған мыналар жазылады:

өтінімдер (ұшуды, десанттауды, оқу-жаттығуларды метеорологиялық қамтамасыз етуге тапсырмалар және т.б.);

командирдің, штаб бастығының және метеобөлімше бастығының өкімдері мен нұсқаулары;

топтар (жеке ұшақтар екипаждары) командирлерінің және кезекші екипаждардың консультациялары;

қолбасшылыққа, ҰЖ-ға және КП-ның кезекші есептоптарына және ӘҚБ орталықтарына ауа райы туралы баяндаулардың мазмұны;

басқа метеобөлімшелермен қызметтік келіссөздердің мазмұны;

жұмыс журналындағы қызметтік жазбалар еркін нысанда, анық, ұқыпты, міндettі түрде өкім кімнен, қашан алғынғанын, кімге, қашан және не баяндалғанын, келіссөздер кіммен жүргізілгенін, нұсқаулар мен өкімдер қашан орындалғанын белгілей отырып жүргізіледі;

15) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (АВ-1) және (АВ-2) кіріс және шығыс "авиа" және "дауыл" жеделхаттары журналы қысқартусыз және шартты атауларсыз толтырылады.

Ескерту. 103-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 26.08.2020 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

104. Есепке алу құжаттамасына:

- 1) бұйрықтар;
- 2) актілер, өтінімдер, жеделхаттар, электрондық хабарламалар;

3) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес метеобөлімшенің жұмысын тексеретін лауазымды адамдардың нұсқауларын жазуға арналған журнал;

4) метеобөлімшенің жұмысын және ауа райы болжамдарының ақталуын есепке алу журналы;

5) бөлімшеде материалдық құралдардың бар болуы мен қозғалысын есепке алу кітабы;

6) еркін нысанда жасалған сағатты тексеру журналы;

7) еркін нысанда жасалған метеоқызметтің жұмысы туралы есеп берулер;

8) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес жеке құрамға қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау беруді өткізуі есепке алу журналы жатады.

5-параграф. Пайдалану және техникалық метеорологиялық құжаттама

105. Пайдалану және техникалық құжаттама метеорологиялық қызметтің техникалық құралдарын (бұдан әрі - МКТК) пайдалануға, жөндеуге және тапсыруға байланысты құжаттарды қамтиды.

Оларға:

- 1) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес МҚТҚ-ны және қауіпсіздік техникасын білуді, пайдалануды тексеру журналы;
- 2) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес өскери бөлімнің өлшеу аспаптарын тексеруді есепке алу журналы;
- 3) осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес МҚТҚ-ның жөндеуге кету жоспары;
- 4) еркін нысанда жасалған МҚТҚ-ға техникалық қызмет көрсетуді жүргізу жоспар-кестесі;
- 5) осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес наразылық актісі;
- 6) осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес ақауларды анықтау ведомосы;
- 7) осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес жиынтықтау ведомосы;
- 8) осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес МҚТҚ-ны есепке алу журналы;
- 9) қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық және өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық;
- 10) осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес есептен шығаруға жататын МҚТҚ-ның техникалық (сапалық) жай-күйі актісі жатады.

106. Журналдар анық, ұқыпты жүргізіледі, түзетусіз толтыру кезінде деректер нақтыланады.

107. Өскери бөлімнің шегінен тыс шықпайтын метеорологиялық құжаттарда осы өскери бөлімнің күн тәртібі белгіленген жергілікті уақыт көрсетіледі. Өскери бөлімнің шегінен тыс шығатын құжаттар мен хабарламаларда Астана уақыты, ал Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерде – дүниежүзілік үйлестірілген уақыт (UTC) көрсетіледі.

Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Метеорологиялық бақылау және мәліметтер жүргізу

1-параграф. Метеорологиялық бақылауды ұйымдастыру және беру

108. Метеобөлімшелер белгіленген уақыт аралығынан кейін ұдайы бақылау жүргізеді. Жерусті желінің, ҰҚЖ-дағы көрінудің, қашықтықтың, ағымдағы ауа райының, бұлттылықтың және ауа температурасының белгілі бір өзгерістері болған кезде әуеайлақтардағы ұдайы бақылау арнайы бақылаумен толықтырылады, сондай-ақ жедел-болжаяу жұмыстары жүзеге асырылады.

109. Әуеайлақта метеорологиялық бақылау сағат сайын жүргізіледі, кемінде 10 минут бұрын басталады және дәл бақылау мерзімінде атмосфералық қысымның мәнін есептеумен аяқталады (әр сағаттың 00 минутында) және ӘК-нің ұшып көтерілуі және қонуы кезінде ресми дерек болып табылады, сұрау салу бойынша КП метеоқызметіне беріледі.

Автоматты бақылау жүйелерінен (адамның қатысуыныз) және белгілі бір уақыт аралығында әуеайлақта метеорологиялық бақылаумен алынатын нақты ауа райының мәліметтерінде алшақтық болған кезде метеорологиялық бақылау жүргізу деректердің құрамдас бөлігі және әуеайлақтағы жағдайлар үшін репрезентативті болып табылады, бақылаушылар ауа райы күнделігіне жазба жасайды.

Ескерту. 109-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

110. Өлшеу (бақылау) дәлдігіне қатысты нұсқау беру нұсқаулары осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес келтірілген.

111. Метеорологиялық бақылау тәулік бойы режимде жүргізілмейтін әуеайлақтарда нақты ауа райының тұрақты мәліметтері үшү кезеңінде ғана жүргізіледі және КП метеоқызметінің нұсқауына сәйкес және ӘҚБ және ұшуды жүргізу орталықтары қоятын талаптарды ескере отырып, әуеайлақта үшү басталғанға дейін 2 сағат бұрын беріледі (шығарылады).

Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

112. АЕҚ мен ААҚҚ-ны бақылау олардың пайда болуы мен дамуына қарай жүргізіледі. Сағат сайын метеорологиялық бақылауды жүргізу кезінде бұлттардың саны мен нысаны, бұлттардың төменгі шегінің биіктігі, ауа райы құбылыстары, сондай-ақ көлденең көріну, желдің бағыты мен жылдамдығы, ауаның температурасы мен ылғалдылығы, жердегі атмосфералық қысымы өлшенеді (көзбен шолып айқындалады), сондай-ақ жауын-шашынның мөлшеріне, қар жамылғысының биіктігіне бақылау және басқа да арнайы бақылау жүргізіледі.

113. Үшү кезеңінде, сондай-ақ әуеайлақта жауынгерлік кезекшілік жүзеге асырылатын немесе әуеайлақ қосалқы ретінде бөлінген жағдайларда қарапайым метеорологиялық жағдайларда метеорологиялық бақылау сағат сайын, күрделі метеорологиялық жағдайларда, метеорологиялық жағдай күрт өзгеретін кезде және ауа райының минимумы 30 минуттан кейін, ал қажет болған кезде 15 минуттан кейін белгіленген кезде жүргізіледі.

Метеорологиялық бақылау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға сәйкес толық көлемде ауа райының мәліметтері жасалады.

114. Бақылау үшү алаңының жұмыс участкеріне тән деректерді ұсынуды қамтамасыз ету мақсатында орналасқан және жабдықталған пункттерде жүргізіледі. Бұл ретте ауа райының көрінуін және құбылыстарын көзбен шолып бақылау орнынан үшү алаңына толық шолу қамтамасыз етіледі.

115. Бақылау мәліметтерді жасау әуеайлағында және оның шегінен тыс жерде таратылуға жататын мәліметтерді жасау үшін негіз болып табылады.

116. Бақылаудың жоғары сапасына қол жеткізу үшін КП метеоқызметі метеорологиялық бөлімшениң:

- 1) осы Қағидалардың ережелерін;
 - 2) метеорологиялық басқару органымен келісу бойынша КП метеоқызметі бекіткен әдістемелік материалдарды;
 - 3) метеорологиялық ақпаратты көрсету аспаптары мен құралдарының дүрыс жұмыс істеуін сактауын қамтамасыз етеді.

Ескеरту. 116-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) буйрығымен.

117. КП метеоқызметі және басқару органы бақылау сапасын, метеорологиялық ақпаратты көрсету аспаптары мен құралдарының дұрыс жұмыс істеуі мен пайдаланылуын, техникалық құралдарды дұрыс орнату мен резервке қоюды бақылау үшін тікелей бағыныстағы метеобөлімшелерді тексеруді ұйымдастырады.

Ескеरту. 117-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

118. Метеорологиялық, аэрологиялық және басқа да арнайы бақылауды жеке құрам метеорологиялық алаңда және метеобөлімшениң үй-жайларында толық көлемде әр сағат басталған сайын жүргізеді. Аспаптарды қашықтықтан басқару құралдары болған кезде метеобөлімшениң жеке құрамы метеорологиялық қызметтің техникалық құралдары орнатылған әуеайлақтың басқа да нүктелерінде метеорологиялық бақылау жүргізеді.

119. Қашықтықтан басқару құралдары болмаған жағдайда бұлттардың төменгі шегінің биіктігін аспаптық бақылауды және көлденең көрінуді көзбен шолып бақылауды ЖЖРМ және АЖРМ есептоптары жүргізді.

120. ЖЖКРМ және АЖКРМ есептөптарын метеорологиялық бақылауды жүргізуге жіберу әуеайлақ аға авиациялық бастығының бүйрүғы негізінде жүзеге асырылады.

121. Есептөптарды бақылау жүргізуге және техникалық құралдарды пайдалануға даярлау метеобөлімшесі бастығына жүктеледі.

2-параграф. Жерусті желі және биіктіктерінде көшірмешілдік

122. Жерүсті желінің орташа бағыты мен орташа жылдамдығы және желдің бағыты мен жылдамдығының елеулі өзгерістері өлшенеді. Деректер накты градуста және м/с хабарланады.

123. Магниттік ауытқуы 5 градус және одан жоғары болатын әуеайлақтарда жел бағытының есептеріне беру үшін тұзету енгізіледі. Магниттік ауытқудың мәні оң болған кезде оның мәні бағыттың есебінен алынады, теріс болған кезде - қосылады. Алынған мән ен жакын он градусқа дейін дөнгелектеп сандармен көрсетіледі.

124. Жерүсті желін бақылау аспаптың түрде жүргізіледі және ӘК биіктікті алу және қону барысында тап болатын жел туралы анағұрлым толық түсінік беруге тиіс.

125. Жергілікті жағдайларға байланысты ҰҚЖ-ның әртүрлі учаскелерінде желде елеулі айырмашылықтар байқалатын әуеайлақтарда қосымша жел бергіштері орнатылады. Бұл ретте, тұрақты және арнайы мәліметтерге жел жылдамдығы жоғары нүктеден алынған жел туралы деректер енгізіледі. Қону үшін мәліметтерге қону аймағына, ал ұшып көтерілу үшін мәліметтерге - жерден көтерілу аймағына жақын орналасқан бергіштен алынған деректер енгізіледі.

Әрбір бергішке байланысты жел индикаторлары КДП-да (СКП-да) метеобөлімшелерде орнатылады.

126. Әуеайлақтан тыс таратылатын мәліметтерде желдің бағыты магниттік ауытқуға түзетусіз беріледі.

127. Жерүсті желін бақылау жер деңгейінен 10 м (30 фут) биіктікте жүргізіледі.

128. Уақытша әуеайлақтарда және қону алаңдарында желді бақылау флюгерлерді, қол анемометрлерді және жел конустарын пайдалана отырып, осы Қағидаларға 23-қосымшага сәйкес жел бағытының көрсеткішіне қойылатын талаптың нысаны бойынша жүргізіледі.

129. Техникалық құралдар болған кезде биіктіктерде желді бақылау ұшу кезеңінде әр 3 сағат сайын, ал қажет болған кезде сирек жүргізіледі. Бақылау деректері бойынша желдің бағыты мен жылдамдығы 100 м биіктікте және ұшудың әуеайлақтық шенбері деңгейінде айқындалады.

130. Биіктікте желді аспаптың тәсілмен айқындау мүмкін болмаған кезде 10 километр радиуста орналасқан аэрологиялық станциялардан, ӘК борттарынан алынған жел туралы немесе әуеайлақтық шенбер биіктігінде желдің болжамдық деректері ұсынылады.

Ескерту. 130-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

131. Жер бетіндегі және биіктіктерінде жел бағыты (қайдан шығады) мен жылдамдығы көрсетіле отырып болжанады:

1) жер бетіндегі желдің бағыты 20 аралықпен екі мәнмен градуста көрсетіледі;

2) егер жел бағытының күрт өзгеруі күтілсе, онда: "... ауысумен" көрсетіледі.

Мысалы: "жел 220 -240 20 -40 ауысумен";

3) жер бетіндегі желдің жылдамдығы жылдамдық 15 м/с дейін болған кезде 3 м/с және жылдамдық 15 м/с жоғары болған кезде 5 м/с аралықпен екі мәнмен көрсетіледі;

4) егер жел жылдамдығының күрт өзгеруі күтілсе, онда: "..... м/с дейін күшетумен (әлсіретумен)..... м/с" көрсетіледі. Мысалы: "жел 240 -260 , 9-12 м/с 15-20 м/с күшеюмен";

5) егер жел екпіні күтілсе, оның жылдамдығы көрсетілгеннен кейін "екпіні м/с" деген сөздер қосылады;

6) желдің жылдамдығы 3 м/с кем болған кезде: "жел әлсіз", "ауыспалы бағыттар әлсіз" деп көрсетіледі. Желдің жылдамдығы 30 м/с және одан жоғары болған кезде "алапат дауыл" деген термин қосылады;

7) биіктікегі желдің бағыты 20 аралықпен градациямен градуста көрсетіледі.

Биіктікегі желдің жылдамдығы аралықпен градациямен сафатына километрде (бұдан әрі - км/сағ) көрсетіледі:

10 км/сағ - 50 км/сағ дейін жылдамдық кезінде;

20 км/сағ - 50-150 км/сағ жылдамдықпен;

50 км/сағ - 150 км/сағ астам жылдамдық кезінде.

132. Ағымды ағыстар олардың осьтерінің биіктігін, сондай-ақ желдің бағыты мен ең жоғары жылдамдығын көрсете отырып болжанады.

Ағымды ағыс осінің биіктігі 1 км аралықпен градациямен километрде, ағымды ағыс осі желінің бағыты мен ең жоғары жылдамдығы - биіктік бойынша жел үшін градациямен көрсетіледі.

133. Тропопаузаның биіктігі 1 км аралықпен градациямен километрде көрсетіледі.

Егер тропопауза биіктігінің күрт өзгеруі күтілсе, онда болжамда:

".... километрге дейін участкеде жоғарылаумен (төмендеумен)" деп нақтыланады.

Тропопаузаның төменгі шегіндегі ауа температурасы 5 С аралықпен градациямен градустарда көрсетіледі.

Ауа температурасының оның стандартты мәндерінен он ауытқулары тек 10 С және одан жоғары ауытқулар болған кезде 5 С аралықпен градациямен ғана көрсетіледі.

3-параграф. Ауа температурасын және шық нұктесінің температурасын бақылау

134. Ауа температурасы жер бетінде 3 С және биіктікте 5 С аралықпен градациямен Цельсий (бұдан әрі - С) градустарында болжанады.

Күнге арналған болжамда ауа температурасының ең жоғарғы, түнге - ең төменгі мәні көрсетіледі.

Егер болжамдық кезең ішінде ауа температурасы -2 С - +2 С шегінде күтілсе, "нөлге жуық" деген термин қолданылады.

Ауа температурасы және шық нұктесінің температурасы туралы мәліметтер С толық градустарына еселенген шамада хабарланады. Деректерді хабарлау үшін пайдаланылатын шәкілге жатқызылмайтын кез келген бақыланатын мән ең жақын бүтін С дейін дөңгелектенеді, бұл ретте 0,5 С бақыланатын мәндер ең жақын С дейін дөңгелектенеді.

135. Ауа температурасын және шық нұктесінің температурасын бақылау стационарлық психрометрдің, түкті гигрометрдің және метеорологиялық алаңда психометриялық будкада орнатылған ауаның ең жоғары және ең төменгі

температурасын өлшеуге арналған термометрлердің көмегімен жүргізіледі. Метеорологиялық алаңға қойылатын талаптар осы Қағидаларға 24-қосымшага сәйкес көрсетілген.

Ауаның температурасы мен ылғалдылығын бақылау әуеайлақ ауданына тән жағдайларды көрсетуге тиіс, бұл ретте ауаның ылғалдылығы шық нүктесінің температурасын айқындау жолымен бағаланады.

4-параграф. Атмосфералық қысымды өлшеу

136. Атмосфералық қысымды бақылау метеобөлімшелерді қаруландыруға қабылданған электрондық барометрлермен немесе автоматты метеостанциялардың атмосфералық қысым бергіштерімен өлшенеді.

137. Атмосфералық қысым ондық үлеске дейінгі дәлдікпен миллиметрде (мм сын. бағ.) өлшенеді, ал QNH және QFE шамалары есептеледі және гПа-да хабарланады.

138. Қонуға дәл кіру үшін жабдықталмаған, шектері әуеайлақтан 2 м (7 футқа) немесе одан төмен немесе одан жоғары орналасқан ҮКЖ-да, сондай-ақ қонуға дәл кіру үшін жабдықталған ҮКЖ-да QFE шамалары шектің тиісті артуына қатысты есептеледі.

5-параграф. Ұшы-қону жолағындағы көріну қашықтығын бақылау тәртібі

139. ҮКЖ-дағы көріну қашықтығын бағалау қонуға кіруді және I, II және III санаттар бойынша аспаптар бойынша қонуды орындауға арналған барлық ҮКЖ-да және ұшып көтерілу үшін пайдаланылатын және қарқындылығы жоғары қону шамдары (бұдан әрі - ҚЖШ) және/немесе осытік ҚЖШ бар ҮКЖ-да жүзеге асырылады.

140. ҮКЖ-дағы көріну қашықтығын бағалау нәтижелері (метрде) ҮКЖ-дағы көрінуі немесе көріну қашықтығы 2000 м және одан кем болатын кезеңдер ішінде хабарланады

141. Әуеайлақтардағы көлденең көріну ҮКЖ бойында орнатылған, ал санатталған әуеайлақтарда және ҮКЖ-ның бүйірлерінде тиісті техникалық құралдардың көмегімен аспаптық түрде өлшенеді, сондай-ақ КДП-дан (СКП-дан), метеорологиялық алаңнан, ЖЖРМ-нан және АЖРМ-нан бағдарлар (шамдар) бойынша көзben шолып айқындалады.

142. Жер бетіндегі көлденең көріну оны нашарлататын метеорологиялық құбылыстар болжанатынына немесе болжанбайтынына қарамастан, барлық жағдайларда көрсетіледі.

143. Көлденең көріну қашықтығы 50 м кем, 50-100 м, 100-200 м, 200-400 м, 400-800 м, 600-1000 м, 1000-1500 м, 1500-2000 м, 2-3 км, 3-4 км, 4-6 км, 6-10 км және 10 км астам градациямен болжанады және көрсетіледі.

Ескерту. 143-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 26.08.2020 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

144. Градацияны таңдауды көлденең көрінудің анағұрлым ықтимал болжамды мәні осы градацияның ішінде болатындағы етіп жүргізу қажет. Мысалы, болжамды есептеу әдістері бойынша 900 м көлденең көріну қашықтығын аламыз, пайдаланылатын градация 600-1000 м болады, көлденең көрінуді 1200 м болжау кезінде 1000-1500 м градацияны қолдану керек.

Көрінуді нашарлататын метеорологиялық құбылыстарды болжау кезінде ауа райы болжамында осы құбылыстар кезінде күтілетін ең тәменгі көлденең көріну көрсетіледі.

Ескерту. 144-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 26.08.2020 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

145. Көлденең көрінуді көзбен шолып айқындауға арналған бағдарлар (шамдар) олар КДП-дан ҰҚЖ-ға, СКП-дан ҰҚЖ-ның бойымен ЖЖРМ-ға және АЖРМ-ға қарай көрінуді анағұрлым толық және нақты айқындауды қамтамасыз ететіндегі етіп 50, 100, 200, 400, 600, 800, 1000, 1500 м, 2, 3, 4, 6, 10 км және одан астам қашықтықта таңдалады.

146. Әрбір әуеайлақта КДП-дан, метеорологиялық алаңнан, күн мен түн үшін жеке СКП-дан бақылау жүргізілетін әрбір орын үшін көлденең көрінуді айқындау үшін бағдарлар схемалары әзірленеді. Бағдарлардың схемаларын әскери бөлімнің командирі (әуеайлақтың аға авиациялық бастығы) бекітеді. Осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес КДП пунктінен (күндіз, түнде) көрінудің көлденең қашықтығын көзбен шолып айқындауға арналған бағдарлар схемасы қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде 1 жылдан кейін нақтыланады және жаңартылады.

147. Көзбен шолып бақылау кезінде қараңғы түсер кезде көріну күндізгі және түнгі бағдарлар бойынша бағаланады, бұл ретте мәліметке белгілі бір мәндердің көбісі қосылады.

148. Қону жүйелерімен жабдықталмаған әуеайлақтарда көрінуді бақылау ҰҚЖ-ға қарай да, сондай-ақ басқа да бағыттарда жүргізіледі. Ауа райы мәліметіне ҰҚЖ жұмыс стартының бағытында айқындалған көріну мәні қосылады. Кез келген басқа бағыттағы ең аз мән, егер ол мәліметке енгізілген мәннен аз болса, ҰЖ-ға және кезекші синоптикке (бағытын көрсете отырып) баяндалады.

149. Әртүрлі нүктelerde көлденең көрінуді өлшеудің мәндері бірдей болмаған кезде оның шамасы ретінде қону бағытында осы мәндердің ең азы қабылданады.

Аспаптың көрсеткіштері бойынша және көзбен шолып бақылау бойынша көлденең көріну мәндерінде алшақтық болған жағдайларда оның шамасы ретінде көзбен шолып айқындалған мәндер қабылданады. Бұл жағдайда аспаптың ақаусыздығын тексеру бойынша шаралар қабылданады.

150. АӘБ-ны және ұшуды жүргізу кезеңінде жердегі көлденен қорінуден басқа, атмосфералық жағдайларға, ӘК кабинасының құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты ӘК кабинасынан ұшудағы қоріну (көлденен, тік, көлбей - қону) түсінілетін ұшудағы қоріну айқындалады. Ұшудағы қорінуді ая арайын барлаушы ӘК экипажы айқындауды. ҰЖ-ның нұсқауы бойынша оны ӘК-ның басқа да экипаждары айқындауды мүмкін.

151. Қонудағы қорінудің мәні ретінде ӘК экипажының командирі тура қону жолағында "Жолақты қоріп тұрмын" деп баяндаған сэтте қону РЛС-ның көмегімен РЗП өлшенген ӘК мен ҰҚЖ-ның басы арасындағы қашықтық қабылданады.

152. Төмен бұлттылық болмаған кезде және әуеайлақта жерде 2000 м аз көлденен қорінуді нашарлататын жерусті мұнары (тұтін), сырғыма тұман, сырғыма жел, төмен бұрқасын немесе төмен шанды (құмды) боран болған кезде қонудағы қорінудің мәні ретінде бағдарлар (шамдар) бойынша аспаптық немесе көзбен шолып анықталған көлденен қорінудің мәні қабылданады.

Төмен бұлттылық, жауын-шашын, тұтін, тұман болған және қонудағы қоріну туралы деректер болмаған кезде оның мәні қонудағы қорінудің бұлттардың биіктігінен, ая арайы құбылыстарынан және осы типтегі ӘК үшін көлденен қорінуден тәуелділігін көрсететін кесте бойынша айқындалуы мүмкін.

153. Тік ұшудағы қорінудің мәні үшін жер бетінен жер бетіндегі объектілер тік төмен қорінетін деңгейге дейінгі ең үлкен қашықтық қабылданады.

6-параграф. Ағымдағы ая арайы бақылау тәртібі

154. Ағымдағы ая арайы құбылыстарын бақылау деректері әуеайлақта қалыптасқан метеорологиялық жағдайларды анағұрлым толық көрсетуге тиіс.

155. Әуеайлақта ағымдағы ая арайына бақылау жүргізіледі және метеорологиялық параметрлердің деректері беріледі. Ағымдағы ая арайының мынадай құбылыстары көрсетіледі: жаңбыр, сіркіреме, қар және мұзданатын жауын-шашын (олардың қарқындылығын қоса алғанда), буалдыр, мұнар, тұман, мұзданатын тұман және найзағай (әуеайлақ маңындағы найзағайды қоса алғанда).

Ескерту. 155-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

156. Тұрақты мәліметтерде, арнайы мәліметтерде ағымдағы ая арайының бақыланатын құбылыстарының түрі мен сипаттамалары көрсетіледі және тиісінше олардың қарқындылығына және/немесе әуеайлаққа жақындығына баға беріледі.

157. Жергілікті тұрақты мәліметтерде, жергілікті арнайы мәліметтерде тиісті өлшемшарттардың қабылданған символдарын (шартты белгілерін) пайдаланып, ағымдағы ая арайы құбылыстарының төменде көлтірілген түрлері көрсетіледі:

- 1) жауын-шашын (түрін нақтылаусыз), егер бұл ретте болжанатын аяа температурасы 0 С жақын болса (- 2 С-ден + 2 С-ге дейін);
- 2) сіркіреме, жаңбыр, қар, қар түйіршігі, мұз қырышығы;
- 3) алмаз шаң деп аталатын мұз кристалдары (өте ұсак), өлшенген күйдегі мұз кристалдары (осы құбылысқа байланысты 5000 м немесе одан аз көріну кезінде хабарланады);
- 4) бұршақ туралы ең ірі бұршақтың диаметрі 5 мм немесе одан көп болған кезде хабарланады;
- 5) ең ірі бұршақтың диаметрі 5 миллиметрден аз болған кезде ұсак бұршақ және/немесе қар қырышығы.

Көрінуді нашарлататын құбылыстар:

тұман – (жер деңгейінен төмен 2 м (6 футтан) аз сипаттамаларымен бірлесіп пайдалану жағдайын қоспағанда, көріну 1000 м кем болған кезде хабарланады), әуеайлақтың орнын жабатын тұман тізбектері, ішінара (әуеайлақтың көп бөлігін тұман басқан, ал қалған бөлігінде тұман болмаған кезде пайдаланылады) немесе маңайда;

мұнар – көріну 1000 м және одан көп, бірақ 8000 м аспайтын болған кезде хабарланады;

құм, шаң (құрсаулы), буалдыр, тұтін, жанартау күлі;

құмды құйын (шанды құйын), қара дауыл, құйыш тәрізді бұлт (қарақұйын), құмды боран (шанды боран).

Ескерту. 157-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

158. Жергілікті тұрақты мәліметтерде, жергілікті арнайы мәліметтерде қажет болған кезде қабылданған шартты белгілер мен тиісті өлшемшарттарды пайдалана отырып, ағымдағы аяа райы құбылыстарының төменде келтірілген сипаттамалары көрсетіледі:

1) найзағай жаңбыр, қар, бұршақ, ұсак бұршақ және (немесе) қар қырышығы немесе жауын-шашынның осы нысандарының жиынтығы бар найзағай туралы хабарлау үшін пайдаланылады.

Әуеайлақтарда найзағайды бақылау кезінде беру үшін мәліметтерде сегіз румбы бойынша найзағайдың орналасқан жері мен жылжу бағыты хабарланады. Найзағайдың разряды мен кейінгі күн күркіреу арасындағы уақыт аралығы бойынша найзағайға дейінгі қашықтық бағаланады. Егер бұл аралық 10 с артық болса (найзағайға дейінгі қашықтық 3 км артық), найзағай "алыс" ретінде, 10 с кем болса - "әуеайлақтың үстіндегі найзағай" ретінде бағаланады;

2) нөсерлі жауын-шашын нөсерлі жаңбыр, қар, бұршақ, ұсак бұршақ және (немесе) қар қырышығы туралы немесе жауын-шашынның осы нысандарының жиынтығы

туралы хабарлау үшін пайдаланылады. Әуеайлақ маңында бақыланатын нөсер туралы хабарламаларды жауын-шашынның түрін немесе қарқындылығын көрсетпей хабарлау қажет;

3) қататын өте сұтылған су тамшылары немесе тұман, сіркіреме және жаңбыр сипаттамаларымен ғана жауын-шашын;

4) төменгі бұрқасын жер деңгейінен 2 м (6 фут) немесе одан жоғары биіктікке дейін жел көтеретін шаң, құм немесе қар туралы хабарлау үшін пайдаланылады;

5) сырғыма жел жер деңгейінен 2 м (6 фут) аз биіктікке дейін жел көтеретін шаң, құм немесе қар туралы хабарлау үшін пайдаланылады.

159. Жергілікті тұрақты бақылауда, жергілікті арнайы мәліметтерде тиісті қарқындылығы қажет болған жағдайда ағымдағы ауа райының хабарланатын құбылыстарының әуеайлаққа жақындығы мынадай болып көрсетіледі:

1) 2000 м және одан артық көріну кезінде әлсіз (әлсіз);

2) 1000 м бастап 2000 м дейін көріну кезінде қалыпты (қалыпты);

3) 1000 м аз көріну кезінде күшті (күшті);

Сонымен қатар, мынадай сипаттамалармен пайдаланылады:

сіркіреме, бұршақ, қар қырышығы, мұзды жаңбыр, жаңбыр, қар түйіршігі, қар және жауын-шашын (немесе ағымдағы ауа райының осы түрлерімен жиынтықта);

шанды/құмды боран (қарқындылығы бойынша қалыпты немесе күшті);

күшті қарқындылық торнадо немесе су қарақұйынын көрсету үшін пайдаланылады; жерге жетпейтін құйғыш тәрізді бұлтты көрсету үшін қалыпты;

әлсіз қарқындылық жауын-шашын үшін көрсетіледі.

160. КТА-дан шамамен 10 км және 20 км маңайында ағымдағы ауа райы құбылыстарымен бірге шаңды боран, құмды боран, тұман, құйғыш тәрізді бұлт (қарақұйын), қар, шаңды және құмды құйындар, төмен бұрқасын, найзағай және жанартау күлі пайдаланылады.

161. Әуеайлақта және оның маңында ұшуды жүргізуге ықпал ететін ағымдағы ауа райының сипаттамасы мынадай тәртіппен көрсетіледі:

1) құбылыстың қарқындылығы немесе әуеайлаққа жақындығы көрсетіледі;

2) ауа райы құбылысының сипаттамасы және/немесе түрі (жаңбырлы қатты найзағай немесе әуеайлақтың маңында ең көп дегенде 8 км, бірақ әуеайлақтың өзінде емес, қатты тұман);

3) ауа райы құбылыстарының екі әртүрлі типі бақыланатын кезде осы құбылыстар қарқындылығы немесе әуеайлаққа жақындығы бойынша хабарланады (қатты тұман және сіркіреме немесе әлсіз сіркіреме және өңірдегі тұман);

4) бақылау кезінде жауын-шашынның әралуан түрлері, бұл ретте бірінші болып жауын-шашынның қарқындылығы бойынша ғана болатын жауын-шашынның басым түрі көрсетіледі (жаңбырлы қарлы найзағай немесе жаңбырлы әлсіз қар, тұман немесе қатты нөсерлі қар, төмен қар бұрқасыны немесе әлсіз қар, төмен қар бұрқасыны).

162. Бұлттардың төменгі шегін анықтау мүмкін болмаған кезде тұман немесе жауын-шашын болған кезде бұлттардың төменгі шегінің биектігін өлшеуіштің, шар-пилоттың немесе ӘК көмегімен тік көріну айқындалады. Бұл жағдайда тік көрінудің мәні бұлттардың төменгі шегінің биектігімен теңестіріледі.

163. Тұманды бақылау кезінде ауа температурасы минус 30 оС және одан төмен болған, ал жақын жерде ашық су тоғандары болмаған кезде салқындастылған тұман туралы емес, тұман туралы хабарлау қажет.

164. Жауын-шашының қарқындылығын көзben шолып бағалау кезінде көріну мәндері және ауа райы құбылыстарының жиынтығы, бұлттылық нысаны және басқа да метеорологиялық факторлар ескеріледі.

165. Мұздану, шайқалу және қарқынды электрлендіру қабаттың шекарасын көрсетумен болжанады, олар күтілетін жерде:

- 1) __ метр қабатындағы бұлтта (__ метр биектіктен);
- 2) бұлт астында;
- 3) жауын-шашында.

Көктайғақ қарқындылығына қарамастан болжанады.

Деректер болған кезде ауа райының барлық құбылыстарының күтілетін қарқындылығы көрсетіледі: әлсіз, қалыпты, күшті.

Ескерту. 165-тармақ жана редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

166. Атмосфералық құбылыстарды бақылау нәтижелері ауа райы күнделігіне қарқындылығының басталу, аяқталу және өзгеру уақытын көрсете отырып, құбылыстар түрінің символдарымен жазылады. Ауа райы күнделігінде атмосфералық құбылыстардың қарқындылығы құбылыстың символында байқалады.

7-параграф. Бұлттылықты бақылау және мәліметтердегі деректерді ұсыну тәртібі

167. Ұшың маңызды бұлттылықты сипаттау ұшін қажетті бақылау жүргізіледі және саны, түрі және БТШБ туралы деректер беріледі. Аспанның жай-күйін анықтау қын болған кезде бұлттардың санын, түрін және төменгі шегінің биектігін бақылаудың орнына бақылау жүргізіледі және тік көріну туралы деректер хабарланады. БТШБ және тік көріну туралы деректер метрмен (немесе футпен) беріледі.

168. БТШБ әуеайлақтың артуына қатысты көрсетіледі. Қонуға дәл бет алу ұшін жабдықталған ҰҚЖ-ны пайдалану кезінде, оның шегінің артуы 10 м-ге (33 футқа) немесе одан да көп әуеайлақтың артуынан ерекшеленетін болса, бұлттардың төменгі шегі биектігінің өлшенген мәніне биектіктердің әртүрлілігіне түзету енгізіледі.

169. Ашық теңізде орналасқан құрылыштардан мәліметтер ұсынылған кезде БТШБ теңіздің орташа деңгейіне қатысты көрсетіледі.

170. Бұлттардың саны көрінетін аспан бұлттарының жиынтық жабылу дәрежесі ретінде он балдық шәкіл бойынша көзben шолып айқындалады. Аспанды бұлттармен ішінара жапқан кезде бұлттармен қамтылған аландар ойда жинақталады және бұлттармен жабылған аспанның үлесі бағаланады.

171. Бұлттылық оның тәменгі және жоғарғы шегінің санын, нысаны мен биіктігін көрсете отырып болжанады.

172. Бұлттылық саны жалпы және тәменгі қабаттың бөлігі арқылы кез келген градацияда 2 балл аралығымен көрсетіледі.

Бұлттылық санын нақтылау кезінде градациялар мен терминдер қолданылады: (0 балл) - "анық"; (2-3 балл) - "аз бұлтты", "шамалы"; (3-5 балл) - "шашыранқы бұлттылық", "жекелеген бұлттар"; (4-6 балл) - "шашыранқы"; (5-7 балл) - "жарылған", "елеулі" бұлттылық;

173. Тәменгі қабаттағы бұлттардың нысаны толық атаулармен көрсетіледі.

Ауа райы болжамдарында бұлттардың тек негізгі нысандары (екіден көп емес) көрсетіледі. Егер бірнеше қабаттың бұлты күтілсе, "көп қабатты бұлттылық" деген терминді пайдалануға рұқсат етіледі, бірақ тәменгі қабаттағы бұлттылықтың түрі мен саны көрсетіледі.

174. Орташа және жоғарғы қабаттағы бұлттарды сипаттау үшін "орташа қабаттағы" немесе "орташа", "жоғарғы қабаттағы" немесе "жоғарғы" деген терминдер қолданылады.

Барлық қабаттардағы бұлттардың тәменгі және жоғарғы шегінің биіктігі төсөлетін жер (су) бетіне қатысты көрсетіледі.

175. Бұлттар биіктігінің күтілетін тәменгі шегі үшін мынадай градацияны қолдануға рұқсат етіледі:

- 1) 0-ден 50 м дейін 10 м кейін;
- 2) 50-ден 200 м дейін 50 м кейін;
- 3) 200 м-ден 2000 м дейін мынадай тәртіппен (200-300 м, 250-350 м, 300-500 м, 400-600 м 500-800 м, 800-1000 м, 900-1200 м, 1200-1500 м, 1500-2000 м);
- 4) 2000 м және одан жоғары мынадай тәртіппен (2-3 км, 3-4 км, 4-6 км, 7-9 км, 8-10 км).

176. Градацияны таңдауды бұлттылық биіктігінің анағұрлым ықтимал болжамды мәні осы градацияның ішінде болатындағы етіп жүргізу қажет. Мысалы, ауа райы болжамының есептік әдістері бойынша бұлттылық биіктігі 150 м болып болжанады, ал таңдалған градация 120-170 м болады, ал бұлттардың биіктігін 250 м етіп болжаған кезде градация 200-300 м болады.

Орташа және жоғарғы қабаттардағы бұлттылықтың тәменгі және жоғарғы шектерін көрсету үшін "... км қабатта орташа (жоғарғы) бұлттылық" деген термин қолданылады.

Бұлттылық биіктігін нақтылау кезінде мынадай терминдер қолданылады: "жауын-шашын кезінде ... м", "сағат м дейін төмендетумен", "сағат..... м дейін арттырумен".

177. Ая райы құбылыстарын болжау кезінде құбылыстың мынадай түрі көрсетіледі : жауын-шашын, тұман, мұнар, тұтін, буалдыр, бүрқасын, сырғыма жел, шаңды (құмды) боран, найзағай (найзагай жағдайы), қара дауыл, алапат дауыл, қарақұйын, шайқалу, көктайғақ, мұздану, қарқынды электрлендіру.

178. Тұманды сипаттау үшін мынадай терминдер қолданылады: тұман, төменгі жерлерде тұман, жерүсті тұманы, суусті тұманы, тұман толқындармен, тұман ошақтары

Мұнар, тұтін және буалдыр қарқындылығын көрсете отырып болжанады: қою мұнар (тұтін, буалдыр) 1000-нан 2000 м дейін көріну кезінде; мұнар (тұтін, буалдыр) 2000 м астам көріну кезінде.

179. Найзағайды болжау кезінде мынадай терминдер қолданылады: найзағай, найзағай жағдайы. Найзағай жағдайы деп қуатты түйдек немесе түйдек-жаңбырлы бұлттардың болуы түсініледі.

180. КДП (метеорологиялық алаң), ЖЖРМ және АЖРМ ауданындағы әуеайлақтағы бұлттардың төменгі шегінің 2000 м дейін биіктігі аспаптық түрде өлшенеді. Егер бұлттардың биіктігін аспаптық түрде өлшеу мүмкін болмаса (зениттегі бұлттар болмаса), онда ұшу болмаған кезде оны бақылаушы көзбен шолып бағалайды. Ұшу кезінде әуеайлақтағы бұлттардың төменгі шегінің биіктігін ӘК экипаждары айқындалады.

Егер аспаптық түрде өлшенген және ӘК экипажы айқындаған бұлттар биіктігінің және тік көрінудің мәні сәйкес келмесе, онда бұлттардың төменгі шегінің биіктігі ретінде аспаптық түрде өлшеу жолымен алынған мән қабылданады.

8-параграф. Метеорологиялық радиолокаторлардың көмегімен автоматтандырылған бақылау тәртібі

181. МРЛ-мен жабдықталған әуеайлақтарда бұлтты түзілімдердің, найзағай ошақтарының, жауын-шашын аймақтарының кеңістіктік таралуына, олардың қозғалуына және эволюциясына бақылау жүргізіледі.

182. Автоматтандырылған радиолокациялық жүйеге бақылау жүргізу кезеңділігі метеорологиялық және синоптикалық жағдайлармен айқындалады.

МРЛ-ның қолданылу радиусында найзағай қаупі бар түйдек-жаңбырлы бұлттар және (немесе) нөсерлі жауын-шашын, бұршақ, қара дауыл бар ошақтар анықталған кезде бақылау 10 минуттан 30 минутқа дейінгі аралықпен жүргізіледі және автоматтандырылған радиолокациялық жүйелердің мүмкіндіктерімен айқындалады.

183. МРЛ бойынша бақылау нәтижелері қашықтықтан өндөледі және кезекші синоптиктің және басшылық жасау тобының жұмыс орындарында орнатылған арнайы дисплейлерде радиолокациялық метеорологиялық деректер түрінде көрсетіледі.

Өндөлген радиолокациялық ақпарат электрондық түрде ЭҚБ орталығының автоматтандырылған жұмыс орнына беріледі.

Егер МРЛ ақпараты ЭҚБ орталықтарына ауызша түрде тікелей сөйлеу арналары немесе телефон арқылы берілетін болса, онда бұлттылық аймақтарының және найзағай ошақтарының орналасқан жері ТКТ-ға қатысты көрсетіледі.

184. Әуеайлақтан 100 км радиуста ошақтар болған кезде олардың жағдайы туралы ақпарат КП метеоқызметіне хабарланады. Көрсетілген ақпаратқа мынадай мәліметтер енгізіледі:

- 1) ошақтың сипаты;
- 2) ТКТ-ға қатысты ошақ орталығының орналасқан жері (азимут және қашықтығы);
- 3) сегіз румбадағы бағыты және ошақтың км/сағ орнын ауыстыру жылдамдығы.

Ескерту. 184-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

185. Найзағай ошақтарының орналасқан орны туралы ақпарат сағат нұсқары бойынша азимуттар және ошақ шегінің немесе ошақтар аймағының бойымен таңдалған нұктелер бойынша қашықтық туралы деректерді көрсете отырып ұсынылады.

186. МРЛ-мен жабдықталмаған әуеайлақтарда метеорологиялық радиолокациялық ақпаратты алу үшін басқа метеорологиялық органдар пайдаланатын әуеайлақтан 50 км радиуста орналасқан МРЛ-дан ақпарат пайдаланылады.

187. Әуеайлақта найзағай пеленгаторы болған кезде оның деректері найзағай ошақтарының орналасқан орнын нақтылау үшін пайдаланылады.

188. Автоматтандырылған қабылдау мен өндеу жүйелерінің көмегімен алынған радиолокациялық деректерді пайдалану арнайы нұсқаулықтармен және пайдалану жөніндегі нұсқаулармен айқындалады.

9-параграф. Радиолокациялық станциялардың көмегімен бақылау

189. Сантиметрлік диапазонды РЛС-мен жабдықталған әуеайлақтарда ұшу кезеңінде бақылау сағат сайын, қалған уақытта - екі сағаттан кейін жүргізіледі. Әуеайлақ ауданында найзағай қаупі бар түйдек-жаңбырлы бұлттар немесе қарқынды нөсерлі жауын-шашын, қара дауыл бар ошақтар анықталған кезде 100 км радиуста радиолокациялық бақылау 30 минуттан кейін жүргізіледі. Бақылау нәтижелері радиолокациялық жағдай карталары түрінде ресімделеді, ал ошақтардың жағдайы сағат сайын жүргізілетін бақылау нәтижелері бойынша нақтыланады.

190. Метеорологиялық радиолокациялық бақылау жүргізу кезінде бұлттардың төменгі және жоғарғы шегінің биіктігі, найзағай, түйдек-жаңбырлы және қатты түйдек бұлттар, нөсерлі және құрсаулы жауын-шашын ошақтарының болуы мен орналасқан орны, олардың даму тенденциясы, сондай-ақ бұлттылықтан жарық түсу, олардың жылжу бағыты мен жылдамдығы айқындалады.

Әуеайлақ ауданындағы, ұшу маршруттарындағы және полигондардағы, бұлттардағы және бұлттар артындағы ауа райы жағдайлары, сондай-ақ метеобөлімшениң көріну аймағынан тыс орналасқан АЕҚ-ның болуы радиотехникалық құралдардың деректері, ауа райын барлаушының, ӘК ұшу экипаждарының жеткізілімдері және метеорологиялық станциялар желісінің жерүсті бақылауының деректері бойынша бағаланады.

Метеобөлімшелердегі радиолокациялық бақылау нәтижесі осы Қағидаларға 26-қосымшага сәйкес нысан (AB-9) бойынша ауа райын радиолокациялық барлау бюллетеніне жазылады және белгіленген мерзімде КП метеоқызыметіне және сұрау салу бойынша беріледі.

Ескерту. 190-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-параграф. Метеорологиялық бақылау жүргізуіндегі автоматты жүйелері

191. Бірлесіп орналасу әуеайлақтарында жергілікті тұрақты және арнайы мәліметтер, сондай-ақ бақылау жүргізуіндегі толық автоматты жүйелерімен ұсынылатын METAR және SPECI мәліметтері (ағымдағы ауа райының құбылыстарын және бұлттылық санын бақылауды қоса алғанда) адамның араласуынсыз беріледі.

192. Автоматты бақылау жүйелерінен (адамның араласуынсыз) алынатын METAR және SPECI мәліметтері әуеайлақ жұмыс істемейтін кезеңде, сондай-ақ пайдаланушылармен келісу бойынша метеорологиялық орган айқындаған әуеайлақтың жұмыс істеу сағаттарында пайдаланылады.

193. Автоматты бақылау жүйелерінен (адамның араласуынсыз) алынатын жергілікті тұрақты және арнайы мәліметтер пайдаланушылармен келісу бойынша метеорологиялық орган айқындаған әуежай жұмыс істейтін кезеңде пайдаланылады.

194. Автоматты бақылау жүйелерінен алынатын жергілікті тұрақты мәліметтер, жергілікті арнайы мәліметтер, METAR және SPECI мәліметтері "AUTO" деген сөзben белгіленеді.

5-тапау. Әуе кемелерінің борттарынан бақылаулар мен жеткізілімдерді жүргізу және беру

195. ӘК бортынан (АӘБ, АТБ) жүргізілетін метеорологиялық бақылау метеорологиялық бақылаулармен жеткілікті жарықтандырылмаған аудандар үстіндегі жағдайлар туралы ақпарат алу үшін және қалыпты және қатты турбуленттіліктің, қалыпты және қатты мұзданудың, желдің ауысуы және ӘК ұшуының қауіпсіздігіне қолайсыз ықпал ететін басқа да құбылыстардың болуы туралы ақпарат алу үшін пайдаланылады.

196. ӘК бортынан (АӘБ, АТБ) бақылау деректері бойынша метеобөлімше басқа көздерден алынатын ақпаратпен бірге метеорологиялық жағдайдың өзгеруін қадағалауды және ұшу маршруттары мен аудандары бойынша болжамдар мен ескертүлерге түзетулер жасауды қамтамасыз етеді.

197. АӘБ мен АТБ сөйлеу байланысы құралдарын пайдалана отырып, барлық ӘК борттарынан беріледі:

1) ұшу уақытында бақылауды жүзеге асырған сэтте немесе мүмкіндігінше оларды жүргізгеннен кейін бірден;

2) биіктікті алу кезінде - қауіпсіз биіктікке жеткеннен кейін;

3) қонуға бет алу кезінде - жерге қонғаннан кейін.

198. АТБ мынадай метеорологиялық жағдайлар байқалса, ұшуды жүргізу кезеңінде ӘК бортынан жүргізіледі:

1) қалыпты және қатты турбуленттілік;

2) қалыпты және қатты мұздану;

3) қатты тау толқыны;

4) бұршақсыз найзағай, жасырын, бұркемеленген, құрсаулы немесе қара дауыл желісі бойынша найзағай;

5) бұршақпен найзағай, жасырын, бұркемеленген, құрсаулы немесе қара дауыл желісі бойынша найзағай;

6) қатты шанды немесе қатты құмды боран;

7) жанартау күлінің бұлты.

199. Экипаж командирі олар туралы ҰЖ-ға баяндайтын биіктікті алудағы, ұшып көтерілгеннен немесе қонуға бет алғаннан кейін аймақтардағы метеорологиялық жағдайларға:

1) турбуленттіліктің болуы;

2) мұзданудың болуы;

3) желдің ауысуы жатады.

200. Экипаж командирінің пікірі бойынша ұшу қауіпсіздігіне ықпал ететін немесе басқа ӘК ұшуының тиімділігіне елеулі ықпал ететін басқа да метеорологиялық жағдайлар болған кезде экипаж командирі бұл туралы ҰБТ адамдарын хабардар етеді.

201. ӘК бортынан бақылау деректері мұзданудың, турбуленттіліктің болуын және желдің ауысуын растау болып табылады, өйткені бұл құбылыстар жерден бақыланбайды.

202. Желдің ауысуы туралы жеткізілмдер болған жағдайда:

1) ӘК типін хабарлау қажет;

2) ұшқыштар құрамы қысқа мерзімдерде, егер болжанатын желдің ауысуы бақыланбайтын болса, ҰБТ адамдарын хабардар етеді.

203. Метеобөлімше дауылды ескертуді немесе іс жүзінде жоқ биіктікті алу немесе қонуға бет алу аймақтарында желдің ауысуы туралы хабарламаны жеткізген кезде екипаж командирі бұл туралы ҰЖ-ға баяндайды.

204. ӘК бортynan АТБ-ны жүргізу КП метеоқызыметінің, кезекші инженер-синоптиктің сұрау салуы бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 204-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

205. ҰЖ және ӘК командирі ұшуда радиобайланыс арналары арқылы берген АӘБ және АТБ деректері дереу КП метеоқызыметіне беріледі.

Метеобөлімше ҰБТ адамдарынан, ӘҚБ орталықтарынан алған ӘК борттарынан хабарламалар осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан (AB-17) бойынша ауа райын барлау журналында тіркеледі.

Ескерту. 205-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-тарау. Авиациялық ауа райы болжамдарын жүргізу

1-параграф. Әуеайлақ бойынша болжамдар

206. Әуеайлақ бойынша болжамдар және оларға түзетулер болжамдар түрінде шығарылады және көрсетілген тәртіппен мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) болжам түрі;
- 2) болжамның қолданылу күні мен кезеңі;
- 3) бұлттылық;
- 4) ауа райы құбылыстары;
- 5) көріну;
- 6) жерусті желі;

7) болжамның қолданылу кезеңінде күтілетін ауаның ең жоғары және ең төменгі температурасы және осы шамаларға қол жеткізудің тиісті уақыты (тек 24 сағатқа арналған болжамдарда көрсетіледі);

8) қолданылу кезеңі ішінде осы элементтердің біреуінің немесе бірнешеуінің күтілетін елеулі өзгерістері.

207. Әуеайлақ бойынша болжам белгіленген уақытта, болжамның қолданылу кезеңі басталғанға дейін 1 сағат бұрын шығарылады және белгілі бір уақыт кезеңі ішінде әуеайлақ ауданында күтілетін метеорологиялық жағдайлар туралы қысқаша хабарламадан тұрады.

208. Әуеайлақ бойынша болжамды метеобөлімше КП метеоқызыметімен келісу бойынша жасайды.

Ескерту. 208-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

209. Болжамдарды жасайтын метеобөлімше болжамдарға тұрақты бақылауды жүзеге асырады және оларға тиісті түзетулерді уақтылы енгізеді. Болжамдар мәтінінің ұзындығы және оларда көрсетілген өзгерістердің саны барынша аз болады.

210. Әуеайлақ бойынша болжамдардың қолданылу кезеңі кемінде 6 сағатты құрайды және 12 сағаттан аспайды. Қолданылу кезеңі 12 сағаттан аз болжамдар әр 3 сағат сайын, ал қолданылу кезеңі 12 сағаттан 24 сағатқа дейінгі болжамдар - әр 6 сағат сайын жасалады.

211. Маршрут бойынша әуеайлақтың ұшу кезеңіндегі ауа райы болжамы, егер бұл ұзақтық 3 сағаттан аспайтын болса, алдағы ұшу ұзақтығы 1 сағатқа асатын мерзімге және ұшу ұзақтығы 3 сағаттан асқан кезде 2 сағатқа әзірленеді.

212. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша КП метеоқызметінде әзірленген ауа райы болжамы басқару пункттеріне, мемлекеттік авиацияның басқару органдарына, метеобөлімшеге жеткізіледі.

Ескерту. 212-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

213. КП метеоқызметінің ауа райы болжамы метеобөлімшелердің болжамды әзірлеуі үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 213-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Әуеайлақ бойынша қысқа мерзімді авиациялық ауа райы болжамдары

214. Ауа райы болжамдары уақыты бойынша қолданылу мерзімі оны әзірлеу аяқталған сәттен бастап 36 сағатқа дейінгіні құрайтын қысқа мерзімді және қолданылу мерзімі 36 сағаттан астамды құрайтын ұзақ мерзімді болып бөлінеді.

215. Қысқа мерзімді ауа райы болжамдарын және оларға нақтылауды барлық метеобөлімшелер әзірлейді.

216. Бір тәулікке арналған қысқа мерзімді ауа райы болжамы және оларға нақтылау ұшудың жоспарланғанына немесе жоспарланбағанына қарамастан, бөлімдердің орналасу аумағы бойынша әзірленеді.

Ауа райы болжамы күн сайын КП метеоқызметте сағат 16.00-ге қарай, ал ескери бөлімдерде сағат 17.00-ге қарай ағымдағы күннің 18.00-ден бастап келесі күннің 18.00-ге дейінгі кезеңге (Астана уақыты бойынша), бөлек түнге (сағат 18.00-ден 6.00-ге дейін) және күнге (сағат 6.00-ден 18.00-ге дейін) әзірленеді.

Келесі күнгі сағат 6.00-ден 18.00-ге дейінгі кезеңге арналған ауа райы болжамы Астана уақытымен сағат 5.30-ға қарай КП метеоқызметте нақтыланады.

Метеобөлімшелерде әр 6 сағат сайын, 00 сағаттан бастап әскери бөлімнің орналасқан ауданы бойынша ауа райының жедел болжамы әзірленеді.

Ауа райы болжамына нақтылау атмосфералық процесті кейінгі талдау ауа райы жағдайы бұрын күтілгеннен ерекшеленетінін көрсеткен барлық жағдайда әзірленеді.

Ескерту. 216-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

217. Қысқа мерзімді ауа райы болжамдары үшін белгіленген ҚМЖ және ҚМЖ терминологиясы, тұрақсыз метеорологиялық жағдайлар, тұрақты метеорологиялық жағдайлар және осы Қағидаларда көзделген метеорологиялық элементтер мәндерінің градациялары қолданылады.

Метеорологиялық элементтердің болжамды мәндерін бір градация шегінде нақтылауға рұқсат етіледі.

Ауа райы болжамының тұжырымы анық, қысқа болуға және оны екі рет түсінуге жол бермеуге тиіс.

218. Уақыты мен орны бойынша болжамды нақтылау үшін мынадай тұжырымдар қолданылады: таңертең, күндіз, кешке, түнде, сағат ... бастап дейін, жанында (кейін) сағат....., мерзімнің (маршруттың) басында, ортасында, сонында, мерзімнің (маршруттың) бірінші (екінші) жартысында, уақытша, қысқа мерзімді, кей жерлерде, маршрут участкесінде.

Егер болжамда күтілетін ауа райы құбылысының уақытын (орнын) нақтылау болмаса, онда ол болжамның қолданылу мерзімінің жартысынан астамы (маршруттың, аумақтың басым бөлігінде) бақылануға (үзіліспен немесе үзіліссіз) тиіс деп есептеледі.

"Уақытша" деген термин болжамда көрсетілген құбылыс болжамның барлық қолданылу кезеңі ішінде бірнеше рет қайталанатыны, ал оның жалпы ұзақтығы болжамның барлық қолданылу мерзімінің жартысынан кем болатыны күтілетін жағдайда қолданылады.

Бұлттардың тәменгі шегінің биіктігі үшін "уақытша" деген терминді қолданған кезде қосымша тек бір градация ғана көрсетіледі.

"Қысқа мерзімді" деген термин ауа райы құбылысы осы ауа райы болжамының қолданылу кезеңінің үштен бір бөлігінен аспайтын жалпы ұзақтығы кезінде бірнеше рет қайталану күтілетін жағдайларда қолданылады.

"Мерзімнің (маршруттың) басында (сонында)", "таңертең (кешке)" деген терминдер төртінші бөлімге, ал "мерзімнің (маршруттың) ортасында", "күндіз (түнде)" деген терминдер - болжамның қолданылу мерзімінің жартысында сәйкес келеді.

Орны бойынша болжамды нақтылау үшін аумақты екі немесе одан да көп бөлікке (батыс, шығыс, солтүстік, оңтүстік жартысы, орталық бөлігі, тау, жағалау аудандары, алқаптар және т.б.) әкімшілік не географиялық бөлу пайдаланылады.

"Кей жерлерде" деген термин ауа райы құбылысы аумақтың немесе ауданың (маршруттың) үштен бір бөлігінен аспайтын уақытта бақыланатыны күтілетін жағдайларда қолданылады.

219. Ауа райы болжамының мәтіндері:

1) (АВ-6) нысандағы ауа райы күнделігіне (тәулікке арналған ауа райы болжамы және оған нақтылау);

2) ауа райы бюллетеніне (ұшу маршруты немесе ауданы бойынша және қону пунктіндегі ауа райы болжамы);

3) КП метеоқызметінде және метеобөлімшелерде (ұзақ мерзімді ауа райы болжамы, 6 сағатқа және ұшу маршруттары бойынша болжам) жүргізілетін жұмыс журналдарына жазылады.

Ескерту. 219-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

220. Тәулікке ауа райы болжамын күтілетін ауа-райының жай-күйін анықтайтын синоптикалық жағдайдың қысқаша сипаттамасымен жасалады.

Ескерту. 220-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

221. Қысқа мерзімді ауа райы болжамдарына мынадай деректер енгізіледі:

1) бұлттылық (саны - жалпы және төменгі қабаттағы бөлек, нысаны, жоғарғы және төменгі шегінің биіктігі);

2) ауа райы құбылыстары;

3) жер бетіндегі көлденең көріну;

4) жер бетіндегі және биіктікегі жел;

5) жер бетіндегі ауа температурасы.

222. КП метеоқызметі және метеобөлімше мыналар үшін арналған ауа райы болжамын әзірлейді:

1) әуеайлақтық және маршруттық ұшуды қамтамасыз ету;

2) радиациялық және химиялық жағдайды бағалау;

3) ПӘК ұшының қамтамасыз ету;

4) ғарыш обьектілері мен олардың екипаждарын ұшыруды, іздестіруді және эвакуациялауды қамтамасыз ету;

5) арнайы тапсырмаларды қамтамасыз ету.

Ескерту. 222-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

223. Ауа райы болжамдарын әзірлеу үшін:
- 1) ауа райының жерусті және биіктіктік карталары;
 - 2) ауа райының болжамдық карталары;
 - 3) атмосфераны температуралық-желді зондтау деректері;
 - 4) МЖЖС-дан алынатын ақпарат;
 - 5) КП метеоқызыметінен және басқа да метеобөлімшелерден алынған болжам мен консультация;
 - 6) АӘБ және АТБ деректері;
 - 7) ауа райының нақты жай-күйі туралы деректер және метеомамандардың ауа райы барысын жеке бақылаулары;
 - 8) АЕҚ болжау есептерінің деректері;
 - 9) авиациялық-климаттық анықтамалықтар, сипаттамалар мен анықтамалар пайдаланылады.

Ауа райы болжамдарын әзірлеу кезінде жергілікті физикалық-географиялық ерекшеліктердің атмосфералық процестердің дамуына және метеорологиялық элементтер мен құбылыстар мәндерінің тәуліктік және маусымдық барысына ықпал етуі ескеріледі.

Ескерту. 223-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

224. Ауа райы болжамдары мақсаты, орны (әуе кеңістігі) және уақыты бойынша бөлінеді.

Ауа райы болжамдары мақсаты бойынша жалпы және арнайы мақсаттағы болжамдарға бөлінеді.

Жалпы мақсаттағы ауа райы болжамдары - міндеттердің ерекшелігін ескермей, метеорологиялық жағдайдың сипатын бағалау үшін әзірленетін болжамдар.

Арнайы мақсаттағы ауа райы болжамдары - орындалатын міндеттердің ерекшелігіне қатысты күтілетін метеорологиялық жағдайлар көрсетілетін болжамдар.

Оларға мыналар жатады:

1) ӘК-ның ұшып көтерілуін (қонуын), маршруттар бойынша ұшуды қамтамасыз ету үшін әзірленетін және жерден және биіктіктер бойынша күтілетін метеорологиялық элементтер мен ӘК-ның ұшуына және оларды жауынгерлік қолдануға ықпал ететін құбылыстардың сипаттамасын қамтитын авиациялық болжамдар;

2) жер бетіндегі және биіктіктердегі жел мен температураның күтілетін параметрлерінің, бұлттылық жай-күйінің, жауын-шашын сипатының сипаттамасын қамтитын радиациялық жағдайды бағалауға арналған болжамдар;

3) жерден десанттау биіктігіне дейін қабаттағы желдің (орташа желдің) күтілетін жылдамдығы мен бағыты туралы деректерді, көріну, бұлттылық, жауын-шашын мен температураның сипаттамасын қамтитын парашютпен секіруді, әскерлер мен жүктерді десанттауды қамтамасыз етуге арналған болжамдар;

4) жердегі және ұшу биіктігіндегі күтілетін метеорологиялық элементтер мен құбылыстардың сипаттамасын қамтитын ПӘК маршруты бойынша ұшып көтерілу (қону) мен ұшуды қамтамасыз етуге арналған болжамдар;

5) ғарыш аппаратының старты және қону аудандарында жердегі күтілетін ұшу-метеорологиялық жағдайлардың сипаттамасын, сондай-ақ жер бетінен мүмкіндігінше ең жоғары биіктікке дейін қону ауданындағы желдің жылдамдығы мен бағыты туралы деректерді қамтитын ғарыш объектілері мен олардың екипаждарының стартын, оларды іздестіруді және эвакуациялауды қамтамасыз етуге арналған болжамдар;

6) отын құю ауданында ұшу биіктігіндегі атмосфераның күтілетін параметрлерінің және оның турбуленттілігінің сипаттамасын қамтитын ӘК-ға әуеде отын қүюды қамтамасыз етуге арналған болжамдар.

Ескерту. 224-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

225. Ауа райы болжамдары орны (әуе кеңістігі) бойынша: әуеайлақ (пункт) бойынша, аудан бойынша, аумақ бойынша және ұшу маршруты бойынша ауа райы болжамдары болып бөлінеді.

Әуеайлақ (пункт) бойынша ауа райы болжамы - 10-15 км радиуста берілген әуеайлақ (пункт) және оған іргелес аудан үстінен күтілетін ауа райы жай-күйінің сипаттамасын қамтитын болжам.

Аудан бойынша ауа райы болжамы - әуеайлақ (аэроторап) ауданындағы күтілетін ауа райы жай-күйінің сипаттамасын қамтитын болжам.

Аумақ бойынша ауа райы болжамы - елдің әскери бөлімдері мен өнірлері (елдер тобы) орналасқан аумақ бойынша күтілетін ауа райы жай-күйінің сипаттамасын қамтитын болжам.

Ұшу маршруты бойынша ауа райы болжамы - ұшып көтерілу әуеайлағынан қону әуеайлағына дейінгі ұшу маршрутындағы күтілетін ауа райы жай-күйінің сипаттамасын қамтитын болжам.

226. Таулы әуеайлақтар бойынша ауа райы болжамдарына, егер әуеайлақ деңгейінен 2000 м және одан төмен биіктікте мұндай бұлттылықтың пайда болуы күтілсе, орташа қабаттың бұлттылығы туралы деректер енгізіледі.

Таулы аудандарда ұшуды қамтамасыз ету кезінде таудың, шоқының және асуладының бұлттармен, тұманмен және жауын-шашынмен жабылу дәрежесі қосылады.

227. Авиациялық ауа райы болжамдары үшү (қону) әуеайлағы үшін, үшү ауданы мен маршруты бойынша болжамдарға бөлінеді.

Үшү (қону) әуеайлағы үшін авиациялық ауа райы болжамдары осы әуеайлақта үшудың (қонудың) күтілетін метеорологиялық жағдайларының сипаттамасын қамтиды.

Үшү ауданы бойынша авиациялық ауа райы болжамы үшү ауданында күтілетін метеорологиялық жағдайлардың сипаттамасын қамтиды.

Үшү маршруты бойынша авиациялық ауа райы болжамы: үшү әуеайлағының, үшү маршрутының және ӘК үшүп келетін уақытқа қарай қону әуеайлағының ауа райы болжамдарын қамтиды.

Маршрут бойынша ауа райы болжамы үшү әуеайлағынан бірінші қону әуеайлағына дейін әзірленеді.

3-параграф. Әуеайлақ бойынша ұзақ мерзімді авиациялық болжамдар

228. Ұзақ мерзімді авиациялық ауа райы болжамдары мазмұндау тәртібі мен қысқа мерзімді авиациялық болжамдар үшін қабылданған терминологияны сақтай отырып әзірленеді.

Ұзақ мерзімді ауа райы болжамы КП метеоқызметіндеге алдын ала 7 тәулік бұрын сұратылады.

Метеорологиялық элементтердің болжанатын мәндерінің градациясы (температура, ылғалдылық, желдің жылдамдығы, бұлттар саны) кез келген градацияда және бес мән аралығымен көрсетіледі.

Сұрау салуларды мүдделі метеобөлімшелер қолданылу мерзімі басталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей беруге тиіс.

Ескерту. 228-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Авиациялық ауа райы болжамдарын бағалау

229. Метеобөлімшелерде әзірленген ауа райы болжамдары бағалануға тиіс.

Үшүға ауа райы болжамдарын ҰЖ, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдарды метеобөлімшелер бастықтары бағалайды.

230. Метеобөлімшелердің бастықтары ауа райы болжамдарын және дауылды ескертулерді бағалау нәтижелері бойынша өткен ай үшін олардың акталуын есепке алу ведомосын жасайды және әскери бөлімдер штабтарының бастықтарына бекітуге ұсынады.

Метеобөлімше бастығы КП метеоқызметінің бастығына және мемлекеттік авиацияның басқару органы метеобөлімшесінің бастығына метеобөлімше үшін және

әрбір инженер-синоптик бойынша бөлек ауа райы болжамының және дауыл туралы ескертудің ақталуы туралы бір жылғы қорытынды деректерді ұсынады.

Ескерту. 230-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

231. Күрделі метеорологиялық жағдай кезінде жасалған барлық ақталмаған, сондай-ақ ауа райының анағұрлым сәтті болжамы мен дауыл туралы ескерту КП метеоқызыметінің және метеобөлімшениң жеке құрамымен мұқият зерделенуге және талдауға жатады.

Ескерту. 231-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

232. Ауа райы болжамы:

- 1) егер АЕҚ көзделмесе, іс жүзінде байқалса;
- 2) егер АЕҚ көзделсе, бірақ олардың ешқайсысы байқалмаса;

3) егер бұлттардың төменгі шегінің биіктігі және көрінүү ұшуды жүргізу үшін қажетті мәндерден төмен (жоғары) көзделсе, ал іс жүзінде осы мәндерден жоғары (төмен) байқалса;

4) егер бұлттылық санының, төменгі және жоғарғы шегі биіктігінің, көрінудің, желдің жылдамдығы мен бағытының, жердегі және ұшу биіктіктеріндегі температураның нақты мәндері болжамда көрсетілгендерден болжамдық кезеңнің үштен бір бөлігінен астамы ішінде бір градациядан артық ерекшеленсе, "акталмады" деп бағаланады.

233. Ақталмаған және анағұрлым сәтті ауа райы болжамдары мен дауылды ескертулерді талдауды жеке құраммен айна бір реттен сиретпей метеобөлімше бастығы ұйымдастырады және жүргізеді.

234. Ақталмаған немесе анағұрлым сәтті ауа райы болжамдары мен дауылды ескертулердің бөлшектенген, анағұрлым өнегелі мысалдарының аэросиноптикалық материалы 5 жыл бойы сақталады және метеомамандармен сабактар өткізу үшін пайдаланылады.

Бағалау кезінде:

- 1) АӘБ жүргізу кезеңіне және ұшу кезеңіне арналған ауа райы болжамдарының ақталуы;
- 2) ұшу кезеңінде әзірленген дауылды ескертулердің ақталуы;
- 3) ауа райы болжамдарына және дауылды ескертулерге нақтылаулардың уақтылығы ;
- 4) ҰЖ-ға нақты және күтілетін метеорологиялық жағдай туралы баяндаулардың уақтылығы мен толықтығы ескеріледі.

Егер метеорологиялық қамтамасыз ету "қанағаттанарлық" немесе "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланса, онда ҰЖ оның нақты кемшіліктерін көрсетеді.

235. Авиациялық болжамдар, егер болжамның қолданылу мерзімі ішінде немесе оған уақтылы нақтылауда әуеайлақ ауданында және маршруттарда ұшу кезеңінде бақыланған метеорологиялық жағдайлар дұрыс көрсетілсе, ал метеорологиялық элементтердің мәндері мерзімнің үштен екі бөлігінің ішінде (маршрут участесінің үштен екі бөлігі қашықтықта) болжанатын градациялардың шегінен шықпаса, "ақталды" деп бағаланады.

Ая райы болжамына нақтылау, егер ол ҰЖ-ға бұдан бұрын әзірленген ұшуға болжамда көзделмеген метеорологиялық жағдайлар туындағанға дейін 1 сағаттан кешіктірілмей баяндалса, уақтылы деп саналады.

5-параграф. Төмен биіктіктерде ұшу үшін болжамдар

236. Төмен және шекті төмен биіктіктерде ұшуды қамтамасыз ету кезінде теңіз деңгейіне келтірілген ең аз атмосфералық қысымның метеорологиялық жағдайларын, тропосфераның төменгі қабатындағы желді, ұшу машруты бойындағы жер бетіндегі аяу температурасын, барийлік тенденцияны, сондай-ақ бұлттардың төменгі шегі биіктігінің кеңістіктік және уақытша өзгеруін, таулардың және жасанды кедергілердің (құрылыштардың) бұлттармен, тұманмен және жауын-шашынмен жабылуын сапалы және мұқият болжау қажет.

237. Төмен биіктікте ұшу үшін болжам сағат 06:00-ден бастап әр 6 сағат сайын жасалады, бұл ретте олардың қолданылу кезеңі 6 сағатты құрайды, КП метеоқызметімен олардың қолданылу кезеңі басталғанға дейін 1 сағат бұрын келісіледі.

Ескерту. 237-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-тарау. Дауылды ескертулерді және аяу райының қауіпті, аса қауіпті құбылыштарды хабарлауды жүймдастыру

1-параграф. Дауылды ескертулерді және аяу райының қауіпті құбылыштарын хабарлауды жүймдастыру

238. Дауыл туралы хабардар етуді КР мемлекеттік авиациясының командирлеріне, штабтарына, КП кезекші есептоптарына және ӘҚБ орталықтарына, басшылық және ұшқыш құрамына, сондай-ақ КП метеоқызметіне және метеобөлімшелерге уақтылы жеткізу ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, авиациялық техниканы, әуеайлақтардағы ғимараттар мен құрылыштарды АҚҚ әсерінен сактау бойынша шараларды уақтылы қабылдау мақсатында жүймдастырылады.

Ескерту. 238-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

239. АҚҚ-ға және метеорологиялық элементтердің мәндеріне:

1) ұшу және қону әуеайлағында:

найзағай, түйдек-жаңбырлы және қалың түйдек бұлттылық, қарақұйын, қара дауыл, бұршақ, мұзды жаңбыр, қатты мұздану (мұздануға қарсы құрылғылармен жабдықталмаған ӘК үшін - кез келген қарқындылықтағы мұздану), көктайғақ;

тұман, шанды (құмды) боран, жаңбыр, сіркіреме, қар, бұрқасын, сырғыма жел, мұнар, буалдыр, сондай-ак ұшу орындалатын ӘК-ге, ал ұшу болмаған кезде осы әуеайлақта орналасқан ӘК-ге арналған минимумдардың ең жоғарғысынан төмен көлденең немесе қонудағы көрінудің нашарлауына әкеп соқтыратын әртүрлі тектегі түтіндер;

төменгі шегінің биіктігі ұшу орындалатын ӘК-ге, ал ұшу болмаған кезде осы әуеайлақта орналасқан ӘК-ге арналған минимумдардың ең жоғарғысынан төмен бұлттар;

жылдамдығы шектеуден асатын жердегі жел (ұшып көтерілу немесе қону бағытына қатысты оның бүйірлік, ілеспе немесе қарсы құрамдас бөлігі), осы типтегі ӘК үшін аяу температурасының 0 С арқылы теріс мәндерге ауысуы, сондай-ак ұшу тоқтатылуға тиіс аяу температурасының жоғары және төмен мәндері;

осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес ұшулар шектелетін немесе тоқтатылатын метеорологиялық элементтердің шекті мәндері және КР ҚҚ ӘҚҚ әуеайлақтарында АҚҚ-ға дейінгі шекті қашықтықтар;

2) әуеайлақ, полигон ауданында, ұшу маршруттарында:

найзағай, бұршақ, оларды айналып ұшуға болмайтын түйдек-жаңбырлы және қалың түйдек бұлттылық;

орташа немесе қатты мұздану (мұздануға қарсы құрылғылармен жабдықталмаған ӘК үшін);

ӘК-ның осы типі үшін белгіленген шектеулерден асатын қатты шайқалу;

тапсырманы орындау үшін ұшудағы көріну және ӘК экипажы командирінің минимумынан төмен бұлттардың төменгі шегінің биіктігі;

тапсырманы орындауға кедергі келтіретін тау шыңдарының, шоқылардың, асулардың, сондай-ақ жасанды құрылыштардың (діңгектер, құбырлар, теледидар мұнаралары және с.с.) бұлттармен, тұманмен және жауын-шашынмен жабылуы.

240. Дауыл туралы хабардар етуді және ескертуді КП метеоқызыметінің бастығы ұйымдастырады және ауысым бастығы – аға инженер-синоптик және метеобөлімшесі бастықтары (инженер-синоптиker) жүзеге асырады.

Дауылды хабарлауға КР ҚҚ метеорологиялық және гидрометеорологиялық бөлімшелері, мемлекеттік авиациясы бар ведомстволар, "Қазаэронавигация" РМК-ның

авиаметеорологиялық станциялары, сондай-ақ әуеайлақтардың айналасында 150-200 км радиуста, ал гидрометеорологиялық станциялардың (бекеттердің) желісі сирек аудандарда - 300 км дейін радиуста орналасқан "Қазгидромет" РМК-ның аумақтық бөлімшелері тартылады.

Ескерту. 240-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

241. Дауылды хабарлауға тартылатын бақылау пункттерінің жалпы саны басым атмосфералық процестерге, ауданның климаттық және жергілікті ерекшеліктеріне, сондай-ақ бөлім орналасқан аумақта дауыл туралы ақпаратты жинау және тарату ерекшеліктеріне байланысты белгіленеді.

242. Дауыл туралы ақпаратты, АҚҚ-ның басталуы мен күшеюі туралы деректерді қамтитын метеорологиялық мәліметтерді белгіленген байланыс желілері бойынша беру "дауыл" сериясымен, ал ауа райы туралы барлық басқа да мәліметтерді, олар туралы сұрау салуларды қоса алғанда, "авиа" сериясымен жүзеге асырылады.

243. Метеобөлімшелердің дауылды хабарлау және ескерту бойынша іс-қимылдарының тәртібі мен алгорitmі дауылды хабарлау және ескерту жөніндегі бөлім (әуеайлақтың) метеорологиялық бөлімшесінің үлгілік нұсқаулығымен айқындалады, оны метеобөлімшениң бастығы әзірлейді және осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бөлім штабының бастығы бекітеді.

244. Бірнеше әскери бөлімнің бірлесіп орналастыру әуеайлақтарында біріктірілген метеобөлімшениң бастығы ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету бойынша бірыңғай әдістеме жасайды, оны осы әскери бөлімдердің командирлерімен келіседі және әуеайлақтың аға авиациялық бастығы бекітеді.

245. Метеобөлімше бастықтары КП метеоқызметінің бастығына жыл сайын оқу кезеңінің сонына қарай (немесе бөлімдердің жаңа орналасу орнына келуі бойынша) "Қазаэронавигация" РМК-ның метеорологиялық станцияларын және "Қазгидромет" РМК-ның гидрометеорологиялық станцияларын және мемлекеттік авиациясы бар басқа да ведомстволарды дауыл туралы хабардар етуге тартуға өтінімдерді ұсынады.

Ескерту. 245-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

246. КП метеоқызметінің бастығы әуеайлақтардың дауыл туралы хабардар етудауыл туралы хабардар етуге өтінімдерді жинақтайды және авиаметеорологиялық және гидрометеорологиялық станциялары бар мемлекеттік органдармен шарттардың жобасын дайындейді. Шарттар жасалғаннан кейін метеоорталықтың бастығы бөлімдер метеобөлімшелерінің бастықтарына әрбір әуеайлаққа дауыл туралы хабардар етудауыл туралы хабардар етуге қандай станциялар және қай уақыттан бастап тартылғанын хабарлайды.

Ескерту. 246-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

247. КП метеоқызметі бастығынан алған хабардар етуге тартылатын авиаметеорологиялық және гидрометеорологиялық станциялар тізбесі негізінде метеобөлімшениң бастығы әуеайлаққа дауыл туралы хабардар ету схемасын әзірлейді.

Авиациялық бөлімге дауыл туралы хабардар ету схемасы осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес ірі масштабты географиялық картада жасалады:

1) дауыл туралы хабардар етуге тартылған авиаметеорологиялық (гидрометеорологиялық) станциялардың атауы және орналасқан жері;

2) әрбір станцияға дейінгі қашықтық, км;

3) хабарламасы бар жеделхаттарды өткізуудің бақылау мерзімі;

4) станциялардың теңіз деңгейінен биіктігі;

5) ҮКЖ бағыты, сондай-ақ әуеайлақ минимумы;

6) осы әуеайлақта байқалатын АҚҚ және ААҚҚ туралы хабардар ету берілуге тиіс метеобөлімшелердің мекенжайы.

Ұшудың болуына байланысты баяндау нысаны мен кезектілігі көрсетілген дауыл туралы хабардар ету баяндалатын бөлімнің лауазымды адамдарының тізбесі осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес дауыл туралы хабардар ету схемасында айқындалған

Бөлімдердің бірлесіп орналастыру әуеайлақтарында дауыл туралы хабардар етудің бірынғай схемасы жасалады.

Схема жыл сайын жаңартылады, КП метеоқызметі бастығымен келісіледі, метеобөлімшениң бастығы қол қояды және бөлім штабының бастығы бекітеді.

Ескерту. 247-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

248. Дауылды хабарлауға тартылған метеобөлімшелер әуеайлақта немесе оған тікелей жақын жерде АҚҚ туындаған (анықталған) жағдайларда оның басталуы, күшейуі немесе басылуы, кейіннен оның аяқталуы да туралы белгіленген мекенжайларға, сондай-ақ ауа-райына сұрау салу келіп түсken метеобөлімшелерге барлық сұратылған кезең ішінде және сұратылған кезең аяқталғаннан кейін екі сағат бойы дереу телефонограмма (жеделхат, радиограмма) береді.

Дауылды хабарлаудан басқа да хабарламалар жолданады:

1) бұлттардың төменгі шегі биіктігінің төмендеуі туралы: күндіз - 350 м кем; түнде - 400 м кем; көлденең (ұшу кезеңінде - ұшуда) көрінудің мынадай мәндерге дейін нашарлауы: күндіз - 4 км кем; түнде - 4,5 км кем.

Қайта хабарлау бұлттылық биіктігі одан әрі төмендеген кезде әрбір 50 м сайын немесе көрінудің одан әрі нашарлаған кезде әрбір 500 м сайын беріледі;

2) ұшып жүрген ӘК әкипаждарының деректері бойынша әуеайлақ және ұшулар ауданындағы АҚҚ туралы;

3) әуеайлақтық РЛС-ның әуеайлаққа қарай жылжып баратын найзағай ошактары мен түйдек-жаңбырлы бұлттардың анықталғаны туралы;

4) жер бетіндегі жел жылдамдығының 10 (15) м/с артық күшеюі туралы. Қайта хабарлау әрбір 5 м/с сайын одан әрі күшею кезінде беріледі;

5) жаңбырдың, сіркіременің, қардың және басқа да жауын-шашынның, ондағы көрінуге қарамастан, басталуы туралы.

249. АҚҚ-ның басталуы, күшеюі, бәсендесе аяқталуы туралы телефонограммалар (жеделхаттар) жүйелі түрдегі метеорологиялық бақылау деректері бар телефонограммаларды (жеделхат, радиограмма) беру мерзімдеріне қарамастан беріледі және мыналарды қамтиды:

1) "ұшақ" жеделділік санатының белгісі;

2) әскери бөлімнің мекенжайы;

3) АҚҚ-ның басталуы немесе күшеюі туралы жеделхаттардың айрықша сөзі - "дауыл";

4) АҚҚ-ның басталу, күшею, бәсендесе аяқталу уақыты;

5) АҚҚ-ның атауы, оның қарқындылығы және үдеу барысы;

6) АҚҚ-мен бірге болатын метеорологиялық элементтердің жай-күйі.

250. Дауылды хабарлау мынадай қағидаларды сақтай отырып жасалады және беріледі:

1) жедел хаттар мен телефонограммалар ашық мәтінде нақты және анық, шартты қысқартуларсыз және артық сөздің, ал радиограммалар - қолданыстағы метеорологиялық кодтарды қолданумен жасалады;

2) АҚҚ-ның басталу (күшею, бәсендесе, аяқталу) уақыты Астана уақыты бойынша төрт цифрен көрсетіледі: алғашқы екі цифр сағатты, ал соңғы екеуі – минутты білдіреді;

3) жеделхат (телефонограмма) мәтінінде өлшем бірліктері (секунд, минут, сағат, м, км, градус, балл) көрсетілмейді;

4) көлденең көріну 2000 м-ге дейін метрмен көрсетіледі, 2000 м көп болса - километрмен;

5) желдің бағыты градуста аралығы 20 градациямен, жел жылдамдығы - м/с-мен көрсетіледі (жел екпіні жағдайында - олардың ең жоғарғы мәні);

6) төмен бұлттылық туралы хабарлау кезінде оның пішіні, саны, биіктігі метрмен және оны анықтау тәсілі (аспап, ұшақ, шар-пилот, көзбен шолу), сондай-ақ жауын-шашулар мен көріну туралы мәліметтер көрсетіледі;

7) тұман, мұнар, тұтін, буалдыр, жаңбыр, сіркіреме, қар жаууы туралы деректерді беру кезінде тік және көлденең көріну (тұманда - 100 м-ге дейінгі дәлдікпен) көрсетіледі;

- 8) жарық өтетін тұман кезінде "аспан көрініп тұр" деген сөздер жазылады;
- 9) найзағай туралы хабарламаларда:
 - найзағай түрі (алыс, жақын, станцияда) және жауын-шашынның болуы;
 - әуеайлаққа жақын найзағай үшін - оның қарқындылығы (күшті, орташа, әлсіз) және сегіз румб бойынша қозғалыс бағыты (қайда);
 - қашықтағы найзағай үшін, көкжиектің қай бөлігінде байқалатыны (сегіз румба бойынша);
 - найзағайлар радиотехникалық құралдармен анықталған жағдайда - ошақтың азимуты (градуста), бақылау пунктінен арақашықтық километрмен, қарқындылығы (әлсіз, орташа, жарық), жоғарғы шегінің биіктігі, ошақтың жылжу бағыты мен жылдамдығы;

найзағайдың аяқталуы туралы - сегіз румбада жылжыған бағыт.

Басқа АҚҚ туралы хабарламаларда мыналар көрсетіледі:

көктайғақ және мұзды жаңбыр туралы - мұз қату шамасы миллиметрмен және ауа температурасы;

бұлттардағы мұздану және ӘК-ның қатты шайқалуы туралы - осындайлар байқалатын биіктік (қабат);

шанды (құмды) боран, бұрқасын, сырғыма жел, мұнар туралы - желдің бағыты, жылдамдығы мен көлденең көріну, аспанға жарық түсетін кезде "аспан көрінеді" деген сөздер жазылады;

тұманның, қалың мұнардың сейілуі, жауын-шашынның, шанды (құмды) боранның, түтіннің тоқталуы туралы - көлденең көріну; бұлттардың саны, пішіні және биіктігі.

Ескерту. 250-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 26.08.2020 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

251. АҚҚ-ның туындауы туралы хабарламалар құбылыс қысқа мерзімді болған және оның басталуы туралы хабарлама берілген сәтке дейін аяқталған жағдайда да жолданады, бұл ретте жеделхат мәтінінің сонында "аяқталды" деген сөз қосылады.

Бірнеше АҚҚ бір мезгілде туындаған кезде хабарламаға барлық осы құбылыстар туралы мәліметтер енгізіледі.

Егер бір АҚҚ туралы хабарлама берілгеннен кейін басқасы басталса, онда екінші АҚҚ туралы дереу хабарлама беріледі. Бұл ретте бұрын басталған АҚҚ-ның сакталуы (тоқтауы) туралы мәліметтер көрсетіледі.

Ескерту. 251-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

252. АҚҚ-ның бәсендеге туралы хабарламалар командирге, ҰЖ-ға және әскери бөлімнің лауазымды адамдарына және тек ұшу кезеңінде баяндалады.

253. Дауылды хабарлаулар жолданған барлық мекенжайларға мынадай хабарлар жолданады:

- 1) АҚҚ аяқталуы туралы;
- 2) бұлттардың төменгі шегі биіктігін 50 м сайын мынадай мәндерге дейін көтерілуі туралы: күндіз - 400 м және одан жоғары, түнде - 500 м және одан жоғары;
- 3) көлденең көріну 500 м сайын мынадай мәндерге дейін жақсаруы туралы: күндіз - 4 км және одан көп, түнде - 5 км және одан көп;
- 4) жел жылдамдығының 10 м/с дейін және одан да аз болып бәсендеде туралы;
- 5) жауын-шашының тоқталуы туралы.

254. АҚҚ-ның аяқталуы туралы хабарламалар мынадай қағидаларды сақтаумен беріледі:

- 1) егер атмосфералық процестердің даму жағдайлары бойынша АҚҚ қайталануы мүмкін болса, онда оның аяқталғаны туралы хабарлау берер бұрын осы құбылыстың тоқталуына түпкілікті көз жеткізу үшін 15 минут күту қажет;
- 2) егер бір АҚҚ аяқталса және одан кейін басқасы басталса, бірінші АҚҚ-ның аяқталуы және екіншісінің басталуы туралы ортақ хабарлау жолданады;
- 3) егер бір уақытта бірнеше АҚҚ байқалса, бірақ олардың аяқталуы әртүрлі уақытта болса, олардың әрқайсысының тоқталуы туралы хабарлаулар әлі де жалғасатын АҚҚ-ны тізіп көрсетіп жеке жолданады;
- 4) барлық АҚҚ бір уақытта аяқталған кезде бір ортақ телефонограмма (жеделхат, радиограмма) беріледі;
- 5) егер ауа райы туралы деректермен кезекті мерзімдегі телефонограмманы (жеделхатты, радиограмманы) беруге дейін кемінде 15 минут қалса, АҚҚ-ның аяқталуы туралы жеке телефонограмма (жеделхат, радиограмма) берілмейді, ол туралы АҚҚ-ның аяқталу уақыты көрсетілген кезекті телефонограмманың (жеделхаттың, радиограмманың) соңында жазба жасалады.

255. АҚҚ туралы барлық жолданған хабарлаулар шығыс телефонограммалар (жеделхаттар) журналына, ал келіп түскендер - кіріс телефонограммалар (жеделхаттар, радиограммалар) журналына жазылады.

2-параграф. Ауа райының аса қауіпті құбылыстары туралы дауылды хабарлау

256. Мемлекеттік авиацияның метеобөлімшелері осы Қағидаларда көзделген АҚҚ туралы дауылды хабарлаулардан басқа, байқалатын ААҚҚ, метеорологиялық, гидрологиялық, геофизикалық, сондай-ақ аномалиялық атмосфералық және ғарыштық құбылыстар туралы дауылды хабарлауларды береді.

Бөлімдер орналасқан аудандағы ААҚҚ-ға:

- 1) жылдамдығы 30 м/с асатын жел;
- 2) диаметрі 30 мм астам бұршақ;

- 3) осы аудан үшін белгіленген шекті мәндерден асатын қарқындылығымен қатты жаңбыр және қардың жаууы;
- 4) өзендерде, су тоғандарында су деңгейінің шекті мәндерге дейін көтерілуі, өскери бөлімдер орналасқан аудандарға су басу қауіпін төндіретін су тасқыны, кептелуі;
- 5) сел ағындары және қар көшкіні;
- 6) жер сілкінісі жатады.

Қазіргі уақытта болжау мүмкін болмай отырған оптикалық, электрлік және өзге де текті аномалиялық атмосфералық және ғарыштық құбылыстарға мыналар жатады:

атмосферадан түсетін өзгеше бөлшектер;
боялған жауын-шашын немесе басқа түрі мен қасиеті өзгеше басқа жауын-шашын;
атмосферадағы және ғарыш кеңістігіндегі өзгеше жарық, акустикалық, электромагниттік және басқа құбылыстар.

257. ААҚҚ туралы хабарлау дауыл туралы хабардар ету үшін белгіленген барлық мекенжайға беріледі (баяндалады), ал аномалиялық метеорологиялық, гидрологиялық және басқа да геофизикалық құбылыс туралы бөлім қолбасшылығына, КП есептобына баяндалады және КП метеоқызметіне дауыл туралы хабардар ету ретінде беріледі.

Ескерту. 257-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

258. Байқалатын ААҚҚ мен аномалиялық метеорологиялық, геофизикалық құбылыс туралы дауыл туралы хабардар ету метеобөлімше жеке құрамының бақылауы, сондай-ақ гидрометеорологиялық станциялардан, бекеттерден, техникалық құрал есептоптаратынан және басқа да көзден алынған хабарламалар негізінде беріледі. Соңғы жағдайда ақпарат алынған көз көрсетіледі.

Ескерту. 258-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

259. ААҚҚ, аномалиялық метеорологиялық, гидрологиялық және басқа да геофизикалық құбылыс аяқталған бойынша метеобөлімше күнтізбелік бес күн ішінде КП метеоқызметінің бастығына жеткізілім береді.

- Байқалатын (байқалған) құбылыстар туралы жеткізілімде мыналар көрсетіледі:
- 1) туындау орны мен уақыты, түрі, қарқындылығы, ұзақтығы, эволюция мен жылжу сипаты, құбылыстың басқа да тән ерекшеліктері, сонымен ілесіп болатын әсер етулер;
 - 2) туындауының метеорологиялық жағдайлары (жер сілкінісінен басқа);
 - 3) құбылыстарды техникалық құралдарда тіркеу туралы деректер;
 - 4) техника мен жеке құрамға әсер ету сипаты мен деңгейі;
 - 5) бұл құбылыс болжанды ма, кім, қанша уақыт бұрын;
 - 6) байқалған құбылыс туралы кімге және қашан баяндалды.
- Мыналар жеткізілімге қоса беріледі:

ААҚК мен аномалиялық атмосфералық және ғарыштық құбылыстардың туындау уақытынан айырмашылығы 2 сағаттан артық емес мерзім үшін ауа-райын болжаудың шенберлі картасы;

ауа-райы болжамы;

нақты ауа райы туралы мәлімет;

құбылыстар басталғанға дейін, болған кезеңінде және аяқталғаннан кейін түсken және берілген (тапсырылған) дауылды хабарлау мен ескертулердің көшірмелері (жұмыс журналдарынан үзінділер).

Ескерту. 259-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Әуеайлақ бойынша дауылды ескертулер

260. Әуеайлақ бойынша дауылды ескертуді метеобөлімшелер нысаналы бланкіде (АВ-4) дауылды ескертуді жасау үлгісіне сәйкес ресімдейді (жазады).

261. Метеобөлімше жердегі авиациялық техникаға, оның ішінде тұрақ орындарындағы ӘК-ге, әуеайлақ жабдығына, техникалық құралдарға және ұшуды қамтамасыз ету қызметтеріне қолайсыз әсер ететін метеорологиялық жағдай мен ААҚК туындауы немесе қарқынының өзгеруі туралы әуеайлақ бойынша ескертуді ресімдейді.

Ескерту. 261-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

262. Дауылды ескертуді ұшу кезінде де, олар болмаған кезде де метеобөлімшенің бастығы (инженер-синоптик) 6 сағатқа дейінгі мерзімге әзірлейді және ресімдейді.

263. Мемлекеттік авиацияның барлық метеобөлімшелерінде дауылды ескерту схемаларын әзірлейді, онда мыналар көрсетіледі:

1) дауылды ескерту баяндалуға тиіс лауазымды адамдар, кезектілігі, мазмұны және беру тәсілі (ұшу кезеңінде және ұшулар болмаған кезде жеке-жеке);

2) әзірленген дауылды ескертулер берілетін метеобөлімшелердің мекенжайлары, беру тәсілі мен мазмұны;

3) олардан дауылды ескертулер келіп түсуге тиіс метеобөлімшенің атауы.

КП метеоқызметінің бастығы орналастыру әуеайлақтарының дауыл туралы ескертудің жалпы схемасын жасайды, оған қол қояды және мемлекеттік авиацияның басқару органы штабының бастығында бекітеді.

Ескерту. 263-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

264. Әуеайлақ бойынша ескертулер бір немесе бірнеше төменде аталған құбылыстардың нақты туындауына немесе туындауы күтілуіне байланысты ресімделеді:

найзағай;

бұршақ;

қалың және (немесе) ұзак жауған қар;

мұзданатын жауын-шашын (көктайғақ);

шымшыма аяз немесе аяз;

қара дауыл, қара құйын;

құмды немесе шанды боран;

көтерілетін құм немесе шан;

бағытына қарамастан, жылдамдығы 15 м/с және одан артық жел (жел екпінін ескерумен);

жанартау кулі немесе жанартау кулі шөгінділері;

уытты химиялық заттардың шығарындылары;

аяу температурасының минус 30° С дейін және одан төмен төмендеуі немесе плюс 35° С дейін және одан артық көтерілуі.

265. КП метеоқызметте әзірленген дауыл туралы ескерту мемлекеттік авиацияның басқару органы КП жедел кезекшісіне, метеобөлімшеге, ӘҚБ орталықтарына дауыл туралы ескерту схемасына сәйкес беріледі (баяндалады).

Ескерту. 265-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

266. Мемлекеттік авиация басқару органының метеобөлімшесі ішінде дауыл туралы ескертумен алмасу тәсілін КП метеоқызмет бастығы белгілейді.

Ескерту. 266-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

267. Әуеайлақ бойынша дауылды ескертулер мынадай жағдайларда қолданылу кезеңі басталғанға дейін 3 сағаттан ерте емес және барынша мүмкіндігінше алдын ала әзірленеді:

1) АҚҚ-ның немесе ААҚҚ-ның, оның ішінде бұрын әзірленген дауылды ескертуде көзделмегендердің де туындау қатерін анықтау;

2) бұдан бұрын берілген дауылды ескертуде көзделген АҚҚ немесе ААҚҚ туындау уақытын, қарқындылығы мен ұзақтығын нақтылау қажеттілігі.

Дауылды ескерту кенеттен туындаған АҚҚ немесе ААҚҚ-ға да, оның ұзақтығы мен қарқындылығы көрсетіліп әзірленеді.

268. Дауылды ескертулер арнайы бланкілерде ресімделеді, онда АҚҚ-ның туындауы мен аяқталуының күтілетін уақыты, түрі мен қарқындылығы көрсетіледі. Бірнеше АҚҚ туындауын болжау кезінде осы құбылыстардың барлығы үшін деректер көрсетіледі. Бұлттылық биіктігі, көріну қашықтығы, жел бағыты мен жылдамдығы осы Қағидада көзделген градацияларда көрсетіледі.

269. Дауылды ескертулер екі данада ресімделеді. Бірінші дана қол қойғыза отырып, АҚҚ-ны туындауы басталғанға дейін 30 минуттан кешіктірмей ұшулар кезінде ҰБ-ға, ал ұшулар болмаған кезде - әскери бөлімнің командирі мен лауазымды адамдарына міндettі түрде баяндаумен жедел кезекшіге, ҰҚЖК және кезекші авиациялық диспетчерге тапсырылады, екінші дана метеобөлімшеде 1 жыл бойы сакталады, бланкілердің нөмірленуі ай сайын 25 күннен кейін жаңартылады.

270. КП метеоқызметте дауыл туралы ескерту АҚҚ басталғанға дейін алдын ала кемінде 1 сағат бұрын мемлекеттік авиация басқару органының КП жедел кезекшісіне, барлық лауазымды адамдарға қолын қойғызумен тапсырылады және ауа райы болжамына сұрау салу келіп түскен метеобөлімшелерге барлық сұрау салу кезеңі ішінде беріледі. Дауыл туралы ескертуді тапсыру (баяндау) уақыты және оны қабылдаған лауазымды адамның тегі дауыл туралы ескерту бланкісіне жазылады.

Ескерту. 270-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

271. Байланыс арналары бойынша дауыл туралы хабардар ету және АҚҚ туралы ескерту деректері бар жеделхаттарды уақтылы беру үшін жауаптылық оларға белгіленген шұғылдық дәрежесіне сәйкес дабыл туралы ескертуді жасаған лауазымды адам орындауды.

Ескерту. 271-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

272. АҚҚ болжамы уақтылы берілмеген жағдайда әскери бөлімнің кезекші инженер-синоптигі АҚҚ-ның туындауы туралы (уақытын, күтілетін қарқындылығын және ұзақтығын көрсете отырып) ҰЖ, бөлім командиріне, КП жедел кезекшісіне, ауысым бастығы – КП метеоқызметтің аға инженер-синоптигіне, ҰҚШК, кезекші авиадиспетчерге дереу ауызша баяндауды, одан кейін ауызша баяндау уақыты көрсетілген арнайы бланкіде дауыл туралы ескерту жазады және аталған адамдарға тапсырады.

Ескерту. 272-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

273. Бұрын шығарылған ескертуде көзделмеген АҚҚ туындауы күтілетін жағдайда немесе олардың қарқындылығы, ұзақтығы өзгерген кезде жаңа ескерту ресімделеді.

274. КП метеоқызметтен алғынған дауыл туралы ескерту бөлім штабының бастығы бекіткен дауыл туралы хабардар ету және ескерту жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес осы метеобөлімшениң кезекші инженер-синоптигі АҚҚ-ның туындауын болжағанына немесе болжамағанына қарамастан, барлық лауазымды адамдарға баяндалады.

Ескерту. 274-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

275. Мынадай жағдайларда дауылды ескертуді жою жүргізіледі:

1) егер дауылды ескертуде көзделген АҚҚ-ның туындау ықтималы атмосфералық процестің одан әрі даму барысымен расталмаса;

2) егер АҚҚ дауылды ескертуде көрсетілген кезең аяқталғанға дейін 1 сағат және одан да көп уақыт бұрын тоқтаса және осы құбылыстардың қайталану ықтималы болмаса.

Дауылды ескертудің күшін жою туралы ол берілген барлық мекенжайларға хабарланады (баяндалады) және дауылды ескерту бланкісінің көшірмесіне белгі жасалады.

4-параграф. Желдің ауысуы туралы ескерту және хабарлау

276. Желдің ауысуы туралы ескертуді және хабарламаны КП метеоқызметі және мемлекеттік авиацияның метеобөлімшесі дайындаиды.

Ескерту. 276-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

277. Хабарлау желдің нақты байқалып отырған ауысуы туралы, ал ескерту - желдің күтілетін ауысуы туралы шығарылады.

278. Желдің ауысуы туралы хабардар ету және ескерту қонуға беттеу немесе ұшып көтерілу траекториясына немесе ҰҚЖ деңгейі мен осы деңгейден 500 метр (1600 фут) арасындағы шектерде шенбер бойынша қонуға беттеу кезінде ӘК-ге немесе қонып жүріп өтуден немесе ұшып көтерілу кезінде жүріп өту уақытында ҰҚЖ-дағы ӘК-ге қолайсыз әсер ететін немесе күтілетін желдің ауысуы туралы қысқаша ақпаратты қамтиды. ҰҚЖ деңгейінен 500 метр (1600 фут) астам биіктікте желдің айтарлықтай ауысуын туыннататын жергілікті топографиялық жағдай кезінде 500 метр (1600 фут) биіктік шекті болып саналмайды.

Ескерту. 278-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

279. 30 минут ішіндегі ӘК-ден хабарламаларда оның болуы туралы ақпарат расталмаса, ұшып келетін және/немесе ұшып кететін ӘК үшін желдің ауысуы туралы хабарлаудың күші жойылады.

Желдің ауысуының болуы туралы мәліметтер:

1) желдің ауысуын қашықтықтан өлшектін жерүсті жабдықтың (оның ішінде доплерлік радиолокатор);

2) биіктікті алу немесе қонуға беттеу кезеңінде ЭК бортынан бақылаулар;

3) әуеайлақта жақын орналасқан немесе жақын маңдағы биік участеклерде, мачталарда немесе мұнараларда орнатылған тиісті бергіштерден алынған басқа да метеорологиялық ақпарат көмегімен алынады.

280. Желдің ауысу қарқындылығын бағалау үшін мынадай өлшемшарттар қолданылады:

желдің шамалы ауысуы - 30 м (100 фут) биіктікте 2 м/с дейін;

желдің орташа ауысуы - 30 м (100 фут) биіктікте 2 м/с бастап 4 м/с дейін;

желдің қатты ауысуы - 30 м (100 фут) биіктікте 4 м/с бастап 6 м/с дейін;

желдің өте қатты ауысуы - 30 м (100 фут) биіктікте 6 м/с және одан жоғары.

281. Желдің ауысуын анықтау үшін автоматтандырылған жерүсті жабдықты пайдаланылатын бірлесіп орналастыру әуеайлақтарында желдің ауысуы туралы автоматты хабарлау шығарылады.

282. Желдің ауысуы туралы хабарлауда қарсы/ілеспе желдің 7,5 м/с (15 торап) немесе одан да көп өзгеруімен сипатталатын, қонуға беттеу траекториясының соңғы кезеңінде немесе ұшып көтерілу траекториясының бастапқы кезеңінде ЭК-ге немесе қонып жүріп өтуден немесе ұшып көтерілу кезінде жүріп өтуден кейін ҰҚЖ-дағы ЭК-ге байқалатын желдің ауысуы туралы қысқаша жаңартылатын ақпаратты қамтиды.

283. Автоматтандырылған жерүсті жабдықты пайдалану кезінде желдің ауысуы туралы хабарлау кемінде минутына бір реттен сиретпей жаңартылады.

Қарсы/ілеспе желдің өзгеру шамасы 7,5 м/с (15 торап) аз болған кезде желдің ауысуы туралы хабарлаудың күші жойылады.

284. Егер желдің ауысуы байқалса және/немесе 30 минуттан астам уақыт бойы оның сақталуы үшін жағдайлар қүтілсе, әуеайлақта желдің ауысуы туралы дауылды ескерту ресімделеді.

285. Желдің күтілетін ауысуы туралы дауылды ескерту егер әуеайлақ ауданында жергілікті жағдайлармен үйлескен синоптикалық жағдай желдің ауысуына ықпал ететін болса, аэросиноптикалық материалды талдау негізінде жасалады.

286. Желдің ауысуы үшін жағдайлар мынадай құбылыстармен байланысты:

найзағай, микроекпіндер, құйғыш тәрізді бұлттар (торнадо немесе су құйындары) және жаппай күшею екпіні;

жалпы үстінгі қабаттар;

жергілікті топографиялық жағдайларға байланысты үдейтін қатты күшті жерге жақын жел;

теңіз желкенінің шептері;

таулы толқындар (әуеайлақ ауданындағы шағын биіктіктердегі шквалдық қақпаларды қоса алғанда);

шағын биіктіктердегі температуралық инверсиялар.

287. Желдің ауысы және оның қарқындылығы туралы ескертуді дайындау үшін немесе бұрын ресімделген дауылды ескертуді растау үшін ӘК бортынан хабарламаны пайдалану кезінде осы ӘК түрін қоса алғанда, ӘК бортынан тиісті хабарлама ҰЖ-ға, бөлім командиріне, ұшқыш құрамына және КП метеоқызметіне баяндалады.

Ескерту. 287-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Дауылды ескертуді бағалау

288. Дауылды ескерту "ақталды" деп бағаланады":

1) егер онда көзделген немесе оған уақтылы нақтылау кезінде АҚҚ іс жүзінде байқалса және оның туындау уақыты ескертуде (нақтылауда) көрсетілгеннен 1 сағаттан аспайтын уақыт айырмашылығы болса;

2) егер ол АҚҚ басталғанға дейін кемінде 30 минут бұрын тапсырылса.

289. Дауылды ескерту "ақталмады" деп бағаланады":

1) егер ескерту берілген барлық аумакта онда көзделген бірде-бір АҚҚ байқалмаса немесе олардың пайда болу уақыты сол немесе басқа жаққа 1 сағаттан астам қатемен берілсе;

2) егер оны алдын ала тапсыру 30 минуттан кем болса;

3) егер ескертуде нақты байқалған барлық АҚҚ көрсетілмесе.

290. Дауылды ескерту бағаланбайды, егер оның қолдану мерзіміне дейін 30 минуттан кешіктірмей ол жойылса, онда көрсетілген мерзім ішінде күтілген АҚҚ бақыланбаса және күші жойылған дабылды ескерту ұшудың болмауына әкеп соктырмаса.

291. Ұшу кезеңінде әзірленген дауылды ескертулерді ҰБ, басқа дауылды ескертулерді - метеобөлімше бастығы бағалайды.

8-тарау. Метеорологиялық бөлімшениң техникалық құралдарын пайдалану тәртібі

1-параграф. Әуеайлақтардағы метеорологиялық бөлімшелер техникалық құралдарының құрамы және орналасуы

292. МБТҚ метеорологиялық және аэрологиялық бақылауларды жүргізуге, метеорологиялық ақпаратты жинау мен таратуға арналған қондырғыларды, аппаратураны және аспаптарды қамтиды.

293. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету үшін әуеайлақтар әуеайлақтарды пайдалануды регламенттейтін құжаттардың талаптарына сәйкес метеорологиялық аппаратурامен жабдықталады.

294. Әуеайлақтарда орналастырылатын МБТҚ әуеайлақтардың техникалық жабдығы кешенінің құрамдас бөлігі болып табылады.

295. Атмосфера параметрлерін өлшеуге арналған техникалық құралдар метеорологиялық алаңда және метеорологиялық элементтер мен ауа райы құбылыстары ӘК ұшу және қону қауіпсіздігіне барынша әсер ететін әуеайлақтың орындарында орнатылады. Әуеайлақта және метеорологиялық алаңда техникалық құралдарды орналастыру типтік схема бойынша жүргізіледі. Әуеайлақта метеорологиялық қызметтің техникалық құралдарын орналастыру схемасын осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес әскери бөлімнің командирі бекітеді.

296. Метеобөлімшелерде жабдықтауға қабылданған штаттық және табельдік техникалық құралдар, сондай-ақ мемлекеттік мекемелерде пайдалануға рұқсат етілген ақпаратты қабылдау мен өндөудің лицензиялық (сертификатталған) бағдарламалық-аппараттық кешендері пайдаланылады.

297. Қолайсыз климаттық жағдайларда (жиі жауын-шашын, боран, төмен температура және т.б.) техникалық құралдарды пайдалану кезінде немесе оку-жаттығу қамтамасыз етілгеннен кейін техникалық құралдарда жоспардан тыс регламенттік жұмыстар жүргізілуі тиіс. МБТҚ әрбір түрі үшін регламенттік жұмыстардың нақты мазмұны пайдалану құжаттамасында мазмұндалған.

298. Аспаптар бойынша қонуға кіру үшін жабдықталмаған ҮҚЖ-дағы МБТҚ ең аз құрамы:

1) көрінуді өлшеу құралдары (қалқан-бағдарларға және/немесе көрінудің өзге де бағдарларына жол беріледі);

2) аспаптар бойынша қонуға кіру бағыттары үшін бұлттардың төменгі шиегіның биіктігін қашықтықтан өлшеуіштер немесе жабдықталмаған ҮҚЖ-ға қонуға кіру бағыттары үшін бұлттардың төменгі шекарасының биіктігін (тік көрінуді) өлшеуіштер;

3) жел параметрлерін өлшеуіштер;

4) атмосфералық қысымды өлшеуіштер;

5) температураны өлшеуіштер;

6) ауа ылғалдылығын өлшеуіштер;

7) метеорологиялық ақпаратты көрсету құралдары дауыс зорайтқыш және автоматты телефон байланысын пайдалануға жол беріледі;

8) берілетін метеорологиялық ақпаратты тіркеудің техникалық құралдары.

299. I, II және III (A, В сыныбы) санаты бойынша қонуға дәл кіру (бірлесіп орналастыру) әуеайлақтарындағы ҮҚЖ автоматтандырылған метеорологиялық өлшеу жүйесімен (бұдан әрі - АМӨЖ) жабдықталады. АМӨЖ құрамына кіреді:

1) тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуі бар негізгі және резервтік екі электрондық - есептеу машиналары/дербес электрондық - есептеу машиналары (бұдан әрі - ЭЕМ/ДЭЕМ);

2) көру бергіштері;

3) жел параметрлерінің бергіштері;

4) атмосфералық қысым бергіштері;

5) температура және ауа ылғалдылығы бергіштері;

6) бұлттардың төменгі шегінің биіктігін қашықтықтан өлшегіштер;

7) берілетін метеорологиялық ақпаратты бейнелеудің және тіркеудің техникалық құралдары.

Көріну бергіштері ретінде трансмиссометрлер және тікелей шашыраудың көріну өлшеуіштері қолданылады.

АМӨЖ құрамына жабдықтың қосымша түрлері кіреді (фон жарықтығын өлшегіштер, ағымдағы ауа райы бергіштері, найзағай пеленгаторлары).

300. Метеорологиялық жабдықтың құрамына кіретін барлық МТҚ және өлшем құралдары "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының өлшем құралдарының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

Ескерту. 300-тармақ жана редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

301. Әрбір метеорологиялық жабдықтың белгіленген қызмет ету мерзімі шегінде оны пайдалану жүргізілетін пайдалану құжаттамасы болады.

302. Жабдықталмаған ҰҚЖ-да көрінуді бақылау үшін арнайы орындар анықталады. Бақылау ҰҚЖ қонуының жұмыс бағыты жағына жүргізіледі.

303. Бұлттардың төменгі шегінің биіктігін өлшеуіштер, олар болған жағдайда,:;

1) бергіштер - метеобақылаушылардың жұмыс үй-жайларынан 50 м дейінгі қашықтықта;

2) көрсеткіштер (басқару пульттері) - метеобақылаушылардың жұмыс үй-жайларында.

304. Бұлттардың төменгі шегінің биіктігін қашықтықтан өлшеуіштер орнатылады:

1) БТШБ бергіштері - қонуга кіру аймағында ҰҚЖ-ның қону табалдырығының алдында 1200 м және одан кем қашықтықта және ҰҚЖ осінің жалғасуына мүмкіндігінше жақын, бірақ одан 180 м-ден аспайтын қашықтықта;

2) көрсеткіштер (басқару пульттері) - метеобақылаушылардың жұмыс үй-жайларында.

305. Жел параметрлерін өлшегіштер орнатылады:

1) жел параметрлерінің бергіштері - ҰҚЖ ось сызығының ең жақын нүктесіне қатысты жер деңгейінен $10 \text{ m} \pm 1 \text{ m}$ биіктікте ұшу алаңының жоспарланған бөлігінің

шегінен тыс ҰҚЖ ось сзығынан 200 м аспайтын қашықтықта ӘК қону және үзү аймағы үшін репрезентативті орындарда;

2) көрсеткіштер (басқару пульттері) - метеобақылаушылардың жұмыс үй-жайларында;

3) жел бағытын өлшеу бергіштері солтүстікке бағдарлануы тиіс.

306. Атмосфералық қысымды өлшеуіштер метеобақылағыштардың жұмыс үй-жайларында орнатылады.

307. Ауаның температуrasesы мен ылғалдылығын қашықтықтан өлшеуіштер төсөніш бетінен 2 м биіктікте метеорологиялық дінгекте орнатылады.

Ауа температуrasesы мен ылғалдылығын өлшеуіштер негізгі бақылау пунктіне жақын орналасқан психрометриялық будкада 2 м биіктікте орнатылады.

2-параграф. Тікұшақ айлақтарындағы метеорологиялық бөлімшелер техникалық құралдарының құрамы және орналасуы

308. Тікұшақ айлағында ұшуды қамтамасыз ету кезінде метеорологиялық жабдыққа :

- 1) көріну қашықтығын өлшеуіш-тіркеуіштер (жиынтық);
- 2) бұлттардың төменгі шегінің биіктігін өлшеуіштер (жиынтық);
- 3) жел параметрлерін өлшеуіштер (жиынтық);
- 4) атмосфералық қысымды өлшеуіштер (бір резервтік);
- 5) ауаның температуrasesы мен ылғалдылығын өлшеуіштер (жиынтық);

6) жел бағытының жел көрсеткіштері (өлшемі: ұзындығы 1,2 м, диаметрі 0,3 м (ұлken) және 0,15 (кіші); қара немесе қызыл жолақтары бар ақ (5 жолақтар), шеткі жолақтар қара).

309. Ауа температуrasesы мен барометрлік қысым бұл үшін арнайы қолданылатын автоматты метеорологиялық аспаптармен өлшенеді.

Өлшеу тікұшақ айлағына тікелей жақын жерде жүргізіледі, онда жергілікті факторлар өлшеуге әсер етпейді. Бергіштер биіктігінің белгіленген мәндерінің диапазоны 1,25 м бастап 2 м дейін.

Қысымды өлшеу үшін кемінде екі бергіш қолданылады. Қысым бергіштерінің өлшеу дәлдігі 0,5 гПа шегінде орнатылған. Резервтеу тиісті биіктік және температуралық түзетулері бар сандық жоғары дәлдікті қысым бергішінен тұрады.

Ауа температуrasesын және қысымды өлшеу бергіштері тікұшақ айлағы деңгейінде тікелей күн сәулесінің, ауа ағынының (қысым бергіштері үшін ашық терезелерден), жүйелердің қызыуының немесе салқыннатуының әсерін болдырмайтын қауіпсіз жерде орналастырылады.

310. Желдің бағыты туралы деректерді тікұшақ экипажы жалпы фонмен барынша қарсыластылыққа қол жеткізетіндей болып боялған жел конусының жағдайына қатысты көзбен шолып анықтайды.

311. Жел бағыты мен жылдамдығын өлшеу үшін анеморумбометр қолданылады, ол әуе ағынының неғұрлым тән қозғалысы бар жерлерде орнатылады. Екінші анеморумбометр тікұшақ айлағының үстінен тікұшақтың түйісу биіктігінде орнатылады, оның көмегімен турбулентті немесе шағылысқан әуе ағындары болған жағдайда тікұшақ айлағынан жоғары желдің жылдамдығы туралы қажетті ақпарат алуға болады. Бақылау тікұшақ айлағы бетінің деңгейінен $10 \text{ м} \pm 1 \text{ м}$ (30 фут ± 3 фут) биіктікте жүргізіледі.

312. Ауа райы құбылыстары аспаптық өлшеу және көзбен шолу арқылы бағаланады

Ағымдағы ауа-райын автоматты бақылауға арналған бергіштер (ауа райы бергіштері) 2,5 м биіктікте осы тікұшақ айлағы үшін ең репрезентативті ретінде таңдалған бір нүктеде орналастырылады.

313. Деректерді алу үшін пайдаланылатын өлшеу аспаптары өндірушінің ұсыныстарына сәйкес, бірақ жылына кемінде бір рет кезең-кезеңімен калибрленеді.

314. Көріну қашықтығын өлшеуге арналған бергіштер тікұшақ айлағындағы көріну қашықтығы туралы анағұрлым сенімді деректерді алу үшін қауіпсіз жерде орналасады.

315. Метеорологиялық жабдық аккумуляторлық батареялардан немесе электрмен қоректендіру көздерін резервтеу шартымен ұздіксіз қоректендіру көздерінен жұмыс істеуі тиіс.

9-тарау. Авиациялық климатологиялық сипаттаманы жасау және ұсыну

316. Әуеайлақтың авиациялық климатологиялық сипаттамасы ұшуды жоспарлау үшін әуеайлақтық климатологиялық кестелер мен әуеайлақтық климатологиялық мәліметтер түрінде дайындалады.

317. КП метеоқызметі бақылаудың қажетті деректерін жинауды және сақтауды үйимдастырады және:

- 1) барлық негізгі және қосалқы әуеайлақтар үшін әуеайлақтық климаттық кесте дайындау;
- 2) мемлекеттік авиацияның басқару органдарына сұрау салу бойынша әуеайлақтардың, метеожағдайдың климаттық сипаттамаларын беруге міндетті.

Ескерту. 317-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

318. Әуеайлақтық климаттық сипаттамаларда статистикалық деректерге негізделген әуеайлақтағы белгілі метеорологиялық элементтерді бақылау нәтижелерінің қысқаша баяндалуы болады. Мәліметтер кесте нысанында да дайындалады.

Әуеайлақтық климатологиялық мәліметтер мыналардан құралады:

1) ҰКЖ-дағы көріну қашықтығы/көріну мәндерінің және (немесе) уақыттың белгілі бір сэттерінде белгіленген шамалардан төмен тұтас бұлттылықтың ең төмен қабаты негізінің салыстырмалы биіктігінің қайталануы;

2) уақыттың белгілі бір сэттерінде белгіленген шамалардан төмен көріну мәндерінің қайталануы;

3) уақыттың белгілі бір сэттерінде белгіленген мәндерден төмен бұлттардың ең төменгі қабатының негізінің салыстырмалы биіктігі мәндерінің қайталануы;

4) белгіленген диапазондар шегінде сәйкес келетін желдің бағыты мен жылдамдығының қайталануы;

5) уақыттың белгілі бір сэттерінде 5 С аралықтары арқылы белгіленген диапазондағы ауаның жерге жақын температуrasы мәндерінің қайталануы;

6) ұшу сипаттамаларының есебін қоса алғанда, ұшуды жоспарлау мақсаттары үшін қажетті метеорологиялық элементтердің ең жоғары және ең төменгі мәндерін қоса алғанда, орташа мәндер және олардан ауытқулар.

319. Әуеайлақтың авиациялық климаттық сипаттамасы 5 жылдан аз емес кезең ішінде жүргізілген бақылауға негізделеді.

КП метеоқызметі және метеоболімшелер:

1) бақылаудың қажетті деректерін жинауды және сактауды ұйымдастырады;

2) өз әуеайлағы үшін әуеайлақтың климаттық кестелерді дайындайды;

3) бөлім командиріне және ұшқыш құрамына уақыт кезеңі ішінде әуеайлақтың климаттық кестелерді ұсынады.

Әуеайлақтың климаттық кестеде мыналар көрсетіледі:

орташа шама мен ауытқу, оның ішінде ең жоғары және ең төменгі шама, метеорологиялық элементтер;

әуеайлақ ауданында ұшуды орындауға әсер ететін ағымдағы ауа райы құбылысының туындау жиілігі;

бір элементтің немесе екі немесе одан да көп элементтің белгілі бір мәнімен үйлесімділігінің пайда болу жиілігі.

Ескерту. 319-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

320. Әуеайлақтағы метеорологиялық бақылаулардың деректері жинақталады, өндөледі және әуеайлақтың климаттық сипаттаманы дайындау үшін қолайлы түрде сакталады.

321. КП метеоқызметі мемлекеттік авиация мүддесінде метеорологияны пайдаланумен байланысты басқару органдарына зерттеу, техникалық тексеру немесе пайдалану талдауы үшін қажетті метеорологиялық бақылау деректерін ұсынады.

Ескерту. 321-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

322. Метеобөлімшелер әуеайлақтардың, аудандардың және ұшу маршруттарының климаттық сипаттамасы (анықтамалары) түрінде қажетті кестелік материалды қоса отырып, климатологиялық сипаттаманы дайындайды.

Климаттық сипаттамаларда:

- 1) негізгі климаттық сипаттамалар және олардың маусымдық өзгерістері;
- 2) негізгі метеорологиялық элементтердің орташа, ең жоғары және ең аз мәндері;
- 3) ұшуды жүргізуге әсер ететін АҚҚ және АҚ туындауының қайталануы: бұршак, наизағай, турбуленттілік, мұздану және басқалар;
- 4) бір метеорологиялық элементтің белгілі мәндерінің немесе екі және одан көп элемент тіркестерінің қайталануы;
- 5) типтік синоптикалық жағдайлар және онымен байланысты метеорологиялық жағдайлар және орографияның осы жағдайларға әсері көрсетіледі.

323. Әуеайлақтық климатологиялық сипаттамадағы кестелерге жер бетіндегі жел, көріну, бұлттардың саны мен биіктігі, температура мен атмосфералық қысым туралы деректер енгізіледі. Сипаттамаға жергілікті жағдайлардың әсерінен төмен бұлттылық, шектеулі көріну, қатты жел және басқа да құбылыстар пайда болатын секторлар көрсетілген әуеайлақ ауданының топографиялық картасы қоса беріледі.

Қазақстан Республикасы
мемлекеттік авиациясының
ұшудың метеорологиялық қамтамасызы
ету
қағидаларына
1-қосымша

Шартты атаулар мен белгілер

БҮЛЛТЫҢ КӨЛЕМІ	
	Бұлтсыз
	1/8
	2/8
	4/8
	6/8
	7/8
	Аспанда ашық жерлер жөн
	Аспан бүліптен жабық



БҮЛЛТЫҢ ФОРМАСЫ	
ЖОГАРҒЫ ҚАБАТ	
	Жіп тәрізді шарбы бұлт (Cs)
	Тығыз шарбы бұлт (Ci)
	Жіп тәрізді шарбы қабатты (Cs)
	Жабатын шарбы қабатты (Cs)
	Кележатқан шарбы қабатты (Cs)
	Шарбы - будақты (Cc)
ОРТАНҒЫ ҚАБАТ	
	Мәлдірлі жоғарғы - будақты (Ac)
	Жайылған жоғарғы - будақты (Ac)
	Мәлдірлі жоғарғы - қабатты (As)
	Мәлдір емес жоғарғы - қабатты (As)
ТӨМЕНГІ ҚАБАТ	
	Будақты - қабатты (Sc)
	Қабатты - жауынды (Ns)
	Қабатты бұлт (St)
	Жыртылған - қабатты (St fr.)
	Жалпақ - будақты, ортанғы (Cu)
	Күшті - будақты (Cu)
	Будақты - жауынды (Cb)

<u>ШЕКТЕУЛІ КӨРІНУШАРТТАРЫ</u>	
	Түнек
	Түтін
	Шан, алыстан күм
	Алыс күмді боран
	Тұман, аспан көрінбейді
	Кей жерлерде тұман
	Тұман әлсіреіді, аспан көрінеді
	Тұман күшідейді, аспан көрінбейді
	Мұнар

<u>ӘРТҮРЛІ</u>	
	Бұршақ
	Қар дәндери
	Дауыл
	Мұз инелері
	Әлсіз сырма

АУА-РАЙЫ ЖАГДАЙЫ	
АУЫСПАЛАЫ	
Әлсіз	Қалыпты
Жанбыр	•
Кар	*
Морось	,
Жанбыр	••
Кар	**
Морось	“”
Жанбырмен	● ↘
Кармен	* ↘
Бұршакпен	▲ ↘
Жақында	Жақында откен нағзагай (1 сағ)
(•)	≤ 5км қашықтықта жауын-шашын
(—)	Әлсіз қатып жатқан морось
(●)	Қатып қатып қалған жанбыр
НӨСЕРЛІ ЖАУЫН-ШАШЫН	
	Әлсіз нөсер
	Күшті нөсер
	Өте күшті нөсер
	Бұршакты әлсіз нөсер
	Әлсіз нөсерлі қар

Казақстан Республикасы
мемлекеттік авиациясының
ұшын метеорологиялық
қамтамасыз ету қағидаларына

1-1-көсімші

Нысан

Бекітемін

00000 әскери белімінің штаб
бастығы

(әскери атағы, қолы, тегі, аты,
әкесінің аты
(ол бар болған кезде))

20 жылғы " "

Әуеайлақта ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі үлгі нұсқаулық

Ескерту. 1-1-қосымшамен толықтырылды – КР Қорғаныс министрінің 26.08.2020 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Метеобөлімшелерде кезекшілік тәулік бойы (екі ауысымда), ал ӘК әкипаждарының жауынгерлік кезекшілігі үйымдастырылған әуеайлақтарда – тәулік бойы жауынгерлік кезекшілік үйымдастырылады.

2. Метеобөлімшенің кезекші есептобы метеорологиялық қатынаста ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты мәселелер бойынша ұшу жетекшісіне (ҰҚЖК) бағынады. Кезекші есептоп кезекші инженер-синоптиктен, кезекші метеомаманнан (метеобақылаушыдан) тұрады.

3. Авиацияның жұмыс жоспарына сәйкес ұшу және ұшып өту кезеңінде ЖДП-да ұшуды қамтамасыз ету тобының құрамына кезекші инженер-синоптик тағайындалады.

4. Метеорологиялық бөлімшенің кезекші инженер-синоптигі метеожағдай бөлімшесі кезекші есебінің жеке құрамына арналған бастық болып табылады. Ол әскери бөлім метеорологиялық қызметінің (бөлімшесінің) бастығына бағынады.

5. Кезекшілікті ауыстыру метеорологиялық қызмет бастығының басшылығымен жергілікті уақыт бойынша сағат 9.00-де жүргізіледі.

6. Кезекшілікті тапсыруши кезекші инженер-синоптик (кезекші метеомаман) баяндайды, ал қабылдаушы мыналарды нақтылайды:

1) орналасу аумағы (ауданы) бойынша және ұшу (ұшып өту) ауданы (маршруттары) бойынша атмосфералық процестердің дамуын және нақты ая арайын;

2) орналасу аумағы, әуеайлақ және ұшу (ұшып өту) ауданы бойынша алдағы күнге (түнге) ая арайы болжамын (дауылды ескертулер);

3) ұшуға метеорологиялық жағдайлардың әсері (ұшуды тоқтату жағдайлары, олардың себептері, авиациялық оқиғалар, өткен ауысымда ұшу нұсқаларының өзгеруі қысқаша қаралады);

4) ұшу және ұшып өту жоспары, ұшу ауданы (маршруттары), олардың ұзақтығы мен бейіні, нақты және күтілетін метеорологиялық жағдайдың жоспарланған ұшуларды орындау үшін қажетті жағдайларға сәйкестігі;

5) алдағы ауысымға ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер, қосымша жұмыс көлемін орындау қажеттілігі;

6) метеоқызмет техникалық құралдарының жай-күйі;

7) басқа метеожағдайлармен, КП, БПРМ және ДПРМ, метеорологиялық радиолокатордың есептерімен өзара әрекеттесудің кемшіліктері мен оң тұстары;

8) байланыс құралдары жұмысының тұрақтылығы.

7. Кезекші инженер-синоптикке ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету сапасын және олардың қауіпсіздігін, метеобөлімшеден шығатын барлық метеорологиялық ақпараттың уақтылығын сақтау, нақты жағдайда берілген (қосымша) тапсырма кезінде белгіленген жұмыс көлемінің нақты орындалуы және күтілетін метеожағдайдың

сәйкестігін сапалы болжай білуді, кезекші есептоптың белгіленген тәртіпті қатаң сақтайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Кезекші инженер-синоптик:

1) командирді, штабты, командалық пункт пен әуе қозғалысын басқару орталықтарының есептоптарын, ұшу басшысын және ұшқыш құрамын әуеайлақ ауданы (оку-жаттығу полигоны, қону аландары), қосалқы әуеайлақтар бойынша метеорологиялық жағдайдың нақты және күтілетін жай-күйі туралы ақпаратпен, сондай-ақ авиация үшін қауіпті аяу райы құбылыстары туралы дауылды ескертулермен және хабарландырулармен қамтамасыз етеді;

2) ұшу ауысымына жоспарланған: ұшу (ұшып өту) ауданын (маршруттарын), уақытын, биіктігін және бейінін; полигондар мен қосалқы әуеайлақтарды; ұшақтарды қайтару шептерін; экипаждың аяу райы минимумдарын және ұшу тапсырмаларын орындау үшін қажетті метеорологиялық жағдайларды зерделейді;

3) кезекші есептоптың жұмысын ауысымға жоспарланған барлық міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететіндей ұйымдастырады. Қажет болған жағдайда метеорологиялық бөлімше үшін белгіленген жұмыс көлемін ұлғайтады;

4) метеорологиялық ақпаратты жинауды, өндөуді, аяу райы карталарына түсіруді, метеоақпараттың барлық негізгі және қосымша көздері мен алу жолдарын ұйымдастырады және оларды жедел пайдалана білуге тиіс;

5) метеорологиялық жағдайды үздіксіз талдайды және олардың әуеайлақ және ұшу ауданы бойынша өзгеруін болжайды;

6) ұшу кезінде КДП-дағы бөлімнің метеоқызмет бастығымен (кезекші инженер-синоптикпен) тұрақты өзара іс-қимылды жүзеге асырады, оған барлық қажетті метеорологиялық ақпаратты береді;

7) күрделі метеорологиялық жағдайларда ұшу кезінде метеорологиялық бақылауларды (өлшеулерді) жиі ұйымдастырады;

8) әуеайлаққа қонатын немесе одан ұшып шығатын басқа ведомстволардың авиация ұшақтарының экипаждарын метеорологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

9) авиация үшін қауіпті аяу райы құбылыстарының пайда болу қаупі (кенеттен пайда болу) кезінде, сондай-ақ метеоэлементтердің шекті мәндеріне және ұшу ауданында, өзінің және қосалқы әуеайлақтарда, полигондарда (қону аландарында) аяу райының қауіпті құбылыстары бар аймақтарға дейін шекті қашықтықтарға жеткен кезде дауылды хабарлау және ескерту жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес лауазымды адамдарға дауылды ескертууді береді (баяндайды);

10) аяу райын радиолокациялық барлау жүргізуге және аяу райын әуеден барлауға арналған тапсырманы әзірлеуге қатысады;

11) мемлекеттік авиациясы бар басқа ведомстволардың метеорологиялық бөлімшелерімен жедел өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

12) КП метеоқызметіне: ауа райын әуеде барлау және ұшу кезеңінде әзірленген дауыл туралы ескертуді, ауа райы болжамын және оларға енгізілген барлық нақтылауды; ауа райын радиолокациялық және әуеде барлау деректерін; нақты және құтілетін метеожағдайдың жоспарланған ұшу тапсырмалары мен ауа райының минимумына сәйкестігі туралы; метеоқызмет техникалық құралдарының көмегімен өлшенген бұлттың төменгі шекарасы биіктігінің және көріну мәніндегі және ұшу екипажы белгілеген басқа да мәселелерді;

13) басқа ведомстволардың метеорологиялық бөлімшелерінің сұрау салуы бойынша нақты ауа райы туралы деректерді және өзінің әуеайлағы бойынша ауа райы болжамын жібереді;

14) бақылауларды жүргізу мерзімдерінің сақталуын, метеорологиялық элементтерді өлшеу дәлдігін және жеделхаттардың белгіленген мекенжайларға және сұрау салулар бойынша уақтылы жіберілуін бақылайды;

15) кезекші есептоптың басшылық құжаттардың талаптарын орындауын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Кезекші метеомаман (метеобақылаушы):

1) тұрақты және инженер-синоптик көрсеткен мерзімдерде метеорологиялық және бақылауларды жүргізеді, оларды өндейді, бақылау нәтижелері бар жеделхаттарды жасайды және оларды белгіленген мерзімде және мекенжайларды, сондай-ақ сұрау салулар бойынша жібереді;

2) кезекші инженер-синоптикке метеожағдайға түсken дауылды хабарландыруларды дереу баяндайды, ұшу және ұшып өту болмаған күндері (демалыс және мереке күндері) метеорологиялық орталықтың аға офицері (аудысым бастығы – аға инженер – синоптик) келісім бойынша дауылды ескерту жазады;

3) ауа райы күнделігін, кіріс және шығыс жеделхаттарының журналдарын және метеорологиялық бөлімшениң басқа да құжаттарын жүргізеді;

4) белгіленген жұмыс көлеміне және қосымша нұсқауларға сәйкес жедел-болжамдық ақпаратты қабылдауды жүзеге асырады;

5) белгіленген жұмыс көлеміне және кезекші инженер-синоптиктің қосымша нұсқауына сәйкес метеорологиялық ақпаратты (ауа райы карталарын, дауыл туралы ескертуді, ауа райы болжамын, жедел-болжамдық ақпаратты қабылдау) КП метеоқызметінен жалпы пайдаланылатын желінің абоненттік пунктінен қабылдайды;

6) ауа райы карталарына метеорологиялық және аэрометриялық деректерді енгізеді;

7) метеорологиялық аспаптардың құрылымын, оларды пайдалану және күтіп ұстасу қағидаларын зерделейді, қарапайым ақауларды табуды және жоюды білуге тиіс;

8) метеобөлімшениң үй-жайларын, метеорологиялық аландарды үлгілі жағдайда ұстайды;

9) келіп түсетін метеоақпараттың сапасы мен толықтығын бақылайды және кезекші инженер-синоптикке кемшіліктер туралы хабарлайды;

10) метеорологиялық аспаптарды жарамды күйде ұстайды, оларға профилактикалық тексеру және ағымдағы жөндеу жүргізе білуге тиіс.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 21.06.2024 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Жылжымалы метеорологиялық станция бастығы:

1) станциядағы метеорологиялық аспаптардың құрылышын, оларды пайдалану және күтіп ұстасу қағидаларын зерделейді, қарапайым ақауларды жояды, станцияда регламенттік жұмыстарды уақтылы жүргізеді;

2) техникалық құжаттаманы уақтылы және дұрыс толтырады;

3) станцияда жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы шаралары қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

4) метеобөлімше бастығының нұсқауы бойынша жеке құраммен станцияны өрістету бойынша жаттықтырулар жүргізеді;

5) белгіленген жұмыс көлеміне және инженер-синоптиктің қосымша нұсқауларына сәйкес аппаратураның ұздіксіз жұмысын; жедел-аяу райы ақпаратын қабылдауды қамтамасыз етеді;

6) өзара ауыстыру тәртібімен механик-жүргізушінің функцияларын орындайды.

11. Аға метеобақылаушы-жүргізуші (аға маман):

1) белгіленген мерзімдерде, оларды журналдарға жазумен сағат сайын метеорологиялық және орнитологиялық бақылауды уақтылы жүргізеді;

2) оған бекітілген автомобиль техникасын мұқият пайдаланады, оны қойылған міндеттерді орындауға жарамды күйде ұстайды;

3) ауарайы карталарына метеорологиялық деректердің негізеді;

4) кезекші синоптикке метеорологиялық жағдайдың өзгерістерін баяндайды;

5) әуеайлақта (көруалаңында) қауіптікәне аса қауіпті құбылыстар туындаған кезде дереу (жеке өзі немесе телефон арқылы) инженер-синоптикке бақылау нәтижелерін баяндайды;

6) инженер-синоптиктің нұсқауы бойынша белгіленген мекенжайларға және сұрау салулар бойынша дауылды хабарлауды береді;

7) қауіпті және аса қауіпті құбылыстардың одан әрі дамуын бақылайды, олардың күшеюі, әлсіреуі, аяқталуы туралы инженер-синоптикке баяндайды және оның нұсқауы бойынша осы құбылыстардың күшеюі, әлсіреуі және аяқталуы туралы хабарламаны

жасайды, журналға жазады және белгіленген мекенжайларға және сұрау салулар бойынша береді;

8) басқа метеобөлімшелерден дауылды хабарлауды алған кезде хабарламаның мазмұнын кіріс жеделхаттары журналына (AB-2) жазады.

9) белгіленген жұмыс көлеміне және қосымша нұсқауларға сәйкес жедел болжамдық ақпаратты қабылдауды жүргізеді;

10) метеорологиялық аспаптардың құрылымын, оларды пайдалану және күтіп ұстаяу қағидаларын зерделейді, қарапайым ақауларды табуды және жоюды білуге тиіс;

11) метеобөлімшениң үй-жайларын, метеорологиялық аландарды үлгілі жағдайда ұстайды;

12) жол жүру қағидаларын зерделейді;

13) техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстарды орындайды;

14) автомобильді арнайы өндеуді жүргізеді;

15) өзіне бекітілген автомобилде қолданылатын жанар-жағармай материалдарының сұрыптары мен нормаларын зерделейді;

16) жанар жағармай материалдарын артық жұмсауға жол бермейді және оларды үнемдеуге қол жеткізуге тиіс;

17) негізгі пайдалану ақауларының себептерін зерделейді, оларды табуды және жоюды білуге тиіс;

18) автомобиль техникасын үлгілі күйде ұстайды және олардың сынуына жол бермейді;

19) өзара ауыстыру тәртібі мен жылжымалы метеорологиялық станция бастығының міндеттерін орындайды.

Ескертпе: нұсқаулық ұшуды метеорологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру және жүзеге асыру ерекшеліктерін және әскери бөлім шешетін басқа да міндеттерді ескере отырып анықталуға және нақтылануға тиіс.

00000 әскери бөлімі метеорологиялық қызметінің (топтың) бастығы

(әскери атағы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)

Қазақстан Республикасы
мемлекеттік авиациясының
ұшуын метеорологиялық қамтамасыз
ету
қағидаларына
2-қосымша
(AB-4) нысаны

№ Даулды ескеरту

2018ж. "—" —

1. Сағат "—"дан сағат "—" дейін.

2. Аудан бойынша (маршрут) —

3. Күтілуде: _____

4. Жасалу уақыты"—" сағ. "—" мин. Құрастыруышының қолы: _____

5. Тапсыру уақыты "12" сағ. "40" мин. Алушының қолы: —

6. Дауылды ескерту жеткізілді

Мекенжайы	Жеткізілген уақыт	Жеткізу тәсілі	Кім берді	Кім қабылдады
Ұшу жетекшісі				
Командир				
Жедел кезекші				
Кезекші авиадиспетчер				
МТҚ батальонының командири				
Командирдің (ИАК жөніндегі) орынбасары				
Байланыс және РТҚ бойынша кезекші				

7. Ауа райының нақты жағдайы: _____

8. Бағалау ақталды. Бағалауды жүргізген адамның қолы: —

Ескеертпе:

AB-4 дауылды ескертулердің бланкісін 5, 8-тармақтарды қоспағанда, метеорологиялық бөлімшениң кезекші инженері толтырады. Бланкілердің нөмірленуі әр айдың 25-күнінен бастап ай сайын жаңартылады.

1-тармақта ауа райының қауіпті құбылысының басталуы мен аяқталуының болжамды уақыты қойылады.

2-тармақта ауа райының болжамды қауіпті құбылышының ауданы (орны) көрсетіледі.

3-тармақта ауа райының болжанатын қауіпті құбылысының немесе құбылыстардың үйлесімділігінің пайда болуына, олардың түрі мен қарқындылығына немен байланысты екендігі көрсетіледі.

4-тармақта дауылды ескерту жасалған уақыт, жасаған адамның әскери атағы, қолы мен тегі қойылады.

5-тармақта дауылды ескерту тапсырылатын лауазымды адам толтырады (әскери атағы, қолы және тегі).

6-тармақ дауылды ескерту схемасына сәйкес, беру уақыты, тәсілі, дауылды ескерту берген және қабылдаған адамның тегі көрсетіле отырып толтырылады.

7-тармақ 1-тармақта көрсетілген уақыт ішіндеңгі аяу-райының нақты жағдайы көрсетіледі.

8-тармақты метеорологиялық бөлімшенің бастығы немесе ұшу басшысы толтырады (ұшуды жүргізу кезінде жазылған дауылды ескертулер үшін).

Қазақстан Республикасы
мемлекеттік авиациясының
ұшын метеорологиялық қамтамасызы
ету
қагидаларына
3-қосымша
АВ-21 нысанды

Дауылды ескертулердегі аяға райы болжамдарын талдау журналы (улгі)

P/c №	Болжам жасалған күн (ШП)	Бастапқы тізбесі	Нақты ауа райы, ақталмаған метеоэлементтер немесе ауа раяйы күбылыштары	Болжам мәтіні (ДЕ))	Синоптикалық жағдайды және ақталмаған ауа райы болжамы дауылды ескерту) себептерінің қысқаша мазмұндалуы	Метео қызмет (бастығының ескертлері
1						
2						
3						
4						
5						
6						
7						
8						
9						
10						
11						
12						
13						
14						
15						
16						
17						
18						
19						
20						
21						
22						
23						
24						
25						
26						
27						
28						
29						
30						
31						
32						
33						
34						
35						
36						
37						
38						
39						
40						
41						
42						
43						
44						
45						
46						
47						
48						
49						
50						
51						
52						
53						
54						
55						
56						
57						
58						
59						
60						
61						
62						
63						
64						
65						
66						
67						
68						
69						
70						
71						
72						
73						
74						
75						
76						
77						
78						
79						
80						
81						
82						
83						
84						
85						
86						
87						
88						
89						
90						
91						
92						
93						
94						
95						
96						
97						
98						
99						
100						

Болжам (дауылды ескерту) әзірлеген адамның тегі

Қазақстан Республикасы
мемлекеттік авиациясының
ұшын метеорологиялық қамтамасыз

ету
қағидаларына
4-қосымша
АВ-13 нысаны

Жылы жартыжылдық ауа райының қауіпті құбылыстарын болжау журналы (Үлгі)

Н
а
й
за
ф
ай
к
е
з
ін
д
Б
ег
и
р
м
ш
а
к
с
и
м
а
л
д
ы
ж
е
л

T	T	T	б									
m	*	6	о	н								
a	6	Δ	л	а	Δ	H	H	Δ	Δ	T	б	о
k	0	0	T	ж	кт	T	T	T	T	d	л	а
c	0	0	a	ы	K	0	K	1	2	s	ж	кт
			m					r		m		

К

о
н
в
е
к
т
и
в
т
и
б
ұ
л
тт
ы
л
ы
қ

T		T	N									
m	T	m	K									
a	0-	a	б									
Ч	1	к	о	н								
c-	-	c-	л	а								
			кт	л								
			ы	ж								

T	T	T	ж	а	кт
0	d	d	a	m	y
0					

Қазақстан Республикасы
мемлекеттік авиациясының
ұшуын метеорологиялық қамтамасыз
ету
қағидаларына
5-қосымша

Әуеайлақта, полигонда және десанттау алаңында табиғи жарық түсү жағдайларының кестесі
20_ жылғы _____ (үлгі) координаталары 51.01. с.е. және 71.28. ш.б. пункт үшін_____ (
Батыс Сібір қысқы уақыты)

Саны	Күннің шығуы	Күннің батуы	Таң	Қарандыл ық	Саны	Күннің шығуы	Күннің батуы	Таң	Қарандыл ық
1					17				
2					18				
3					19				
4					20				
5					21				
6					22				
7					23				
8					24				
9					25				
10					26				
11					27				
12					28				
13					29				
14					30				
15					31				
16									

Қазақстан Республикасы
мемлекеттік авиациясының
ұшуын метеорологиялық қамтамасыз
ету
қағидаларына
6-қосымша

Aya райы құнделігі Aya райы құнделігін толтыру жөнінде нұсқаулар

1. Ая райы болжамы, жел, ая температурасы, ылғалдылық термометрдің температурасы, шық нүктесі, ылғалдылық, ұшып-қону жолағы деңгейінің қысымы, баро тенденсиясының көлемі мен мінезі және қосымша мәліметтер бағдарын толтыру - журналдың пішініне байланысты өндіріледі.

2. Ая райы болжамы бағанында мынадай екі термин қолданылады: "ақталды" және "ақталмады" (сөздер толық жазылады).

3. Күнделік жергілікті уақыт бойынша жүргізіледі, күн тәртібі сол уақыт бойынша белгіленген. Егер жергілікті уақыт астана уақытымен сәйкес келмесе, соңғысы жақшаның ішіне жазылады.

4. "Бұлттылық" бағанында:

бұлттың саны бөлшекте балмен жазылады, алымында - жалпы бұлттылық, бөлімінде - төменгі бұлттылық жазылады;

бұлттың пішіні латын әліпбі әрітерімен жазылады;

бұлттың биіктігінің шамалары 2000 м дейін метрмен, 2000 м-ден жоғары болғанда - км-мен жазылады, бұлтар жоғарғы шегінің биіктігі егер ол ұшақ немесе радиолокатор арқылы айқындалған жағдайларда ғана көрсетіледі;

бұлттың биіктігін өлшеу тәсілі мынадай символдармен белгіленеді: ЖЛ - жарық локаторы, Ұ - ұшақ, РЛ - радиолокатор, ШП - шарпилот, КШ - көзбен шолу.

5. Көлденең көріну мынадай болып белгіленеді: 2000 м дейін метрмен, 2 - 4 км дейін - километрмен ондық бөлігімен, 4 км көп - бүтін километрмен көрсетіледі.

6. Көріністі анықтау тәсілдері мынадай символдармен белгіленеді: АТ - анықтығын тіркеғіш, КБ - күндізгі бағдар алулар бойынша, ТБ - тұнгі бағдар алулар бойынша.

7. "Аяа райының қауіпті құбылыстары мен күрт өзгерістері" деген бағанда құбылыстың түрі, оның қарқындылығының деңгейі мынадай шартты белгілермен жазылады: төмен - 0, қатты - 2.

8. "Бұлтардың биіктігі: экипаж деректері бойынша, ЖҚРМ және АҚРМ аспаптар бойынша", сондай-ақ "Қонуға беттеу кезінде бағдардың көрінуі" деген бағандар ұшулар кезінде толтырылады, ал "ЖҚРМ және АҚРМ аспаптары бойынша бұлтардың биіктігі" бағанында әуежай қосалқы болып табылатын күрделі метеожағдайларда да толтырылады. Бұл бағандарға сағат сайынғы бақылауларға жақын (15 минут) мерзімдегі деректер енгізіледі.

9. "Аяа райы күрделілігінің деңгейі" бағанында мынадай күрделілік деңгейлері үшін аралығы үш сағат уақыт бойынша метеожағдайдың ұшуға жарамдылығы бағаланады:

ұшырылмайтын метеожағдай - ҰМ (әуеайлақ минимумынан төмен аяа райы), аяа райы минимумы - АМ, күрделі - КМЖ, қарапайым метеожағдай - ҚМЖ. Аяа райы күрделілігінің деңгейі мынадай штрихпен белгіленеді: ҰМ - қызыл, АМ - сары, КМЖ - көк және ҚМЖ - жасыл түстермен.

10. "Қосымша мәліметтер" бағанында, "ҰҚЖ топырағының жай-күйі" бөлігінде:

ҰҚЖ үшін: ылғал - "ылғ", қар - "қар", көктайғақ - "ктақ";

ҰҚЖ топырағы үшін: су сінген - "сс", қар басқан топырақ - "қ.б.", шаң, құм - "ш.қ." Ескертпе:

"Аяа райы болжамы" және "Аяа райы күрделілігінің деңгейі" деген бағандарды кезекші инженер-синоптик, "Аяа райы болжамын бағалай" бағанын метеобөлімше бастығы, қалған бағандарды кезекші кіші метеомаман толтырады.

"Күнделікті жүргізген" деген қатарда күнделікті толтырған кезекші кіші метеомаманның тегі (анық), кезекшілік кезеңі көрсетіледі. Мысалы: 09.00 - 15.00 Петров, 16.00 - 23.00 Сидоров.

AB-6 нысаны

Аяа райы болжамын бағалаған

Күнделікті жүргізген

Қосымша мәліметтер	
Температура	
Макс.	_____
Мин.	_____
Орт.	_____
Қар қалындығының биіктігі	
07 сағ.	_____ мм.
ҰКЖ топырағының жағдайы	
<hr/>	
Күнделікті жүргізген	_____

Қазақстан Республикасы
мемлекеттік авиациясының
ұшын метеорологиялық қамтамасызы
ету
қағидаларына
7-косымша

Ауа райы бюллетенінің мазмұны және ресімдеу тәртібі (Ұлғі)

Ауа райы болжамының бюллетенін ұшуды жүзеге асыруды қамтамасыз етуші бөлімнің метеорологиялық қызметінің (топтық) бастығы (кезекші метео-маманы, кезекші инженер-синоптик) толтырады. Толтыру барысында ол басшылық тәртіптерге негізделіп:

1) ауа райының бюллетен бланкісінде метеорологиялық қызметті нақты көрсетуші жеке құрамның әскери бөлімнің шартты аталу көрсетіледі;

2) уақыт белдеулерін қын ететін ұшу барысында гринвич уақыты көретіледі, ал басқа кезде жергілікті көрсетіледі;

3) "Маршрут бойынша (аудан)" тарауында әуеайлақтың ұшулар "әуеайлақ" деп жазылады және әуеайлақтың нақты я болмаса баламалы атауы көрсетіледі, маршруттың ұшулар барысында ұшуды жүзеге асыруши әуеайлақтың атауы көрсетіледі, қажет болған жағдайда аралықтағы әуеайлақтың (пункттердің) орналасу маршруты да көрсетіледі;

4) "Ұшуды басқарушы (әуе кемесін жіберу және қабылдау жөніндегі кезекші, экипаж командирі)" тарауында ұшуды басқарушының (Әуе кемесін жіберу және қабылдау жөніндегі кезекші, экипаж командирінің) әскери атағы және тегі анық жазылып, көрсетіледі;

5) "Ұшу басталуына жарамды бюллетенінде" "дейін" сөзінен соң ұшу кезеңінің жоспарлы уақыты қойылады, ал "кейін" сөзінен соң ұшу кезеңінің аяқталу уақыты көрсетіледі. Әуеайлақтан тыс ұшу барысында "дейін" сөзінен соң ұшуға арналған жоспарлы уақыттан 1 сағат қосымша уақыт көрсетіледі.

Жауынгерлік кезекшілікті метеорологиялық қамтамасыз ету барысында "Ұшудың басталуына жарамды бюллетен" тарауында жауынгерлік кезекшілік атқару 6 сағаттық кезеңде көрсетіледі. Ұшу ауысымының басталуы ауысқан жағдайда я болмаса 1 сағаттан асқан уақытқа ауысқан кезінде ауа-райы бюллетені жаңадан толтырылады.

6) 1-тарауда "Ұшу пунктінде ұшу-қону жолағы мөлшерінің қысымы" атмосфера қысымының с.б.б көрсеткіші ұшуға арналған уақыттың жақын мерзімі 1 сағаттан кем емес уақытқа көрсетіледі.

7) "Теңіз деңгейіне келтірілген, маршрут бойынша миниималды қысымы" тарауында маршруттағы ұшу (ұшуға) теңіз деңгейіне келтірілген атмосфералық қысымы және барикалық тенденция бойынша сынап бағанасының с.б.б ондық бөлшегінде аз және шектеулі аз биіктіктеңі саны көрсетіледі.

8) 2-тарауда "Маршрут бойынша ұшу пунктінде нақты ауа райы, маршрут бойынша және қону пунктінде" ұшыру әуеайлағының ауа райы бюллетенін толтыру уақытымен жақын уақытқа қоса (бюллетен мерзімінің басталуынан 1 сағаттан кем емес уақытқа),

қону әуеайлағы мен артықтық ұзақтығы (бюллетен үақытының күшіне енү үақыты) аудандықта 1 сағаттан кем емес, аумақтықта 1,5 сағаттан аспайтын және аумак аралық ұшу кезінде 2 сағаттан аспауы қажет.

9) 3-тарауда "Биіктікегі желдердің нақтылығы" ұшуға арналған (ұшу маршруттарына) жақын пункттеріне аэрологиялық бақылаудың (радиозондтардың) ұшуға арналған үақыттың жақын мерзімі жазылады.

10) 4 "Маршрут (аудан) бойынша ауа райы" тарауында әуеайлақ ауданының ауа райының әсер ету үақыты, ұшу кезеңінің (әуеайлақтан тыс ұшып өту) жоспарлық аяқталу үақытынан 1 сағаттан аспайтын кезеңге көрсетіледі, 3 сағаттан аспайтын ұзақтыққа және 2 сағаттан аспайтын үлкен ұзақтыққа ауа райының әсер ету үақыты көрсетіліп жазылады.

11) 5 "Маршрут (аудан) бойынша орнитологиялық жағдай" және "Қону ауданындағы орнитологиялық жағдай" тарауында көрсетілген ауа райы үақытындағы орнитологиялық жағдайдың үақыты көрсетіліп жазылады.

